

Табиғи монополия саласына жататын, ұсынылатын қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған үлгі шарттарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1194 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 148 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығын қараңыз.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополия саласына жататын, ұсынылатын қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған үлгі шарттар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 28 қарашадағы
N 1194 қаулысымен
бекітілген

Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған үлгі шарт

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

200__жылғы " __ " _____

_____ (шарттың жасалатын орны)

Бұдан әрі Орындаушы деп аталатын электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді беретін _____

_____ а т ы н а н

(қызметті ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берген күні мен орган) _____ негізінде

әрекет ететін _____

(лауазымы, аты - жөні)

бір тараптан және бұдан әрі Тапсырысшы деп аталатын _____

_____ а т ы н а н

(пайдаланушының деректемелері құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берген күні мен орган.) _____

_____ негізінде әрекет ететін _____

(лауазымы, аты - жөні)

екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта қолданылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

электр энергиясының/электр энергияның шартты көлемі - техникалық диспетчерлендіруге жататын электр энергиясының көлемі;

өтінім - Тапсырысшының уәкілетті өкілі қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Орындаушыға жолданатын, электр энергиясының көлемі, электр энергиясын беру уақытының кезеңі, осы кезең ішінде қуаты жөніндегі көлемді бөлу туралы ақпаратты қамтитын жазбаша құжат. Өтінім айлық, тәуліктік және жедел болуы мүмкін;

электр энергиясының нормативтік сапасы - Шартты орындау сәтінде бекітілген талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін электр энергиясының сапасы;

коммерциялық есептеу құралы - заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген электр энергиясын коммерциялық есептеуге арналған техникалық құрылғы;

электр қуаты резервтерінің ПУЛ-ы (бұдан әрі - ЭҚР ПУЛ) - генераторлар мен электр беру желілері күтпеген жерде істен шыққан жағдайда тұтынушыларды энергиямен үздіксіз қамтамасыз ету үшін электр қуатының қажетті көлемін, құрылымын қалыптастыру және резервтерін орналастыру мақсатында электр станцияларымен және жекелеген көтерме тұтынушылармен ерікті негізде құрылған коммерциялық емес ұйым;

есепті кезең - Шартта техникалық диспетчерлеу бойынша Орындаушы қызметімен есеп айырысу жүргізілетін, бір күнтізбелік айға тең бірінші күннің 00-00 сағатынан бастап айдың соңғы күнінің 24-00 сағатына дейінгі уақыт кезеңі ретінде Шартта белгіленген кезең;

реттеуші орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

рыноктық оператор - электр энергиясын өндіру және тұтыну режимдерін коммерциялық диспетчерлеуді жүзеге асыратын ұйым;

электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тәуліктік кестесі - электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату және электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарықтарындағы көтерме нарықтың қатысушыларымен жасасқан электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі шарттарға сәйкес әрбір күнтізбелік тәулікте электр энергиясын өндіру мен тұтынудың сағат сайынғы шамасын регламенттейтін жүйелік оператор бекіткен құжат;

техникалық диспетчерлендіру - Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде (бұдан әрі - ҚР БЭЭЖ) электр энергиясын өндіру және тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқарудан тұратын Орындаушы көрсететін қызмет;

техникалық оператор - жасалған шарттарға, қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдер мен нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдерін жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыратын ұйым;

іс жүзіндегі теңгерім - есеп айырысу кезеңінде осы рынок субъектілері электр энергиясының көтерме рыногында өндірген, жеткізген және тұтынған электр энергиясының көлемін атаулы бөлуді белгілейтін құжат;

нақты көлемі - желілердің тиесілілігіне қарамастан, кернеулердің барлық сыныптарының желісіне (желілері арқылы), оның ішінде Тапсырысшының желісіне Тапсырысшы берген (импорттайтын) электр энергиясының көлемі;

уәкілетті орган - электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

орталық диспетчерлік басқару (бұдан әрі - ОДБ) - электр энергиясын беру жүйелерін теңгеруді, оның сенімділігін қамтамасыз ету мен сапасын қамтамасыз

етуді қоса алғанда, ҚР БЭЭЖ пайдалануға жауап беретін техникалық оператордың өңірлік бөлімшелерімен бірге құрылымдық бөлімшесі;

электр желілері - Орындаушыға да және/немесе Тапсырысшыға да, сондай-ақ үшінші тұлғаларға да меншік құқығында, заттық құқықта немесе заңда белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі электр энергиясын беруге және/немесе бөлуге арналған кіші станциялардың, бөлуші құрылғылардың және біріктіруші электр желілерінің жиынтығы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 , 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

2. Шарттың мәні

2. Орындаушы желіге электр энергиясын беруді техникалық диспетчерлеуді және Тапсырысшының энергоқұрылғыларының қосарлас жұмысын ҚР БЭЭЖ құрамында қамтамасыз етеді.

3. Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары:

(осы тармақта нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес

келуге тиіс Шарттың мәнінің техникалық талаптары мен сипаттамалары көзделеді)

4. Тапсырысшы Орындаушының техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерін Шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен төлеуге міндеттенеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

3. Техникалық диспетчерлендіруді қамтамасыз ету талаптары

5. Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес көрсетіледі.

6. Техникалық диспетчерлендіру режиміне заңнамада белгіленген тәртіппен техникалық оператормен келісілген және рыноктық оператор бекіткен Тапсырысшының электр қондырғысынан электр энергиясын беретін тәуліктік кесте жатады. <*>

7. Электр энергиясын өндіру мен тұтынудың тәуліктік кестесін Тапсырысшы тұтынушылардың келісілген тәуліктік өтінімдері негізінде түзетулерді ескере отырып, оның тұтынушылармен жасалған тікелей шарттары негізінде жасайды.

8. Электр қуаты маңызының жол берілген ауытқуы Тапсырысшы мен Орындаушы арасындағы қуатты реттеуге арналған жекелеген шартқа сәйкес белгіленеді. Қуатты реттеу жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт болмаған кезде жол берілген ауытқулар нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес белгіленеді. Егер Тапсырысшы жол берілген ауытқуды бекітілген тәуліктік кестеден жоғарылатқан жағдайда, Орындаушының алдын ала ескертуден кейін Тапсырысшының тұтыну және/немесе генерация режимін тәуліктік кестеде мәлімделген мәнге дейін өзгертуге құқығы бар.

Ескерту. 6, 8-тармақтарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

4. Берілетін электр энергиясының есебі

9. Тапсырысшы берген электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі бірінші күннің 00-00 сағатынан бастап есепті кезеңнің соңғы айының 24 сағатына дейін Тапсырысшы мен электр желілері иелерінің пайдалану жауапкершілігі бөлімінің шекарасында белгіленген коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша есептіден кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерін салыстыру актісін тараптардың қол қ о ю ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

10. Электр энергиясын берудің шартты шамасының айлық көлемі бойынша түзетуді тараптар айдың басталуына дейін он күннен кешіктірмей жедел келіседі. Айлық көлемге түзетуге техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтердің шартты тоқсандық көлемінің шегінде ғана рұқсат етіледі.

Электр энергиясын берудің, желіге берудің және тұтынудың шартты шамасының тоқсандық көлемі бойынша ұсыныстарды тараптар тоқсанның басталуына дейін алпыс күннен кешіктірмей жедел келіседі.

11. Коммерциялық есептеу құралдары тексерілуге және оларға пломба салынуға тиіс. Тараптар бір-біріне тәуліктің жұмыс сағаты ішінде көрсеткіштерді алу, тексеру және сынап көру мақсатында рұқсат беруі тиіс. Егер көрсеткіштері алған кезде тараптардың біреуі болмаса, онда екінші тарапқа көрсеткіштерді өз бетімен алуға рұқсат етіледі.

12. Тараптар олардың теңгеріміндегі есептеуіштерге және басқа да өлшеуіш құралдарына метрологиялық тексерулерді өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде жүргізеді.

Тараптар талап етуші Тарап есебінен жүргізілетін қосымша тексеріс

жүргізуді талап ете алады.

Егер қосымша тексеру кезінде есептеуіштердің көрсеткіші олардың дәлдік сыныбымен жіберілген қателіктен жоғары болса, онда қосымша тексеру бойынша шығындарды құралдардың иесі төлейді.

13. Электр энергиясы есебінің өзгеруімен немесе бұзылуымен байланысты жұмыстардың кез келген түрін жүргізген кезде Тапсырысшы жұмысты бастаудан бұрын ол туралы Орындаушыға жазбаша түрде хабарлауға және тиісті рұқсат алуға міндетті. Тапсырысшының жөндеуді жүргізген кезеңінде электр энергиясын есептеу Орындаушымен келісілген уақытша сызба бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

14. Орындаушының шарттық талаптар бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтатуға құқығы бар.

15. Орындаушы:

1) электр энергиясын көтерме рыноктың барлық қатысушыларына тең жағдайда ұсынуға;

2) тарифтерді белгілеу бөлігінде электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көрсету шарттарын жасасу кезінде реттеуші органның шешімдерін басшылыққа алуға;

3) электр энергиясын желіге беруде және тұтытуда техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көрсетуді, тоқтатуда немесе шектеуде шартта белгіленбеген үзілістерді жібермеуге міндетті.

16. Тапсырысшы:

1) тоқ қабылдаушының және коммерциялық есептеу құралдарының тиесілі техникалық жағдайын ұстауға, нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленетін техникалық жағдайға қойылатын талаптарды орындауға;

2) электр энергиясын желіге берудің және тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесін сақтауға;

3) электр энергиясының стандартты жиілігін бірыңғай электр энергиясының жүйесінде ұстауға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) <*>

5) Орындаушының қызметкерлерін, сондай-ақ Мемэнергияқадағалау қызметкерлерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес энергия құрылғылардың техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асыру және пайдалану қауіпсіздігі үшін коммерциялық есептеу құралдарына жіберуге м і н д е т т і .

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

17. Орындаушыға қойылатын талаптар:

1) Тапсырысшымен келісім бойынша есепті кезең қорытындылары бойынша электр энергиясын желіге берудің және тұтынудың шартты шамасын сақтаған кезде Тапсырысшы жұмысының бекітілген тәуліктік режимін өзгерту;

2) Тапсырысшының генерацияланатын қуаты төмендеген (жоғалған) немесе басқа жеткізушілермен Тапсырысшы атына электр энергиясын жіберу төмендеген кезде Тапсырысшы тізім бойынша желіге берудің төмендеу шамасына оны тұтынатындарға шектеу енгізу. Тізім болмаған жағдайда алдын ала ескертуден кейін жиырма минут өткен соң өзінің қалауы бойынша оның тұтынушыларын шектеуді жүргізеді. Егер Тапсырысшы ЭҚР ПУЛ-ге қатысушы болып табылса немесе Тапсырысшы қуатты басқа генерация көзінен ауыстыруды қамтамасыз етсе және жеткізушілермен резервтік қуат тек іс жүзінде көтерілген жағдайда тұтынушыларға шектеу енгізілмейді;

3) Тапсырысшы жедел түзетулер мен басқа да іс жүзіндегі ауытқуларға арналған қолданыстағы шартты құқықтарын ескере отырып, бекітілген тәуліктік кестені орындамаған кезде желіге берудің төмендету шамасына Тапсырысшы тізімі бойынша оның тұтынушыларына шектеу енгізу. Тізім болмаған жағдайда алдын ала ескертуден кейін жиырма минут өткен соң өзінің қалауы бойынша оның тұтынушыларын шектеуді жүргізеді;

4) Тапсырысшы Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындамаған кезде Тапсырысшыға кемінде 72 сағат бұрын алдын ала хабарлап, техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызмет көрсетуі тоқтата тұру не тоқтату. Бұл ретте техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді тоқтату Тапсырысшының Шарт талаптарын орындағанға дейін Тапсырысшының энергия көзін оқшауланған жұмысқа бөлу арқылы іске асуы мүмкін, бұл ретте Орындаушы қызмет көрсетуді тоқтатудың мүмкін болатын салдарына жауапкершілік жүктемейді;

5) Тапсырысшы тұтынушылары мен үшінші тарап тұтынушыларына шектеу енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін Тапсырысшының электр

станциялары мен кіші станцияларының электр бөлуші құрылғыларын қосуды жүргізу.

18. Тапсырысшыға қойылатын талаптар:

- 1) Орындаушыдан осы Шарт бойынша міндеттерін орындауды талап ету;
- 2) Орындаушының іс-қимылын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дауласу.

19. Орындаушы:

1) ҚР БЭЭЖ құрамында Тапсырысшының қосарлы жұмысының сенімділігін, соның ішінде Тапсырысшы мен үшінші тұлға объектілерінде аварияға қарсы басқару құралдары есебінен қамтамасыз етуге;

2) өтінімдерге техникалық өңдеулерді жүзеге асыруға және алғашқы жабдықтарды, релелік қорғау құрылғылары мен автоматиканы, сондай-ақ жедел басқару мен ОДБ қарамағындағы Тапсырысшының диспетчерлік-технологиялық басқару құралдарының аварияға қарсы автоматикасын жөндеуге шығару үшін жағдай жасауға және жөндеу жұмыстарын жүргізуде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге немесе Тапсырысшы объектілерінде сынақтар жүргізу үшін электр желілерінде қажетті қосуды жүргізуге;

3) Тапсырысшыға электр энергиясын бергені үшін төлем болмаған немесе уақтылы ақы төлемеген кезде Тапсырысшының өтінімін орындауға. Бұл ретте Тапсырысшының өтінім беру мерзімі шектеуді енгізгенге дейін кемінде төрт тәуліктен кем болмауға тиіс. Тұтынушыларды заңсыз шектеуге жауапкершілікті Тапсырысшы жүктейді;

4) Тапсырысшының энергия көзінің (электр станциясының) қуатын энергия көздерінің (электр станцияларының) өз мұқтаждарын жоғалтып, нөлге дейін толық берген кезде өз мұқтаждарын қуаттандыруды қалпына келтіру үшін Тапсырысшының энергия көздері шынына кернеу беруді жүзеге асыруға;

5) Тапсырысшының энергия көзі жабдықтарының қалыпты жұмыс режимінің бұзылуына әкелген ҚР БЭЭЖ қалыпты режимінің бұзылу себептері туралы Тапсырысшыға уақтылы хабарлауға;

6) Тапсырысшыға қажетті технологиялық ақпарат беретін тораптардың және кіші станциялардың сипаттамасы мен сызбасын, Шарт талаптарын орындауға тікелей жауапты және жедел келіссөз жүргізуге құқы бар тұлғалар тізімін ұсынуға;

7) Тапсырысшы өкілдерінің Орындаушының Шарт талаптарын орындағаны туралы толық ақпаратты алу үшін қол жетімділігінің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

8) диспетчерлік-техникалық тәртіпті сақтауға, Тапсырысшының энергия көзі жұмысының режимін бұзуға әкелуі мүмкін іс-қимылдарды болдырмауға,

нормативтік құжаттардың, нұсқаулардың талаптарын орындауға, өзінің іс-қимылымен Тапсырысшының коммерциялық қызметіне зиян келтірмеуге;

9) Тапсырысшыға оның өтінімі бойынша тәуліктік кестеге қажетті жедел түзетулерді келісуге. Осындай түзетулерді келісуден негізсіз бас тартуды болдырмауға;

10) Тапсырысшыға Орындаушының желілеріне тікелей қосылған оның тіке тұтынушыларымен тұтынылған көлемі жөніндегі күн сайынғы ақпаратты ұсынуға;

11) Орындаушының жедел басқаруындағы және қарамағындағы 110-220-500-1150 киловольт желісіндегі есептерді жүргізуге және тұрақтылық пен аварияға қарсы басқару мәселесін пысықтауға;

12) автоматикалық жиілік жүктемесінің кестесін беруге;

13) Орындаушының электр энергиясы объектілеріндегі жиілік және кернеудің талап етілген деңгейін нормативтік-техникалық кесімдер мен стандарттарға сәйкес қалыпты режимде ұстауға;

14) Орындаушының бақылау нүктелерінде кернеу кестелерін тоқсанына бір реттен жиі емес беруге;

15) Орындаушының жедел басқаруындағы және қарамағындағы электржелілік және электр энергиясы жабдықтарына, релелік қорғау, автоматика мен аварияға қарсы автоматика құрылғыларына күрделі және ағымдағы жөндеудің жылдық және айлық кестесін қарауға және келісуге;

16) Орындаушының жедел басқаруындағы және қарамағындағы релелік қорғау, автоматика мен аварияға қарсы автоматика құрылғылары үшін қажетті есептерді орындауға және оларды орнатуды, әзірлеуді немесе олардың қағидатты (құрылымдық) сызбаларын келісуге міндетті.

2 0 . Т а п с ы р ы с ш ы :

1) электр энергиясын беруге және/немесе тұтынуға жасалған шарттар негізінде ОДБ-ға тәуліктік кестені орындайтын күннің алдындағы күннің 10-00 сағатына дейінгі жүктелімді жүргізудің сағаттық кестесін ұсынуға;

2) ОДБ электр жүктелімінің диспетчерлік реттеу жөніндегі талаптарын орындауға және белгіленген тәртіппен ресімделген электр жүктелімінің тәуліктік кестесін сөзсіз орындауға қабылдауға;

3) электр энергиясының көлеміне және тұтынылатын қуат кестесіне жедел түзетулер енгізу қажет болған кезде Тапсырысшы ағымдағы тәулік ішінде барлық жедел түзетулерді алдын ала Орындаушымен келісуге міндеттенеді. Тапсырысшы Орындаушының келісімін алғаннан кейін ғана ағымдағы режимге жедел түзету жүргізеді. Орындаушымен келісілмей режимге жедел түзету жүргізу жөніндегі жауапкершілікті Тапсырысшы жүктейді;

4) қажетті көлемде электр энергиясы мен қуатын есептеуді қамтамасыз етуге;

5) Тапсырысшының желіге беру жөніндегі телеметриялық ақпаратты ОДБ-ға беруді ұйымдастыруға;

6) БЭЭЖ ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және тәуліктік режимдерін жоспарлау үшін салалық нұсқаулықтармен көзделген ақпаратты, оның көлемін және түсу мерзімін ОДБ-ға беруге;

7) күн сайын 10-00 сағатқа дейін ОДБ-ға өткен тәулікте берілген электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі туралы ақпаратты беруге;

8) Орындаушының талабы бойынша қысқы және жазғы жұмыс күндеріне тән белсенді және реактивті қуат генерациясы бойынша өлшеу нәтижелерін ұсынуға;

9) әрбір күнтізбелік жылдың қаңтарында ОДБ-ға қажетті технологиялық ақпаратты, электр станцияларының сипаты мен сызбасын, байланыс арналары мен телемеханика ұйымдарының релелік қорғау мен автоматика және аварияға қарсы автоматика құрылғыларының атқарушы сызбаларын, жедел қосу және келіссөздер жүргізуге құқығы бар тұлғалар тізімін, сондай-ақ байланыс, телемеханика, релелік қорғау мен автоматика және аварияға қарсы автоматика құралдарын пайдалануға жауапты тұлғалар тізімін ұсынуға. Олардың өзгерістері туралы уақтылы хабарлауға;

10) диспетчерлік-технологиялық тәртіпті сақтауға, энергия бірлестіктерінің жұмыс режимін бұзуға әкелуі мүмкін іс-қимылдарды болдырмауға, директивті құжаттар, өзара қарым-қатынастар туралы нұсқаулар мен ереже талаптарын орындауға, өзінің Орындаушымен келісілмеген іс-қимылдарымен энергия рыногының басқа субъектілеріне зиян келтірмеуге;

11) салалық нұсқаулықтарға сәйкес жұмыс режимінің барлық бұзушылықтары, стихиялық құбылыстар және қайғылы оқиғалар туралы ОДБ-ға жедел және толық хабарлауға;

12) өзінің алғашқы жабдықтарын қалыпты пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге (жөндеу және реттеу жұмыстарын уақтылы жүргізу) және ОДБ берген релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика, автоматикалық жиілік жүктелімі құрылғыларының сипаттамасын, көлемін және орнатуды орындауға;

13) диспетчерлік басқару мақсаты үшін қажетті келісілген хаттамалар бойынша телеметриялық ақпарат көлемін беруді қамтамасыз етуге. Телеметриялық ақпарат көлемін ОДБ айқындайды;

14) жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру үшін жалға алынған байланыс арнасын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

15) жедел ақпараттық кешеннің және бағдарламалық-техникалық кешеннің бірыңғай энергетикалық компьютерлік телекоммуникация желісі құрамындағы ақпаратты алмасу жөніндегі жұмысты қамтамасыз етуге міндетті.

21. Орындаушы өзінің өкілеттіктерін жоғарылатқан немесе оның тарапынан заңсыз іс-қимыл жасаған жағдайда Тапсырысшыға келтірген зиянның, Тапсырысшының Шарт талаптарын толық орындаған жағдайда ғана орнын толтыруды қамтамасыз етуге міндетті.

22. Тараптар тоқсан сайын, тоқсанның соңғы күнгі жағдайы бойынша келіспеушіліктерді көрсетіп немесе оларсыз өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне алған күнінен бастап он бес күн ішінде қол қоюға міндетті.

Ескерту. 17,19,20-тармақтарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

7. Есеп айырысу тәртібі

23. Орындаушының техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуі реттеуші орган бекіткен тарифке сәйкес жүргізіледі.

24. Тариф өзгерген жағдайда Орындаушы жазбаша немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұл туралы ол қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей Тапсырысшыға хабарлама береді.

Түпкілікті есеп айырысуды Тапсырысшы Орындаушының көрсетілген қызметтердің көлемін салыстыру актісінің негізінде төлемге ұсынылған шот-фактурасын іс жүзінде берген сәттен бастап бес банктік күн ішінде жүргізеді

< * >

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

25. Егер бір тарап коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерін салыстыру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, іс жүзіндегі теңгерім көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемін растайтын құжат болып табылады.

26. Өткен кезеңдер үшін берешек болған кезде, бірінші кезекте төлем осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тапсырысшы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде есептеледі (не тараптардың келісімі бойынша Орындаушының алдындағы Тапсырысшының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса). Егер Тапсырысшы Орындаушының келесі есеп айырысу кезеңіне қызметінен бас

тартса, Тапсырысшының өзге, оның ішінде Орындаушының алдындағы (егер осындай болса) ақша міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге жұмсалған соманы қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

27. Егер Тапсырысшы ұсынылған шоттың дұрыстығына дауласса, ол Орындаушыны осы шотты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде хабардар етеді және Тапсырысшыға қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте Тапсырысшы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шоттың дауласпаған бөлігін төлеуге міндетті.

28. Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі Орындаушының қызметіне ақы төлеу жөнінде Тапсырысшының міндеттемелерін орындау шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Орындаушының ағымдағы шотына немесе Тапсырысшыға жіберілген хабарламада Орындаушы көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша есептеу болып танылады.

29. Егер бақылау-өлшеу құралдарының ақаулығының салдарынан шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда және басқа жағдайларда, Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

30. Тараптардың келісімі бойынша электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерге ақы төлеудің өзге де тәртібі мен нысаны белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 24,25,28,30-тармақтарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

8. Тараптардың жауапкершілігі

31. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктейді.

32. Шот бойынша төлем мерзімі келген сәтте оны төлемегені үшін, Орындаушы Тапсырысшы төлемеген сомалар бойынша төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Орындаушы төлемнің әрбір мерзімі өткен күн үшін Тапсырысшы ақшалай міндеттемесін нақты орындаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 1,5 есе қайта қаржыландыру ставкасына сүйене отырып, есептелген тұрақсыздық төлеуді талап етуге құқылы.

33. Төлемдерді осы Шартта көзделген мерзімдерде төлемеген кезде Орындаушы 17-тармақтың 4) тармақшасына сәйкес бұл туралы Тапсырысшыны

шектеуді енгізгенге дейін кемінде 72 сағат бұрын хабарлап, жұмыс режимін айқындауға құқылы.

34. Орындаушы Тапсырысшы алдында Тапсырысшы энергиясы көзінің ж ұ м ы с р е ж и м і :

1) форс-мажорлық жағдайлардың туындауымен;

2) осы Шартта қатыспайтын энергия рыногы субъектілерінің электр энергиясы объектілеріндегі өндірістік авариялар мен технологиялық бұзылулардың пайда болуымен;

3) Тапсырысшының кінәсінен салалық нұсқаулықтарда көзделген байланыстың немесе ақпараттың жоқтығынан;

4) Тапсырысшы персоналының дұрыс емес іс-әрекетінен;

5) осы Шарттың 17-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда болған бұзылуға жауап бермейді.

35. Орындаушы Шарт бойынша Тапсырысшы өзінің міндеттемелерін толық немесе тиісті дәрежеде орындамаған кезде техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер сапасына жауапкершілік жүктемейді.

9. Форс-мажорлық жағдайлар

36. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуі келтірілген залалдың орнын толтыруға құқылары жоқ. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша мұндай жағдайда өзара жағдайлардың орындалуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі еңсерілмес күш жағдайлары болғанға дейін пайда болған Шарт бойынша міндеттерінен босатылмайды.

37. Егер тараптардың біреуі Шарт бойынша өз міндеттемелерін еңсерілмес күш пайда болған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде орындауға шамасы келмесе, басқа тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

10. Басқа ережелер

38. Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсету шарты Тапсырысшымен жеке тәртіппен жасалады.

39. Тараптардың Шарттан туындайтын және олар реттемеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

40. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар 2 данада жасалады.

Шарт мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер үшін

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылығының аумақтық органдарында тіркеледі және тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

41. Шарт 200_ жылғы "___" 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200_ жылғы "___" 24-00 сағатқа дейін қолданылады.

42. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күн бұрын Тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады және Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді. <*>

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

12. Тараптардың деректемелері

Орындаушы: _____ Тапсырысшы: _____
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 28 қарашадағы
N 1194 қаулысымен
бекітілген

Электр энергиясын өңіраралық деңгейдің желілері арқылы беру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған

Үлгі шарт

_____ 200_ жылғы "___"
(шарттың жасалатын орны)

Бұдан әрі Орындаушы деп аталатын электр энергиясын өңіраралық деңгейдің желілері арқылы беру жөніндегі қызметтерді беретін _____ атынан

(қызметті ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берген күні мен орган) _____ негізінде

әрекет ететін _____
(лауазымы, аты-жөні)

бір тараптан және бұдан әрі Тапсырысшы деп аталатын _____

_____ атынан
(пайдаланушының деректемелері құрылтай құжаттары, мемлекеттік
тіркеу туралы куәлік, берген күні мен орган.)
_____ негізінде әрекет ететін _____
(лауазымы, аты-жөні)
екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт)
жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

авариялық бронь - электрмен үздіксіз жабдықтау объектісіне берілуі ол үшін маңызды құрылғылардың жұмыс істеуін сақтайтын және тіршілікті қамтамасыз ететін объектілер жұмысының бұзылуын, сондай-ақ апатты экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық салдарды немесе адамдардың қырылуын болдырмайтын ең аз мөлшерде қажетті электр қуаты;

Мемэнергияқадағалау - ұйымдардың нормативтік құқықтық кесімдерінің техникалық талаптары мен электр энергетикасы саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын талаптарды орындауына мемлекеттік энергетикалық қадағалауды, сондай-ақ электр және жылу энергиясын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыратын белгіленген тәртіппен құрылған мемлекеттік ұйым;

теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасы - тараптардың меншік құқығында, өзге де заттық құқықта немесе электр энергиясын берудің соңғы пунктінде теңгерімдік тиесілілікті шектеу актісімен айқындалатын, заңмен белгіленген өзге негіздер бойынша электр желілері бөлімінің шекарасы;

электр энергиясын берудің шарттық бағыты - электр энергиясын беру жөніндегі қызметтердің құнын есептеу үшін қызмет ететін Орындаушының электр желілері арқылы қабылдау пунктінен Тапсырысшының тұтыну пункттеріне дейін тараптармен келісілген электр энергиясын беру жолы;

өтінім - Тапсырысшының уәкілетті өкілі қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Орындаушыға жолданатын, электр энергиясының көлемі, электр энергиясын берудің уақыт кезеңі, осы кезең ішінде қуаты жөніндегі көлемді бөлу туралы ақпаратты қамтитын жазбаша құжат. Өтінім айлық, тәуліктік және жедел болуы мүмкін;

электр энергиясының көлемі - Орындаушы мен Тапсырысшының және/немесе үшінші тұлғалардың теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасында коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерімен айқындалатын, Шарт

бойынша қызметтің құнын айқындау мақсатында киловатт-сағатпен өлшенетін, Тапсырысшының атына берілген электр энергиясының саны; <*>

электр энергиясын беру - Орындаушының электр желілері арқылы қабылдау пункттерінен Тапсырысшы желісінің теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасына дейін электр энергиясын беруге байланысты энергия беретін ұйым көрсететін қызмет;

қабылдау пункті - Орындаушыға электр энергиясының көлемін кейіннен оны Орындаушының желілері арқылы жеткізу пункттеріне дейін беру үшін Тапсырысшы беретін Орындаушының теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасында (қосу жүйесі) қосу;

жеткізу пункті - Орындаушы электр энергиясын Тапсырысшыға беретін Орындаушының теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасында (қосу жүйесі) қосу;

коммерциялық есептеу құралы - заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген электр қуатын, электр энергиясын коммерциялық есептеуге арналған техникалық құрылғы;

есеп айырысу кезеңі - Орындаушының электр энергиясын беру жөніндегі қызметіне есеп айырысу жүргізілетін айдың бірінші күнінің 00-00 сағатынан бастап соңғы күнінің 24-00 сағатына дейін бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде Шартта белгіленген кезең;

реттеуші орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

рыноктық оператор - электр энергиясын өндіру мен тұтыну режимдерін коммерциялық диспетчерлеуді жүзеге асыратын ұйым;

өңіраралық деңгейдің желілері - электр энергиясын берудің ұлттық жүйесін құрайтын және меншік құқығында, өзге де заттық құқықта немесе қолданыстағы заңнамамен белгіленген өзге негіздер бойынша Орындаушыға тиесілі 110-1150 киловольт жоғары кернеулі электр беру желісі; <*>

тәуліктік кесте - Қазақстан Республикасының электр энергиясының рыногы субъектілерінің әрбір күнтізбелік тәуліктің 00-00 сағатынан 24-00 сағатына дейін электр энергиясын өндірудің, берудің, жеткізудің және тұтынудың орташа сағаттық шамасын регламенттейтін рыноктық операторлар жасаған және белгіленген тәртіппен бекітілген құжат; <*>

техникалық диспетчерлендіру - Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде (бұдан әрі - ҚР БЭЭЖ) электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқарудан тұратын Орындаушы көрсететін қызмет; <*>

техникалық оператор - жасалған шарттарға, қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдер мен нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес электр

энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдерін жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыратын ұйым;

уәкілетті орган - электр энергетика саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

іс жүзіндегі теңгерім - есеп айырысу кезеңінде осы рынок субъектілері электр энергиясының көтерме рыногында өндірген, жеткізген және тұтынған электр энергиясының көлемін атаулы бөлуді белгілейтін құжат; <*>

электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі - Орындаушы Тапсырысшының атына берген, коммерциялық есептеу құралдары көрсеткіштерінің негізінде айқындалған және электр энергиясының көлемін салыстыру актісімен не Қазақстан Республикасының электр энергиясы рыногының рыноктық операторы берген анықтамамен расталған электр энергиясының көлемі; <*>

орталық диспетчерлік басқару (бұдан әрі - ОДБ) - электр энергиясын беру жүйелерін теңгеруді, оның сенімділігін қамтамасыз ету мен сапасын қамтамасыз етуді қоса алғанда, ҚР БЭЭЖ пайдалануға жауап беретін техникалық оператордың құрылымдық бөлімшесі;

электр желілері - Орындаушыға да және/немесе Тапсырысшыға да және үшінші тұлғаларға да меншік құқығында, заттық құқықта немесе заңда белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі кіші станциялардың, бөлуші құрылғылардың және біріктіруші электр желілерінің жиынтығы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 , 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

2. Шарттың мәні

2. Орындаушы Тапсырысшыдан осы Шартта айтылған қабылдау пункттеріндегі өз желілерінің теңгерімдік тиесілілігі шекарасында электр энергиясын қабылдайды және оны осы Шартта айтылған жеткізу пункттеріне дейін өзінің электр желілері арқылы Тапсырысшыға беруді жүзеге асырады.

3. Электр энергиясын өңіраралық деңгейдің желілері арқылы беру жөніндегі қызметтер көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары:

(осы тармақта нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына с ә й к е с к е л у г е т и і с

Шарттың мәнінің техникалық талаптары мен сипаттамалары көзделеді)

4. Тапсырысшы Орындаушыға электр энергиясын қабылдау пункттерінде беруге және жеткізу пункттерінде қабылдауға, электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге уақтылы және толық көлемінде төлеуге, сондай-ақ Шартта

көзделген оны тұтыну режимін сақтауға, оның қарамағындағы электр желілерін пайдаланудың қауіпсіздігін және электр энергиясын тұтынуға байланысты олар пайдаланатын құралдар мен жабдықтардың жарамдылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Электр энергиясын беру шарты

5. Электр энергиясын беру Шарттың 5 және 7-тармақтарына сәйкес жүргізілген мүмкін түзетуді ескере отырып, тоқсандық немесе айлық өтінім негізінде және оған сәйкес жүргізіледі.

6. Алдағы тоқсанға арналған өтінім тиісті тоқсан басталғанға дейін алпыс күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі.

7. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған айлық өтінім тиісті есеп айырысу кезеңі басталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі. Айлық көлемді түзетуге электр энергиясын берудің шарттасылған тоқсандық көлемінің шегінде ғана жол беріледі.

8. Айлық және тоқсандық өтінімді Тапсырысшы Орындаушыға факсимильдік байланыс құралдарымен береді.

9. Электр энергиясының тәуліктік көлемінің және оларды тиісті тәулік ішінде қуаты бойынша бөлудің айлық өтініміне Тапсырысшының түзетуіне жол беріледі . Түзету:

1) көлемі түзетілетін алдағы тәуліктерге тәуліктің 10-00 сағатынан кешіктірмей берілетін тәуліктік өтінім;

2) көрсеткіштері түзетілетін мерзім басталғанға дейін отыз минуттан кешіктірмей берілетін жедел өтінім арқылы жүзеге асырылады.

10. Тәуліктік өтінімді Тапсырысшының уәкілетті өкілі факсимильдік байланыс құралдарымен береді.

11. Телефонограмма нысанындағы жедел өтінімді кейіннен оны міндетті түрде жазбаша ресімдей отырып, Тапсырысшының уәкілетті өкілі береді. Тапсырысшы Орындаушыға жазбаша хабарлама арқылы жедел өтінімдер беруші уәкілетті өкілдің тегін, аты мен әкесінің атын уақтылы хабарлайды.

Орындаушыға Шартты орындау мақсатында Тапсырысшының айлық, тәуліктік, жедел өтінімдерін, сондай-ақ мереке және демалыс күндері түсетін жедел өтінімдер қабылдау тиесілі телефондардың және/немесе факсимильдік аппараттардың нөмірлері өзгерген кезде Орындаушы Тапсырысшыға бұл туралы жазбаша хабарлама беруге міндетті.

1 2 . < * >

Ескерту. 12-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

4. Электр энергиясын есептеу

13. Орындаушы жеткізу пункттерінде Тапсырысшының атына есеп айырысу кезеңі ішінде берген электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі теңгерімдік тиесілілік шекараларында белгіленген коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштері негізінде есеп айырысу кезеңінің бірінші күнтізбелік күнінің 00-00 сағатынан бастап соңғы күнтізбелік күннің 24-00 сағатына дейін анықталады.

Есеп айырысу кезеңі ішінде берілген электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерін салыстыру актісінің негізінде жасалатын берілген электр энергиясының көлемін салыстыру актісімен расталады.

14. Тараптар көрсеткіштерді алу, телеөлшеуіштер тізбектері мен коммерциялық есептеу жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру мақсатында бір біріне тәулік ішіндегі кез келген уақытта коммерциялық есептеу құралдарына рұқсат беруге міндеттенеді. Есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерін алуды тараптардың уәкілетті өкілдері жүргізеді. Егер тараптардың біреуінің уәкілетті өкілі болмаса не көрсеткіштерді алудан бас тартса, онда басқа тараптың уәкілетті өкіліне көрсеткіштерді алуды дербес жүргізуге рұқсат беріледі.

Коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерін алу кезінде тараптардың уәкілетті өкілдері коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерін салыстыру актісіне қол қоюға тиіс.

15. Тараптар тараптардың қолдары қойылатын және мөрлерімен расталатын тиісті есеп айырысу кезеңі үшін берілген электр энергиясының көлемін салыстыру актісін келесі есеп айырысу күнтізбелік айының бесінші күніне дейінгі мерзімде ресімдейді. Тараптардың біреуі актіге қол қоядан бас тартқан жағдайда, іс жүзіндегі теңгерім берілген электр энергиясының көлемін растайтын құжат болып табылады.

16. Егер есеп Орындаушы мен Тапсырысшының теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасынан тыс жүргізілген жағдайда, берілген электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі Тапсырысшының желілеріндегі электр энергиясының ысырабын ескере отырып, Тапсырысшыда орнатылған коммерциялық есептеу құралдары бойынша анықталады. Үшінші тұлғалардың электр желілері арқылы берілетін электр энергиясының ысырабын осы электр желілерінің иелері анықтайды.

17. Электр энергиясын беру және үшінші тұлғалардың электр желілеріндегі жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі өзара қарым- қатынастарды Тапсырысшы үшінші тұлғалармен жеке шарт жасасу жолымен реттейді.

18. Орындаушы үшінші тұлғаның электр желілері арқылы берілетін электр энергиясының көлемі мен сапасы жөнінде жауап бермейді.

19. Тараптардың коммерциялық есептеу құралдары тексерілуге және оларға пломба салынуға тиіс. Телеөлшеуіштер тізбектеріне пломба салынуға тиіс. Тараптардың әрқайсысы оның теңгеріміндегі коммерциялық есептеу құралдарына өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде метрологиялық тексеру жүргізеді. Тараптардың әрқайсысы басқа тараптан оның (басқа тараптың) коммерциялық есептеу құралдарына қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады. Алайда, егер тараптардың біреуі қосымша тексеру жүргізуді талап етсе, онда ол қосымша тексеруге бастама көтерген тараптың есебінен жүргізіледі. Егер қосымша тексеру кезінде коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштері плюс-минус болып, олардың дәлдік сыныбымен жіберілген өсіру қатесі табылған жағдайда, онда қосымша тексеру жөніндегі шығынды коммерциялық есептеу құралдарының иесі төлейді.

20. Электр энергиясын есептеу сызбасында қателіктер табылған кезде, барлық қателіктер тіркелетін тиісті акт жасалады. Мұндай жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыға берген электр энергиясының көлемі есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін электр энергиясын өңірдегі ағыс теңгерімі негізінде, тараптар қол қоятын тиісті акті жасай отырып, анықталады.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

21. Орындаушы шарттық талаптар бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электр энергиясын жеткізіп беруді тоқтатуға құқығы бар.

2 2 . Т а п с ы р ы с ш ы н ы ң :

- 1) электр қуатын, электр энергиясын жасалған шарттарға сәйкес алуға;
- 2) Орындаушыдан электр энергиясын кем жеткізуден немесе сапасыз жеткізуден туындаған залалдың өтемін жасалған шарттардың талаптарына сәйкес талап етуге;
- 3) шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына шағымдануға құқығы бар.

23. Орындаушы:

- 1) электр энергиясын көтерме рыноктың барлық қатысушыларына тең жағдайда ұсынуға;
- 2) электр энергиясын өңіраралық деңгейдің желілері арқылы беру жөніндегі тарифтерді белгілеу бөлігінде қызметтер көрсетудің шарттарын жасау кезінде реттеуші органның шешімдерін басшылыққа алуға;

3) электр энергиясын беруде шартта белгіленбеген үзілістерді жібермеуге міндетті.

2 4 . Т а п с ы р ы с ш ы :

1) тоққабылдаушының және коммерциялық есептеу құралдарының тиісті техникалық жағдайын ұстауға, нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленетін техникалық жағдайға қойылатын талаптарды орындауға;

2) тараптар келісімімен белгіленген энергияны тұтыну режимдерін сақтауға;

3) электр энергиясының стандарттық жиілігін бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде ұстауға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) жасалған шартқа сәйкес берілген электр энергиясына уақтылы ақы төлеуге;

5) Орындаушының қызметкерлерін, сондай-ақ Мемэнергияқадалау қызметкерлерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес электр құрылғылардың техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асыру және пайдалану қауіпсіздігі үшін коммерциялық есептеу құралдарына жіберуге міндетті.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

25. Тапсырысшыға қойылатын талаптар:

1) қабылдау пункттерінде тиісті сападағы электр энергиясын оны электр желілері арқылы Тапсырысшының жеткізу пункттеріне тәуліктік кестеге сәйкес көлемде беру үшін Орындаушыға беру;

2) электр тұтынудың режимін жүргізу жөнінде орталық диспетчерлік басқармасының пәрменін орындау;

3) күн сайын 10-00 сағатқа дейін электр өндіруші ұйымдармен келісілген жедел өтінімді, онда Тапсырысшының келесі тәуліктерге арналған нақты тұтыну пункттері үшін жүктелімнің тәуліктік кестесін көрсете отырып, ұсыну. Өндірістік қажеттілік жағдайында (авариялық жағдай, жүктелімдердің технологиялық төмендеуі) түзету үшін жедел өтінім Орындаушыға дереу жіберіледі;

4) күн сайын Орындаушыға 10-00 сағатқа дейін өткен тәулікте алынған электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі туралы ақпарат беру;

5) Орындаушыға бір энергия көзінен басқасына өту туралы осындай өту басталғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын ескерту;

6) Шарт жасасу кезінде (егер Тапсырысшы энергиямен үздіксіз жабдықтау объектісі болып табылса) Орындаушыға авариялық бронь актісі мен банктің не

казынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) Тапсырысшының энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілерінің энергияны авариялық броньмен тұтынғаны үшін есеп айырысу жөніндегі кепілдік міндеттемелерін ұсыну;

7) электр энергиясын импорттау жағдайында Тапсырысшы өзіне декларациялау және кедендік ресімдеу, сондай-ақ осыған байланысты Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін электр энергиясының барлық объектісі бойынша кейіннен Орындаушының желілері арқылы беру үшін тиісті салықтар мен алымдарды төлеу жөнінде міндеттеме қабылдайды. Бұл ретте Тапсырысшы Орындаушы үшін электр энергиясын беруге арналған рұқсат болып табылатын кедендік декларацияның төртінші данасын Орындаушыға беруге міндетті;

8) оның басқаруындағы және қарамағындағы электр желілерін пайдалану қауіпсіздігін және электр энергиясы мен қуатын тұтынуға байланысты олар пайдаланатын құралдар мен жабдықтардың жарамдылығын қамтамасыз ету;

9) тоқсан сайын, алған күннен бастап он бес күннің ішінде тоқсанның соңғы күніндегі жағдай бойынша өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне, келіспеушіліктерді көрсете отырып және оларсыз, қол қою.

26. Орындаушыға қойылатын талаптар:

1) электр энергиясын электр желілері арқылы Тапсырысшының тәуліктік кестесіне сәйкес тиісті сапада беру; <*>

2) Тапсырысшының энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілері үшін қажетті көлемде электр энергиясын Шартқа жеке келісім негізінде банктің не қазынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) кепілдікті міндеттемелерін ескере отырып, авариялық бронь актісіне сәйкес беруді қамтамасыз ету.

27. Орындаушы Шартта және электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де әрекеттер жасауға, сондай-ақ мынадай жағдайларда:

1) Шарт және (немесе) қолданыстағы заңнамамен ұсынылған талаптар бойынша ақшалай және өзге міндеттемелерді соңғысы бұзған жағдайда;

2) авариялық жағдай туындаған кезде, егер сатушы босатқан, шығарылған қуаттарға алмастыру жүргізуге және/немесе электр энергиясын Тапсырысшының атына Орындаушының электр желілері арқылы беру бағытын өзгерту мүмкін болмаған жағдайда; <*>

3) Орындаушының электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзіміне арналған жылдық немесе айлық жөндеу кестесінде көзделген жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде, егер электр энергиясын басқа бағыт бойынша беру мүмкіндігі болмаған жағдайда;

4) электр энергиясын 5%-дан астам тұтынудың келісілген көлемінен артық алған жағдайда, Тапсырысшыға электр энергиясын беруді шектеуге не толық тоқтатуға құқылы.

28. Тапсырысшының Шарт бойынша өзінің ақша міндеттемелерін бұзуына байланысты электр энергиясын беруге шектеулер енгізілген не беру тоқтатылған жағдайда не электр энергиясын келісілген шамадан артық тұтынған жағдайда, Орындаушы электр энергиясын беруге шектеулер енгізілгенге немесе беру тоқтатылғанға дейін 72 сағат бұрын Тапсырысшыны хабардар етеді. Сонымен бірге Орындаушы электр энергиясын беруді тоқтатудың мүмкін салдарлары үшін жауап бермейді.

29. Егер электр энергиясын беру бағытын өзгерту/беруді шектеу қажеттігі авариялық жағдайларға не Орындаушының электр желілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты болған жағдайда, соңғысы тапсырысшының атына дереу хабарлама жібереді.

30. Орындаушының электр желілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жоспарлы жөндеуді қоса алғанда, соңғысы Тапсырысшының атына электр энергиясын беру бағытын өзгертуге құқылы. Бұл ретте Тапсырысшы электр энергиясын берудің келісілген бағыты бойынша Орындаушы қызметінің құнын төлейді.

31. Шарттың 27-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда , электр энергиясын беруді шектеу немесе тоқтату Орындаушының кінәсінен электр энергиясын кем жеткізілуіне қосылмайды.

32. Энергия өндіруші ұйымның істен шыққан қуатын алмастырумен туындаған электр энергиясын Тапсырысшының атына беру бағытын өзгерту кезінде Тапсырысшы іс жүзіндегі беру бағыты бойынша Орындаушы көрсеткен қызметтің құнын төлейді. < * >

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

7. Төлем тәртібі

33. Орындаушының өңіраралық деңгейдің желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызмет көрсетуіне арналған қызметіне ақы төлеу реттеуші орган бекіткен тарифке сәйкес жүргізіледі.

34. Тариф өзгерген жағдайда Орындаушы бұл туралы Тапсырысшыны жазбаша немесе бұқаралық ақпарат құралы арқылы ол қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

35. Түпкілікті есеп айырысуды Орындаушының берілген электр энергиясының көлемін салыстыру актісінің негізінде төлемге шот-фактурасын іс жүзінде ұсынған сәттен бастап Тапсырысшы бес банктік күн ішінде жүргізеді.

36. Тапсырысшы Шарттың 15-тармағында көзделген мерзімде оған берілген электр энергиясы көлемін салыстыру актісін ұсынбаған кезде, өткен есеп айырысу кезеңі үшін Орындаушының қызметіне ақы төлеу мөлшері берілген электр энергиясының көлемі туралы Орындаушыда бар жедел деректерге сәйкес, кейіннен берілген электр энергиясының көлемін салыстыру актісін ұсыну кезінде келесі есеп айырысу кезеңіндегі Орындаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін түзете отырып анықталады.

37. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, бірінші кезекте төлем осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тапсырысшы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде есептеледі (не тараптардың келісімі бойынша Орындаушының алдындағы Тапсырысшының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса). Егер Тапсырысшы Орындаушының келесі есеп айырысу кезеңіне арналған қызметінен бас тартса, Тапсырысшының өзге, оның ішінде Орындаушының алдындағы (егер осындай болса) ақшалай міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге жұмсалған соманы қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

38. Егер Тапсырысшы ұсынылған шоттың дұрыстығына дауласса, ол Орындаушыны осы шотты алған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде хабардар етеді және Орындаушыға қарсылықтарды баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте Тапсырысшы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде дауласпаған шоттың бөлігін төлеуге міндетті.

39. Егер бақылау-өлшеу құралдарының ақаулығының салдарынан шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда және басқа жағдайларда, тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

40. Орындаушының қызметіне электр энергиясын беру бойынша ақы төлеу жөніндегі Тапсырысшының міндеттемелерін орындау шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Орындаушының ағымдағы шотына немесе Тапсырысшыға жіберілген хабарламада Орындаушы көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша есептеу болып танылады.

41. Тараптардың келісімі бойынша электр энергиясын өңіраралық деңгейдің желілері арқылы беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеудің өзге де тәртібі мен нысаны белгіленуі мүмкін.

8. Тараптардың жауапкершілігі

42. Шот бойынша төлем мерзімі келген сәтте оны төлемегені үшін, Орындаушы Тапсырысшы төлемеген сомалар бойынша төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Орындаушы Тапсырысшыдан төлемнің мерзімі өткен әрбір күні үшін Тапсырысшы ақшалай міндеттемесін іс жүзінде орындаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 1,5 есе қайта қаржыландыру ставкасына сүйене отырып, есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

Шотты ол бойынша төлем мерзімі келген сәттен бастап бір ай ішінде төлемеген жағдайда, Орындаушы осы Шарттың 28-тармағында белгіленген тәртіппен электр энергиясын шектеуге не тоқтатуға құқылы.

43. Есеп айырысу кезеңі ішінде электр энергиясын берудің іс жүзіндегі айлық көлемі Тараптармен келісілгеннен Орындаушының кінәсі бойынша төмендеген кезде, соңғысы кез келген көздерден кем жеткізілген көлемнің орнын толтырады, олай болмаған жағдайда, Тапсырысшы электр энергиясын беру жөніндегі қызмет көрсету құнының мөлшерінде кем жеткізілген электр энергиясының көлеміне сүйене отырып, айыппұл салуға құқылы.

44. Егер энергия өндіруші ұйым Тапсырысшының атына келісілгеннен төмен қуат берген жағдайда, онда Орындаушы сатушы берген қуатқа теңгерілетін шамаға дейін Тапсырысшының атына берілген қуатқа шектеу жүргізеді.

45. Төлемегені немесе уақтылы төлемегені, сондай-ақ энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын/қуатын кем бергені үшін шектеу немесе ажыратып тастау кезінде туындаған салдарға жауапкершілік толығымен Тапсырысшыға жүктеледі.

46. Шартта көзделмеген электр энергиясын берудің үзілісі, тоқтатылуы немесе шектелуі үшін Тапсырысшының алдындағы Орындаушының жауапкершілігі осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. < * >

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

9. Форс-мажорлық жағдайлар

47. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болып табылса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуі залалдың орнын толтыруға құқығы жоқ. Тараптардың

кез келгенінің талабы бойынша мұндай жағдайда өзара міндеттемелердің атқарылуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі Шарт бойынша еңсерілмес күш жағдайлары болғанға дейін туындаған міндеттерден босатылмайды.

48. Егер Тараптардың біреуі еңсерілмес күш болған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға шамасы келмейтін болса, басқа тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

10. Басқа ережелер және дауларды шешу

49. Электр энергиясын өңіраралық деңгейдің желілері арқылы беру жөніндегі қызмет көрсету шарты Тапсырысшымен жеке тәртіппен жасалады. <*>

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

50. Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш - жігерін жұмсайды. <*>

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

51. Келісімге қол жетпеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тараптардың Шартты бұзуға құқығы бар. <*>

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 278 қаулысымен.

52. Тараптардың Шарттан туындайтын және олармен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

53. Шарт Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар 2 данада жасалады.

Шарт мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылығының аумақтық органдарында тіркеледі және шарт ол тіркелген сәттен бастап қолданысқа енеді.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

54. Шарт 200_ жылғы " __ " 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200_ жылғы " __ " 24-00 сағатты қоса қолданылады.

55. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күн бұрын Тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе

электр энергиясын беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады және Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

12. Тараптардың деректемелері

Орындаушы: _____

Тапсырысшы: _____

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 жылғы

2 8

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 1 9 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.23. N 458 қаулысымен .

Табиғи газды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ұсынуға арналған үлгі шарт

_____ 200_ж. " ____ " _____
(шарт жасасу орны)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, табиғи газды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетуді ұсынатын (бұдан әрі - Қызметтер)

_____ (қызметті ұсынатын субъектінің атауы, құрылтайшылық құжаттары,

_____ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні мен берген орган) атынан

(лауазымы, т.а.ж.)

бұдан әрі, Қызмет беруші деп аталатын _____ (құжаттың атауы)

негізінде іс-қимыл жасаушы, бір тараптан және _____ (тұтынушының атауы)

_____ бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын, _____ атынан

(лауазымы, т.а.ж.)

екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

газ тасымалдау жүйесі - газ тасымалдайтын, газ бөлетін ұйымның меншігіндегі немесе өзге де заңды негізде олардағы құрылысты магистральдық газ құбырларын, газ құбырлары-ағытқылары, газ бөлетін желілерді қамтитын газ құбырларының жүйесі;

табиғи газ - Тұтынушының меншігі болып табылатын немесе кез келген заңды негізде оның билігіндегі Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және сатып алынатын, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс сатып алынатын газ;

газды есепке алу аспаптары - нормаланған техникалық сипаттамасы бар және көлемінің және (немесе) энергия құрамы бірлігінде газ мөлшерін өлшеуге арналған өлшеу құралы;

беру пункті - табиғи газды Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне беру жүргізілетін табиғи газды тасымалдаудың түпкілікті пункті;

газды қабылдау (беру) пункті - шарттарда Қызмет беруші, газ тасымалдаушы, газ бөлуші ұйымдар мен тұтынушы арасында айқындалған, әдеттегідей газ есептеу аспабымен жарақталған газ жеткізуші пункті;

есеп айырысу кезеңі - жеткізілген газдың көлемі айқындалатын, Қызмет беруші, газ тасымалдаушы, газ бөлуші ұйымдар мен тұтынушылар арасында жеткізілген газ үшін өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Тараптармен келісілген есеп айырысу кезеңі шартта көрсетіледі;

реттеуші орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Шарттың мәні

2. Шарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша табиғи газды қабылдау пунктінен беру пунктіне тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша Қызмет беруші өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тұтынушы міндеттеме тапсырады.

3. Табиғи газды тасымалдау көлемі, айлар бойынша бөлінген тасымалдау кестесі, қабылдау пункті мен беру пункті Тараптармен қосымша келісіледі және Шартқа қоса беріледі.

4. Шарт Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады. Заңнамада көзделген жағдайларда, Тұтынушының өз өкілеттігін Шарт жасасу бойынша үшінші тұлғаға беруге құқығы бар.

Қызметтер ұсынудың режимі - тәулік бойы.

5. Табиғи газды тасымалдау жөніндегі қызметтерді беру бойынша қызметтер ұсынудың техникалық шарттары мен сипаттамалары:

(осы тармақта нормативтік техникалық құжаттардың

талаптарына сай болуы тиіс Шарт мәнінің техникалық

талаптары мен сипаттамалары көзделеді)

6. Газды тиісінше жеткізу үшін құқықтық, техникалық (технологиялық) және ұйымдастыру жағдайларының болуы, оның ішінде:

1) Тұтынушы тарапынан - газ жабдығын пайдалану жөнінде рұқсат беретін құжаттардың, газ тұтынылатын қондырғылардың, жабдықтардың жарамдылығын растайтын құжаттардың болуы;

2) Қызмет беруші тарапынан - газдың тиісті көлемі туралы растайтын құжаттың (ресурстық анықтаманың, газды сатып алу шартының нотариалды куәландырылған көшірмесінің) болуы шарт жасасудың талаптары болып табылады.

3. Қызметтердің құны мен ақы төлеу тәртібі

7. Табиғи газды тасымалдау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу реттеуші орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Қызметтердің құны Шарттың өзге де талаптары сияқты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, қызметтер ұсыну жағдайларынан басқа, барлық тұтынушыларға бірдей белгіленеді.

8. Ақы төлеуді Тұтынушы екі жақты актілердің негізінде нақты көрсетілген қызметтер үшін Қызмет берушінің шот-фактурасын алған сәттен бастап 5 банк күні ішінде, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, ай сайын жүргізеді.

4. Табиғи газды тасымалдау және есепке алу шарттары

9. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдерде өзгеше белгіленбесе, Қызмет беруші Тұтынушының газ тасымалдау жүйесіне беретін табиғи газдың сапасы физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттар мен нормативтерге сай болуы тиіс.

10. Табиғи газды тасымалдау Қызмет беруші мен Тұтынушының арасында келісілген тасымалдау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

11. Тұтынушыға берілетін табиғи газдың көлемін Қызмет беруші Шартта белгіленген тәртіппен әрі талаптармен тіркейді және өлшейді.

12. Қызмет беруші технологиялық жабдықтың авариялық зақымдануы туындаған жағдайда, газ шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленген тәртіппен Қызметті резервте сақтауды қамтамасыз етеді.

5. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

13. Тұтынушының:

- 1) жасалған шарттарға сәйкес қызметтер көрсетілуіне;
- 2) Қызмет берушіден қызметтерді толық жеткізбегендіктен немесе сапасыз жеткізгендіктен шеккен залалды өтеуді жасалған шарттардың талаптарына сәйкес талап етуге;
- 3) шарттарды жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;
- 4) Қызмет берушімен жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуға, бұл туралы Қызмет беруші бір айдан кешіктірмей хабардар етілген және табиғи газды тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтер үшін толық ақы төленген жағдайда бұзуға, құқығы бар.

14. Т ұ т ы н у ш ы :

- 1) табиғи газды тасымалдау жөніндегі қызметтер үшін Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда ақы төлеуді уақтылы әрі толық көлемде жүргізуге;
- 2) Қызмет берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілеген техникалық талаптарын орындауға;
- 3) қабылдау пунктіне жеткізілетін табиғи газдың сапасы мен мөлшері үшін жауап беруге міндетті.

6. Қызмет берушінің құқықтары мен міндеттері

15. Қызмет берушінің:

- 1) Тұтынушыдан Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда ұсынылған қызметтер үшін ақыны уақтылы әрі толық көлемде алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушының сақтауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;
- 3) барлық тұтынушылар үшін реттеуші орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылуы кезеңінде көрсетілген қызметтер үшін тарифтерді төмендетуге құқығы бар.

16. Қ ы з м е т б е р у ш і :

- 1) табиғи газды Тұтынушымен келісілген көлемде газ қабылдау пунктіне

кабылдауға және табиғи газдың Шартта белгіленген тәртіппен әрі жағдайларда газ беру пунктіне бірқалыпты және үздіксіз тасымалдануын қамтамасыз етуге;

2) Тұтынушыны кез келген төтенше жағдайлар немесе табиғи газды тасымалдауға әсер етуі ықтимал авариялар туралы дереу хабардар етуге, сондай-ақ табиғи газды тасымалдауды қалпына келтіру үшін барлық қажетті іс-әрекет қолдануға;

3) Тұтынушыны табиғи газды тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге;

4) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне табиғи газды тасымалдау мәселелері жөнінде ақпарат ұсынуға міндетті.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7. Тараптарды шектеу

17. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не өзгеше үлгіге Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын іс-әрекет жасауға тыйым салынады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

18. Осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

19. Осы шартта көзделген міндеттемелердің орындалу мерзімі өткен жағдайда кінәлі тарап екінші тарапқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемелердің нақты орындалуы күніне қолданылатын әрбір мерзімі өткен күні үшін қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасынан аспайтын мөлшерде, бірақ негізгі қарыздың сомасынан аспайтын сомада тұрақсыздық айыбын төлейді.

Есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы болып табылады.

20. Егер Тұтынушыға табиғи газды тасымалдау жөнінде қызмет көрсету Қызмет беруші үшін мүмкін болмауы Қызмет берушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен туындаса, Тұтынушы алдында Қызмет беруші жауапты болады.

21. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

9. Форс-мажорлық мән-жайлар

22. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күштің салдарынан болған мән-жайлар болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуі залалды өтетуге құқығы жоқ. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша мұндай жағдайда өзара міндеттемелердің атқарылуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі шарт бойынша еңсерілмес күш мән-жайлары болғанға дейін туындаған міндеттемелерден босатылмайды.

Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайларда Тараптар олар туындаған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бұл туралы бір біріне Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған форс-мажор мән-жайларының басталған күнін нақтылайтын әрі сипаттайтын жазбаша хабарламаны кейіннен бере отырып не почтамен жіберу арқылы хабарлайды.

23. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмес күш мән-жайларының мерзіміне, бірақ осындай мән-жайлары Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтірген дәрежеде ғана тоқтатылатұры мүмкін.

Егер еңсерілмес күш мән-жайлары 3 және одан да көп айға созылған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы басқа тарапқа болжамды бұзу күніне дейін жиырма күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

10. Жалпы ережелер және дауларды шешу

24. Тараптар көрсеткіштерді алу, телеөлшемдер мен коммерциялық есепке алу жүйелері тізбектерінің техникалық жай-күйін тексеру мақсатында тәулік ішіндегі кез келген уақытта коммерциялық есепке алу аспаптарына қол жеткізуге бір біріне рұқсат беруге міндеттенеді. Есеп айырысу кезеңі аяқталысымен коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды Тараптардың уәкілетті өкілдері жүргізеді. Егер Тараптардың бірінің уәкілетті өкілі болмаса не көрсеткіштерді алудан бас тартса, онда басқа тараптың уәкілетті өкіліне көрсеткіштерді дербес алуды жүргізуге рұқсат етіледі.

Тараптардың уәкілетті өкілдері коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алған кезде, коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстыру актісіне қол қойылуға тиіс.

25. Тараптар келесі есеп айырысу айынан кейінгі күнтізбелік айдың бесінші күніне дейінгі мерзімде көрсетілген қызметтердің, Тараптардың қолдары қойылып, мөрлерімен расталатын тиісті есеп айырысу кезеңі ішінде көрсетілген көлемдерін салыстыру актісін ресімдейді. Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, көрсетілген қызметтердің көлемін растайтын құжат нақты теңгерім болып табылады.

26. Өздерінің құқықтық қатынастарында Тараптар Шартты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

27. Шартты бұзу немесе талаптарын өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздеме бойынша және тәртіппен жүргізіледі.

28. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай не қандай да бір мәселеге немесе Шарттың ережелеріне қатысты іс-әрекетке байланысты қандай да бір дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптардың кез келгені басқа тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, талап қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

29. Келісімге қол жетпеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауап берушінің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

30. Тараптардың Шарттан туындайтын және олармен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

31. Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар Шарт 2 данада жасалады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған Шарт Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық органдарында тіркеледі және ол тіркелген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

32. Шарт 200_ жылғы "___" _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200_ жылғы "___" _____ 24-00 сағатқа дейін қолданылады.

33. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күн бұрын Тараптардың бірі бұл туралы мәлімдесе, қызмет көрсету көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады және Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

12. Тараптардың деректемелері

Қызмет беруші: _____ Тұтынушы: _____
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 1 9 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.23. N 458 қаулысымен қаулысымен.

Табиғи газды сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді ұсынуға арналған ҮЛГІ ШАРТ

_____ 200_ жылғы "___" _____
(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Қызмет беруші деп аталатын, _____
негізінде әрекет ететін _____ атынан
(қызметті ұсынатын субъектінің деректемелері)

_____ бір тараптан және
(ла у а з ы м ы , а т ы - ж ө н і)

бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын, қызметтер көрсетуді пайдаланушы
_____ атынан

(қызметті пайдаланатын субъектінің деректемелері)
_____ екінші тараптан

(лауазымы, аты-жөні)

төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

табиғи газ - Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және сатып алынатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде сатып алынатын табиғи, мұнайлы (ілеспе) және құрғақ газ;

жер асты газ сақтау орны - табиғи газды маусымдық әркелкі тұтыну кезеңінде жеткізуді қамтамасыз ету үшін газдың технологиялық қорына қолда көрсетілетін магистральдық газ құбырының бөлігі болып табылатын жер үсті жабдықтары кешеніндегі жер асты құрылыстары;

табиғи газды қабылдау пункті - әдетте Тұтынушы табиғи газды жеткізетін, жер астында газды сақтау орнындағы табиғи газды есепке алу приборымен

жарақтандырылған, одан кейін табиғи газды сақтау үшін тікелей жер асты газ сақтау орнына (бұдан әрі - ЖГС) айдап құятын газ жеткізу пункті;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Шарттың мәні

2. Қызмет беруші Шарттың талаптары бойынша ұлттық стандарттарда, нормативтік актілерде және өзге де техникалық талаптарда белгіленген сақтау нормаларын (режимдерін) орындай отырып, оған берілген табиғи газды сақтауға міндеттенеді, ал Тұтынушы ұсынылған қызметтер көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

3. _____ текше метр көлемдегі табиғи газды ЖГС-де сақтау 200 __ жылғы __ __ бастап 200_ жылғы _____ (қоса алғанда) кезеңде оны айдап құю және 200_ - 200_ жылдар кезеңінде іріктеп алу арқылы жүзеге асырылады.

4. Шарт Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады. Заңнамада көзделген жағдайларда, Тұтынушының Шарт жасасу жөніндегі өз өкілеттігін үшінші тұлғаға табыстауға құқығы бар.

5. Қызметтер көрсетуді ұсынудың режимі - тәулік бойы.

3. Қызметтер көрсетудің құны және ақы төлеу тәртібі

6. Табиғи газды жер асты газ сақтау орнында сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуге ақы төлеу уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

7. Тұтынушы ақы төлеуді екі жақты актінің негізінде нақты ұсынылған қызметтер көрсету үшін Қызмет берушінің шот-фактурасын алған сәттен бастап үш күн ішінде, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, ай сайын жүргізеді.

8. Тоқсан ішіндегі қорытындылар бойынша қаржылық есептерді салыстырудың бухгалтерлік актілерін, актілерге қол қоятын, мөрмен растайтын және есепіден кейінгі айдың 15-күніне дейін Тұтынушыға жіберетін Қызмет беруші ресімдейді. Актілерге Тұтынушы қол қояды, мөрмен растайды және қайтадан Қызмет берушіге жібереді.

4. Табиғи газды сақтау және есепке алу шарттары

9. Шарт бойынша сақтауға берілетін табиғи газ Қазақстан Республикасының нормативтік кесімдерінде белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

10. Табиғи газ ай бойы бірдей бөліктермен жеткізіледі.

11. Табиғи газдың ағыны табиғи газды сақтауға жеткізу және қабылдау актілерін, табиғи газды іріктеп алу актісін және табиғи газды сақтаудың орташа айлық көлемі туралы актісін жасау жолымен ЖГС-ның өлшеу тораптарында ай сайын есепке алынатын болады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

V орт.ай. сақ.= V айдың басында + $1/2V$ айдап құю - $1/2V$ іріктеп алу.

12. Актілер екі данада жасалады және есеп жасалған айдан кейінгі айдың бесінші күніне дейін Тараптардың уәкілетті өкілдері оған қол қояды.

13. Тараптардың сақтауға қабылданған табиғи газдың мөлшерін айқындауға байланысты наразылықтары екі жақты актілерге қол қойылғаннан кейін он күн ішінде жасалады.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

14. Тұтынушының:

1) ИМ-74 кеден декларациясында көрсетілген көлемде ЖГС-да сақтаулы табиғи газға билік етуге;

2) белгіленген сапада қызметтерді алуға және Қызмет берушіден ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметтер ұсынған жағдайда, қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

3) Қызмет беруші бұл туралы отыз күннен кешіктірмей хабардар етілген және табиғи газды ЖГС-да сақтау жөніндегі қызметтер көрсету үшін толық ақы төленген жағдайда, Қызмет берушімен жасалған Шартты бір жақты тәртіппен б ұ з у ғ а к ұ қ ы ғ ы б а р .

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

1 5 . Т ұ т ы н у ш ы :

1) "___" табиғи газды ЖГС-ға сақтау жөніндегі қызметтер көрсету үшін Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайда ақы төлеуді уақтылы әрі толық көлемде жүргізуге;

2) Қызмет беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейтін техникалық талаптарды орындауға;

3) Қызмет берушіге газды ЖГС-ға айдап құю басталғанға дейін жеткізілетін газдың бүкіл көлемі үшін газдың шыққан жері сертификатының көшірмесі мен оның сапасы паспортының түпнұсқасын беруге;

4) ИМ-74 (сақтау орнына айдап құю) және ИМ-40 (сақтау орнынан іріктеп алу) режиміндегі газды кедендік ресімдеу үшін толық жауапты болуға және Қызмет берушіге тиісті режимнің жүк кеден декларациясының төртінші данасының түпнұсқасын беруге міндетті.

16. Қызмет берушінің:

1) Тұтынушыдан Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайда ұсынылған қызметтер көрсету үшін уақтылы әрі толық көлемде ақы алуға;

2) Тұтынушының сақтауы міндетті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық талаптар белгілеуге;

3) барлық тұтынушылар үшін уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданысы кезеңінде ұсынылатын қызметтер көрсету үшін тарифтерді төмендетуге құқығы бар.

17. Қызмет беруші:

1) осы Шартта белгіленген кезеңде ЖГС-дағы табиғи газдың Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайда сақталуын қамтамасыз етуге;

2) Тұтынушыны табиғи газды айдап құюға және (немесе) сақтауға және (немесе) іріктеп алуға әсер етуі мүмкін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы дереу хабардар етуге, сондай-ақ табиғи газды айдап құюды және (немесе) сақтауды және (немесе) іріктеп алуды қалпына келтіру үшін барлық қажетті іс-қимылды жасауға;

3) Тұтынушыны табиғи газды сақтау жөніндегі қызметтер көрсету тарифтерінің өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге;

4) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне табиғи газды сақтау мәселелері бойынша ақпарат ұсынуға міндетті.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

6. Тараптарды шектеу

18. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не өзгеше түрде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын іс-қимыл жасауға тыйым салынады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

19. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кінәлі тарап басқа тарапқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген залалды өтейді.

20. Қызметтер көрсетуді ұсынғаны үшін ақы төлеудің мерзімі өткен жағдайда, Тұтынушы Шартқа сәйкес (24-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда) және өзіне сақтауға берілген табиғи газды Қызмет беруші уақтылы қайтармаған жағдайда кінәлі тараптар осы сомаларды төлейтін күні қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 есе қайта қаржыландыру ставкасынан аспайтын мөлшерде, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын төлемнің мерзімі өткен әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын төлейді.

21. Егер Тұтынушыға ЖГС-да табиғи газды сақтау жөнінде қызметтер көрсетудің Қызмет беруші үшін мүмкін болмауы Қызмет берушімен шарттық қатынаста тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен туындаса, Тұтынушы алдында Қызмет беруші жауапты болады.

22. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

23. Егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ЖГС-да сақтаулы табиғи газды Тұтынушы қайта алмаса, онда ол Қызмет берушіге табиғи газды одан әрі сақтау үшін Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен мөлшерлес сыйақы төлеуге міндетті.

8. Форс-мажор мән-жайлары

24. Тараптардың бір де біреуі форс-мажор мән-жайлары басталған жағдайда, яғни Шарттың талаптарын орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соқтырған еңсерілмес күш жағдайлары (табиғи апат немесе болжау немесе алдын алу мүмкін емес өзге де жағдайлар), сондай-ақ әскери қимылдар, ереуілдер және басқа да жағдайлар басталған жағдайда басқа тараптың алдында жауапты болады.

Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бір-біріне бұл туралы Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған форс-мажор мән-жайлары басталған күнін нақтылайтын және сипаттайтын жазбаша хабарламаны кейіннен беру не почтамен жіберу арқылы хабарлайды.

Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмес күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ осындай жағдайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмес күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін

кемінде жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

9. Жалпы ережелер және дауларды шешу

25. Тараптар өздерінің құқықтық қатынастарында Шартты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

26. Шарт _____ мерзімге жасалды және _____ сәттен бастап күшіне енеді.

27. Шартты бұзу немесе оның талаптарын өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздеме бойынша және тәртіппен жүргізіледі.

28. Тараптардың арасында келісімге қол жетпеген жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

29. Шарт бірдей заң күші бар 2 данада, Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалады.

30. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шарттың нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

31. Осы Шартта ескерілмеген Тараптардың арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

10. Тараптардың деректемелері

Қызмет беруші: _____ Тұтынушы: _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 1 9 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.23. N 458 қаулысымен .

Топтық резервуарлық қондырғылар арқылы газ жеткізу қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт

_____ (шарттың жасалған орны)

200_ жылғы " _ " _____

Бұдан әрі, Қызмет беруші деп аталатын, _____
топтық резервуарлық қондырғылар арқылы қызметтер көрсететін,

(қызметтер көрсетуді ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары,

мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні мен берген орган)
_____ атынан
(лауазымы, аты-жөні)
негізінде іс-қимыл жасаушы, бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы

(Тұтынушының деректемелері, құрылтай құжаттары, мемлекеттік

тіркеу туралы куәлік, берілген күні мен берген орган)
деп аталатын, _____ атынан,
(лауазымы, аты-жөні)
_____ негізінде әрекет ететін
мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

топтық резервуарлық қондырғы (бұдан әрі – ТРҚ) – газ шаруашылығының объектісі болып табылатын, сұйытылған мұнай газдарын (бұдан әрі – СМГ) сақтауды қамтамасыз етуге арналған сыйымдылықтар тобынан тұратын, тұрғын үй массивіне берілген режимде, газ құбырларының жүйесіне газ беруді қамтамасыз ететін, СМГ-ні сыйымдылықтардан үй ішілік газ құбырына дейін тасымалдауды қамтамасыз ететін сақтандырғыш-бекіткіш және реттеуші арматурасы бар құрылыс;

кіріс краны - газ құбырындағы бекіткіш арматура, Қызмет берушінің жауапкершілігінің шегі;

тұтынушы - тұрғын үй массивіне (тұрмыстық тұтынушыларға) газ беру үшін ТРҚ арқылы газ жеткізу қызметін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

реттеуші орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

сұйытылған мұнай газы – тасымалдау және сақтау мақсатында сұйық күйге түрлендірілген, құрамдастарының сапалық және сандық құрамы бойынша техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін жеңіл көмірсутегілердің (пропан-бутан фракциясының, пропанның, бутанның)

қ о с п а с ы .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 23.07.2013 № 735 қаулыларымен.

2. Шарттың мәні

2. Қызмет беруші ТРҚ арқылы Тұтынушы жеткізген СМГ-ны кіріс кранына дейін беруге, ал Тұтынушы қабылданған қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

3. Шарт Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады. Заңнамада көзделген жағдайларда, Тұтынушы Шарт жасасу жөніндегі өз өкілеттігін үшінші тұлғаға беруге құқығы бар.

3. Қызметтердің құны және ақы төлеу тәртібі

4. Топтық резервуарлық қондырғылар арқылы газ жеткізу қызметтеріне ақы төлеу реттеуші орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып қызметтер көрсету жағдайларын қоспағанда, қызметтердің құны Шарттың өзге де талаптары сияқты барлық тұтынушылар үшін бірдей белгіленеді.

5. Егер Тараптардың келісімінде өзгедей көзделмесе, ақы төлеуді Тұтынушы екі жақты актілердің негізінде нақты көрсетілген қызметтер үшін Қызмет берушінің шот-фактурасын алған сәттен бастап бес банктік күн ішінде, ай сайын жүргізеді.

4. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

6. Тұтынушының:

1) белгіленген сапада қызметтерді алуға және Қызмет берушіден ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметтер ұсынған жағдайда, қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

2) Қызмет берушіден қызметтерді толық жеткізбегендіктен немесе сапасыз қызмет көрсету жеткізгендіктен шеккен залалды өтеуді жасалған шарттардың талаптарына сәйкес талап етуге;

3) шарттарды жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

4) бұл туралы Қызмет беруші бір айдан кешіктірмей хабардар етілген және қызметтер үшін толық ақы төленген жағдайда Қызмет берушімен жасалған

Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.
Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

7 . Т ұ т ы н у ш ы :

1) Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайда қызметтер үшін ақы төлеуді уақтылы әрі толық көлемде жүргізуге;

2) СМГ-ны ТРҚ-ға құю кезінде қауіпсіздік қағидаларын жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарына сәйкес сақтауға;

3) Қызмет беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілеген техникалық талаптарды орындауға;

4) Қызмет берушінің ТРҚ-сына СМГ-ны жеткізуге және құюға;

5) қажетіне қарай СМГ-ның буланбаған қалдықтарын ТРҚ-дан СМГ-ның шығарылған массасының орнын толтыра отырып, айдап шығаруды жүргізуге;

6) жеткізілетін СМГ сапасы мен саны үшін жауап беруге міндетті.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

5. Қызмет берушінің құқықтары мен міндеттері

8. Қызмет берушінің:

1) ұсынылған қызметтер үшін Тұтынушыдан ақыны Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда уақтылы әрі толық көлемде алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушының сақтауы үшін міндетті техникалық талаптар белгілеуге;

3) барлық тұтынушылар үшін реттеуші орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданысы кезеңінде ұсынылған қызметтер үшін тарифтерді төмендетуге құқығы бар.

9 . Қ ы з м е т б е р у ш і :

1) барлық қызметтер Тұтынушылары үшін бірдей жағдайда қызметтер көрсетуді ұсынуға;

2) қызмет көрсетуге арналған шарттарды жасасу кезінде тарифтер белгілеу бөлігінде реттеуші органның шешімдерін басшылыққа алуға;

3) қызмет беруде шартта белгіленбеген үзілістерге жол бермеуге;

4) Тұтынушыға ТРҚ-дағы СМГ-ны Тұтынушымен келісілген көлемдерде беруге;

5) Тұтынушыны қызметтің сапасы мен Тұтынушының қауіпсіздігіне әсер ететін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы дереу хабардар

етуге, сондай-ақ қызмет сапасын қалпына келтіру үшін барлық қажетті іс-қимылды жасауға;

6) Тұтынушыны қызметтер тарифтерінің өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде отыз күн бұрын хабардар етуге;

7) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелерінің және жабдықтарды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттардың мәселелері бойынша ақпарат ұсынуға м і н д е т т і .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 23.07.2013 № 735 қаулыларымен.

6. Тараптарды шектеу

10. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не өзгеше түрде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын іс-қимыл жасауға тыйым салынады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

11. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кінәлі тарап басқа тарапқа келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтейді.

12. Осы шартта көзделген міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда кінәлі тарап екінші тарапқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемелердің нақты орындалуы күніне қолданылатын әрбір мерзімі өткен күні үшін қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасынан аспайтын мөлшерде, бірақ негізгі борыштың сомасынан аспайтын сомада тұрақсыздық айыбын төлейді.

13. Егер Тараптар келісімімен өзгеше ескертілмесе, тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

14. Төлем бойынша оның мерзімі келген сәттен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде шотты төлемеген жағдайда, Қызмет беруші осы Шарттың шарттарымен белгіленген тәртіппен қызмет беруді шектеуге не тоқтатуға құқылы.

15. Егер Тұтынушыға қызмет көрсетудің Қызмет беруші үшін мүмкінсіздігі Қызмет берушімен шарттық қатынаста тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушы алдында Қызмет беруші жауап береді.

Тұрақсыздық айыбын (өсім ақыны) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

16. Тұтынушы осы Шартта көзделген мерзімде өзіне берілген қызметтер көрсету көлемдерін салыстыру актісін ұсынбаған кезде, өткен есеп айырысу кезеңі үшін Қызмет берушіні қызмет көрсету ақысының мөлшері берілген қызметтер көрсету көлемінің салыстыру актісін ұсыну кезінде кейінгі есеп айырысу кезеңіндегі Қызмет берушінің қызмет көрсету ақысының мөлшеріне кейіннен түзету енгізе отырып, Қызмет көрсетушінің берілген қызмет көрсету көлемі туралы қолда бар жедел деректеріне сәйкес анықталады.

17. Алдыңғы кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлем бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы төлейтін ақы сомасы нақты есеп айырысу кезеңіне арналған сомадан асқан жағдайда, осы асқан соманың айырмасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне (не Тараптардың келісімі бойынша Қызмет берушінің алдындағы өзге де міндеттемелер бойынша, егер мұндай бар болса, Тұтынушының берешегін өтеу шотына) өздігінен есептеледі. Егер Тұтынушы келесі есеп айырысу кезеңіне Қызмет берушінің қызметінен бас тартса, асыра төленген сома, Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге кеткен, оның ішінде Қызмет беруші алдындағы ақшалай соманы (егер мұндай бар болса) қоспағанда, қайтарылады.

18. Егер Тұтынушы қойылған шоттың дұрыстығына дауласатын болса, ол Қызмет берушіні осы шотты алған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде хабардар етеді және Қызмет берушіге қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте, Тұтынушы жоғарыда көрсетілген мерзімде шоттың дау туғызбаған бөлігіне ақы төлеуге міндетті.

19. Егер бақылау-өлшеу аспаптарының ақаулығы нәтижесінде шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда және басқа жағдайларда, Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдеріндегі шоттарға түзету енгізеді.

20. Қызмет берушінің топтық резервуарлық қондырғылар арқылы газ жеткізу қызметіне ақы төлеу жөнінде Қызмет беруші шот-фактурада көрсеткен деректемелер бойынша Қызмет берушінің ағымдағы шотына немесе Қызмет беруші Тұтынушыға жолдаған хабарламада көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша есептеу Тұтынушының міндеттемелері болып танылады.

21. Есеп айырысу кезеңі ішінде Қызмет берушінің кінәсі бойынша қызмет берудің нақты айлық көлемі Тараптармен келісілгеннен азайған кезде, соңғысы кез келген кездерден кем жеткізілген көлемнің орнын толтырады, олай болмаған жағдайда, Тұтынушы кем жеткізілген қызмет көлемін ескере отырып, көрсетілген қызмет құнының мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

22. Шартта көзделмеген үзілістер, қызмет беруді тоқтату немесе шектеу үшін Қызмет берушінің Тұтынушы алдындағы жауапкершілігі осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

23. Егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған бойда газды жер астында сақтау орнынан табиғи газды Тұтынушы қайтадан алмаса, онда ол Қызмет берушіге табиғи газды одан әрі сақтағаны үшін Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен мөлшерлес сыйақы төлеуге міндетті.

8. Форс-мажорлық мән-жайлар

24. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайлары салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуінің залалды өтеуге құқығы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша мұндай жағдайда өзара міндеттемелердің орындалуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі Шарт бойынша еңсерілмес күш мән-жайлары болғанға дейін туындаған міндеттемелерден босатылмайды.

Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар олар туындаған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бір бірін Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған форс-мажорлық мән-жайларының басталған күнін нақтылайтын сипаттайтын жазбаша хабарламаны кейіннен бере отырып немесе почтамен жіберу арқылы хабардар етеді.

25. Егер Тараптардың біреуі Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күннің ішінде орындауға шамасы келмейтін болса, тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

9. Басқа ережелер және дауларды шешу

26. Топтық резервуарлық қондырғылар арқылы газ жеткізу қызметтерін көрсетуді ұсынуға арналған Шарт Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

27. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай немесе қандай да бір мәселеге немесе Шарттың ережелеріне қатысты іс-қимылға байланысты қандай да бір дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптардың кез келгені басқа Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, талап қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

28. Келісімге қол жетпеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауап берушінің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге жағдайларда Шартты бұзуға құқығы бар.

29. Тараптардың Шарттан туындайтын және олармен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

30. Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар Шарт 2 данада жасалады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған Шарт Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық органдарында тіркеледі және шарт тіркелген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

31. Шарт 200_ жылғы "___" _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200_ жылғы "___" _____ 24-00 сағатқа дейін қолданылады.

32. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күн бұрын Тараптардың бірі бұл туралы мәлімдесе, қызмет беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады және Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

11. Тараптардың деректемелері

Орындаушы: _____	Тапсырысшы: _____
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	
2 0 0 3	2 8
ж ы л ғ ы	қ а р а ш а д а ғ ы
N	қ а у л ы с ы м е н
1 1 9 4	
б е к і т і л г е н	

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.23 N 458 ; өзгерту енгізілді - 2004.08.24 N 894 ; 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

**Сумен жабдықтау және/немесе сарқынды суды бұру жөнінде қызметтер көрсетуді ұсынуға арналған
ҮЛГІ ШАРТ**

_____ 200_ жылғы "___" _____
(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Қызмет беруші деп аталатын, _____
негізінде әрекет ететін _____ атынан
(лауазымы, аты-жөні)

_____ бір тараптан және
(қызметтерді көрсетуді ұсынатын субъект)
бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын, қызметтер көрсетуді пайдаланушы
_____ екінші тараптан,
(тұтынушының деректемелері)
мына төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасы - меншіктік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша иеленушілер арасындағы сумен жабдықтау және (немесе) сарқынды суларды бұру және олардағы құрылыстар жүйелерінің элементтерін бөлу сызығы;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы - Тараптардың келісімімен белгіленетін сумен жабдықтау және (немесе) сарқынды суларды бұру жүйелерінің элементтерін пайдаланғаны үшін міндеттер (жауапкершілік) белгісі бойынша сумен жабдықтау және (немесе) сарқынды суларды бұру (су құбырлары және сарқынды суларды бұру желілері және олардағы құрылыстар) жүйелерінің элементтерін бөлу сызығы. Осындай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігінің шекарасы теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша белгіленеді;

төлем құжаты - оның негізінде төлем жүргізілетін Қызмет берушінің (есептеу құралдары көрсеткіштерінің негізінде жасалған шот, хабарлама, квитанция, ескерту шоты) құжаты;

Тұтынушы - шарттың негізінде сумен жабдықтау және/немесе сарқынды суларды бұру қызметтерін көрсетуді пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

есептеу құралдарын тексеру - есептеу құралдарының жай-күйін зерттеу, техникалық талаптарға сәйкес келетіндігін айқындау және растау және олардың көрсеткіштерін жазып алу мақсатында Қызмет берушінің өкілі орындайтын операциялар жиынтығы;

есептеу құралы - заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат берілген суды коммерциялық есептеуге арналған техникалық құрылғы;

есепті кезең - Тұтынушымен қызметтер көрсеткені үшін есеп айырысатын айдың бірінші күнінің 00-00 сағатынан бастап соңғы күнінің 24-00 сағатына дейінгі бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде Шартта белгіленген кезең;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894

қаулысымен , 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз)
Қаулысымен.

2. Шарттың мәні

2. Қызмет беруші Шарттың талаптарына сәйкес Тұтынушыға сумен жабдықтау және/немесе сарқынды суды бұру жөніндегі қызметтер көрсетуге (бұдан әрі - қызметтер көрсету) міндеттенеді, ал Тұтынушы ұсынылған қызметке ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Ұсынылатын қызметтер көрсетудің сипаттамалары мен берілетін судың сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, санитариялық-гигиеналық қағидалар мен нормаларға, ұлттық стандарттарға сәйкес болуға тиіс.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

4. Шарт техникалық шарттарды орындау кезінде сумен жабдықтау және/немесе сарқынды суларды бұру желілеріне қосылған қажетті жабдық Тұтынушыда болған кезде онымен жеке тәртіппен жасалады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

Заңнамада көзделген жағдайларда, Тұтынушы Шарт жасасу жөніндегі өзінің өкілдігін үшінші тұлғаға беруге құқығы бар.

5. Қызметтер көрсету ұсыну режимі - тәулік бойы.

6. Кондоминиум объектілерінің су құбыры желісін пайдалану жауапкершілігінің бөлу шекарасы жеке тұрғын үй құрылысы объектілерінің және заңды тұлғалардың ғимаратына кірердегі соңғы ысырманың бөлуші фланеці - Қызмет берушінің су құбыры желілеріне қосу орнындағы айдау-ажыратқыш арматураның соңғы фланеці болып табылады.

Кондоминиум объектілерінің сарқынды суларды бұру жүйесіндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы елді мекеннің сарқынды суларды бұру жүйелеріне қосылған жердегі құдық болып табылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

3. Қызметтер көрсетудің шарттары

7. Қызметтер көрсетуді беруді тоқтата тұру:

- 1) авария жағдайы не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төнген;
- 2) Қызмет берушінің желісіне өз бетімен қосылған;

3) есеп айырысу кезеңінен кейінгі екі айдың ішінде қызметтер көрсету үшін төлем жасалмаған;

4) Қызмет берушінің өкілдерін есептеу құралдарына бірнеше рет жібермей қойған;

5) труба құбырларына дезинфекция жүргізу қажет болған жағдайларда;

6) нормативтік құқықтық кесімдермен және Тараптардың келісімімен көзделген басқа да жағдайларда жүргізіледі.

Осы тармақтың 3), 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тұтынушы қызметтер көрсетуді беруді тоқтатқанға дейін кемінде бір ай бұрын хабардар етіледі.

8. Шарттың 7-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айтылған жағдайларда Тұтынушыны қосу туындаған бұзушылықтарды болдырмау және жою кезінде жүргізіледі.

Шарттың 7-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін Тұтынушыға қызметтер ұсынуды тоқтата тұрған жағдайда, қосу борышты өтегеннен кейін жүргізіледі. Бірнеше рет ажыратылған жағдайда қосу борышты өтегеннен және қосқаны үшін ақы төлегеннен кейін жүргізіледі. Қосу құны монополияға қарсы аумақтық органмен келісіледі.

Қосқаны үшін төлем өндіріп алынбайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

4. Қызметтер көрсетудің құны мен оған ақы төлеу тәртібі

9. Осы шарт бойынша ұсынылған қызметтер көрсетуге қабылданған ақы төлеу реттеуші орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Қызметтер көрсетудің құны шарттың өзге талаптары сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, қызметтер көрсетуді ұсыну жағдайларынан басқа жағдайларда, барлық тұтынушылар үшін бірдей белгіленеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

10. Ақы төлеуді Тұтынушы нақты ұсынылған қызметтер көрсетудің мөлшері үшін ай сайын төлем құжатының негізінде, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, келесі есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде жүргізеді.

5. Қызметтер көрсетуді беруді және тұтынуды есепке алу

11. Берілген су мөлшері жеке есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша, жеке есептеу құралдары болмаған кезде нақты тұратын адамдар санына сәйкес деректерді бөле отырып, жалпы үйдің есептеу құралының көрсеткіштері бойынша, ал олар болмаған кезде осы елді-мекен үшін бекітілген су тұтыну нормалары бойынша есеп айырысу жолымен белгіленеді.

Қызмет берушімен есеп айырысу үшін өрт сөндіру автоцистерналарына құюға пайдаланатын судың мөлшері жолға шығатын техникамен өрт сөндіру депосы ғимараттарында ескерілмейді.

Жеке есептеу құралдары мен жалпы үйдің есептеу құралы 100% болған кезде жалпы үйдің есептеу құралының көрсеткіштері мен жеке есептеу құралдарының жиынтық көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылық нақты тұратын адамдардың санына сәйкес, өзге жағдайларда - тараптардың келісімі бойынша кондоминиум объектісі меншік иелерінің ақы төлеуіне жатады.

Ескерту. 11-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

12. Тұтынушыдан бөлінген су мөлшері сарқынды суларды бұру жүйесіне:

1) ыстық сумен жабдықтау жүйесі жабық кезде, жергілікті су жылытқыш пайдаланылған жағдайда - берілген суық су мөлшеріне;

2) ыстық сумен жабдықтау жүйесі ашық кезде, ыстық су орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен жағдайда - берілген суық су мөлшеріне ыстық сумен жабдықтауға берілген судың мөлшерін қосып тең қабылданады .

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

13. Сарқынды суларды бұру жүйесіне құйылмайтын су сарқынды суларды бұру қызметтерін көрсетуі үшін ақы есептеу кезінде есепке алынбайды.

Есепке алынбайтын судың көлемі технологиялық есеп айырысуларға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

14. Есептеу құралдарынсыз Тұтынушыны тікелей қосуға Қызмет берушінің рұқсатымен уақытша жол беріледі. Мұндай жағдайда берілген қызметтер көрсетудің мөлшерін Қызмет беруші есеп айырысу жолымен су тұтыну нормалары бойынша белгілейді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

15. Есепке алу Тұтынушының кінәсінен тыс уақытша бұзылған кезде қызметтер көрсеткені үшін есеп айырысу алдыңғы есепті кезеңнің орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

16. Пәтерде немесе жеке үйде орнатылған есептеу құралдарының сақталуын камтамасыз ету Тұтынушыға жүктеледі. Қызмет беруші есептеу құралдарын арнайы бөлінген үй-жайға орнатқан кезде олардың сақталуы үшін Қызмет беруші жауап береді.

17. Есептеу құралдарын белгісіз бір тұлғалар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, оның сақталуына жауапты тұлға, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, бір ай мерзімде есептеу құралдарын қалпына келтіруге міндетті. Есептеу құралдарын қалпына келтіру сәтіне дейін Қызмет беруші Тұтынушыны сумен жабдықтау желілеріне қосады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

17-1. Тұтынушыда суды есептеу сызбаларының бұзылу, басқару тораптарында және есептеу құралдарында пломбаларды жұлып алу және есептеу құралдарының көрсеткіштерін бұрмалауға икемді құралдар орнату фактілері анықталған жағдайда, Тұтынушыға осы фактілер табылған күнге дейінгі соңғы тексеру жүргізілген сәттен бастап суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі, бірақ құбырдың басқару торабына дейін ол тәулігіне 24 сағат жұмыс істеп тұрған кезде толық өткізу қабілеттілігінің есебінен екі айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

6. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

18. Тұтынушы:

1) қызметтер көрсетуді белгіленген сапада, оның денсаулығына қауіпсіз, оның мүлкіне зиян келтірмейтін Шарттың талаптарына сәйкес мөлшерде алуға;

2) қажетті көлемдегі сарқынды суды рұқсат етілген жүктемелер шегінде айдауға;

3) Қызмет берушіден қызметтер көрсетуді есептеу құралдарын орнатуды талап етуге;

4) Қызмет берушінің заңнамаға қайшы келетін әрекеттерін немесе әрекетсіздігін уәкілетті органға және (немесе) сот тәртібімен шағым жасауға;

5) қызметтер көрсетуге арналған тариф жобасын талқылау жөнінде өткізілетін жария тыңдауларға қатысуға;

6) уақтылы төлем жасаған кезде оған қажетті көлемде қызметтер көрсетуді пайдалануға;

7) Қызмет берушіден қызметтер көрсетуді тиісінше ұсына алмау салдарынан өмірге, денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген залалды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық залалды өтеуді белгіленген тәртіппен талап етуге;

8) ұлттық стандарттарда және өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметтер көрсетуді ұсынған жағдайда қызметтер көрсетудің құнын қайта есептеуді талап етуге;

9) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен.**

10) егер Қызмет беруші белгіленген тәртіппен шот қоймаса, алынған қызметтер көрсету үшін ақы төлеуді жүргізбеуге;

11) Қызмет берушіні бұл туралы бір айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама берген кезде ұсынылған қызметтер көрсетуге ақы төлеп, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894, 23.07.2013 № 735 қаулыларымен.

19. Т ұ т ы н у ш ы :

1) берілген төлем құжаттарына сәйкес ұсынылған қызметтер көрсетуге уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) Қызмет берушіге қызметтер көрсетуді пайдалану кезінде туындаған сумен жабдықтау, сарқынды суларды бұру жүйелері құрылысының және есептеу құралдарынан жұмысындағы ақаулар туралы, ал сумен жабдықтау мен сарқынды суларды бұру жүйесінің құрылысы бұзылған немесе ластайтын, улы заттарды авариялық тастау жағдайында - төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жергілікті органдарға, мемлекеттік өртке қарсы қызметке, санитарлық-эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғау қызметіне де дереу хабарлауға;

3) Қызмет беруші өкілдерінің желілердің, құралдардың және жабдықтардың техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін есептеу құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4) қызметтер көрсетуді пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті;

5) оның басқаруындағы немесе қызмет көрсетуіндегі сумен жабдықтау және сарқынды суларды бұрудың пайдаланылатын жүйелерінің сақталуын, тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24 N 894 ; 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

7. Қызмет берушінің құқықтары мен міндеттері

20. Қызмет беруші:

1) ұсынылған қызметтер көрсету үшін уақтылы және толық көлемде ақы алуға ;

2) <*> **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен.**

3) реттеуші орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданыстағы кезеңіне барлық Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтер көрсету үшін тарифтерді азайтуға;

4) сумен жабдықтау, сарқынды суларды бұру жүйелері құрылысына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және есептеу құралдарын тексеру мен тексерісті ұйымдастыруға;

5) қызметтер көрсетуді тұтынуға және оған ақы төлеуді бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

21. Қызмет беруші:

1) Тұтынушыға Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуді уақтылы және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуге;

2) <*> **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен.**

3) Тұтынушыларға қызметтер көрсетуді есептеу құралдарын сатып алуға және орнатуға;

4) ұсынылатын қызметтер көрсетудің сапасы мен мөлшеріне есеп жүргізуге және оны бақылауға, қызметтер көрсетуді ұсынудағы бұзушылықтардың алдын алу және оларды жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

5) <*> **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен.**

6) Тұтынушымен қызметтер көрсетуді ұсынуға арналған шарт жасасуға;

7) Тұтынушыға ұсынылатын қызметтер көрсетуге ақы төлеуге келесі есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде төлем құжатын ұсынуға;

8) Тұтынушыларды тарифтердің өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге;

9) Тұтынушының негізделген талаптары бойынша 24 сағаттың ішінде ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру жөнінде шаралар қолдануға;

10) Тұтынушының сумен жабдықтау мен сарқынды суларды бұру желілерін, есептеу құралдарын тексеру кезінде, сондай-ақ есептеу құралдарының көрсеткіштерін алған кезде қызметтік куәлікті көрсетуге;

11) алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде Тұтынушыға ауыз суды көлік құралдарымен жеткізіп беруге міндетті.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен , 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Тараптарды шектеу

22. Тұтынушыға:

1) Қызмет берушімен келісімсіз үй ішіндегі желілерді, сумен жабдықтау, сарқынды суларды бұру жүйелері құрылыстары мен есептеу құралдарын қайта жабдықтауға;

2) қызметтер көрсетудің қолда бар есептеу схемаларын бұзуға тыйым салынады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен.

23. Қызмет берушіге:

1) басқа Тұтынушылардың талаптарды орындамауы себептері бойынша Тұтынушыны қызметтер көрсетуді ұсынудан бас тартуға немесе қызметтер көрсетуді алудан шектеуге;

2) ұсынылған қызметтер көрсету үшін реттеуші орган белгілегеннен артық ақы алуға;

3) Тұтынушыдан қызметтер көрсетуге оларға төлемдер құжаттарын ұсынбай ай сайын ақы төлеуді, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер үшін алдын ала ақы төлеуді талап етуге тыйым салынады.

24. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгеше түрде бұзатын іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

9. Тараптардың жауапкершілігі

25. Жабдықтар мен инженерлік желілерді тиісінше ұстау үшін жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілік бөлу шекаралары бойынша айқындалады.

26. Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа заңнамаға сәйкес келтірілген зиянның орнын толтырады.

27. Ұсынылған қызметтер көрсеткені үшін төлемнің мерзімі өткен жағдайда Тұтынушы Шартқа сәйкес (30-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасынан аспайтын мөлшерде осы сомаларды төлейтін күнде қолданылатын, әрбір мерзімі өткен күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасын негізге ала отырып есептелген тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айып мөлшерін белгілеу Тұтынушымен Шарт жасасқан кезде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеудің басталу мерзімі, егер Тараптардың келісімімен өзгеше айтылмаған болса, келесі айдың 26 күні болып табылады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

28. Егер Қызмет беруші үшін Тұтынушыға Қызмет берушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен қызметтер көрсету ұсыну мүмкін болмаса, Тұтынушы алдында Қызмет беруші жауап береді.

29. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

30. Құжатпен расталған ауыр материалдық шығынға немесе уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкеп соқтырған ауырған немесе жазатайым оқиға кезінде Тараптардың келісімі бойынша Тұтынушыға оның жазбаша өтініші бойынша өсімпұл есептеу жөніндегі мерзім ұзартылуы мүмкін.

10. Форс-мажор мән-жайлары

31. Тараптардың бір де біреуі форс-мажор мән-жайлары басталған жағдайда, яғни Шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісті орындамауына әкеп соқтырған еңсерілмес күш жағдайлары (табиғи апат немесе болжау немесе алдын алу мүмкін емес өзге де жағдайлар), сондай-ақ әскери іс-қимылдар, ереуілдер және басқа да жағдайлар басталған жағдайда басқа тараптың алдында жауапты болмайды .

Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Қызмет беруші олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы Тұтынушыларға ресми бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмес күш жағдайларының әрекет ету мерзіміне, бірақ осындай жағдайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатылуы мүмкін.

Егер еңсерілмес күш жағдайы 3 және одан да көп айларға созылған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы басқа тарапқа болжалды бұзу күніне дейін кемінде жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей алдын ала хабарлаған кезде Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

11. Жалпы ережелер және дауларды шешу

32. Тараптар өздерінің құқықтық қатынастарында Шартты және қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады.

33. Қызметтер көрсетуді ұсыну Шарты Тұтынушының белгіленген тәртіппен іс жүзінде желілерге бірінші қосу сәтінен бастап күшіне енеді.

Егер тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе, жеке және заңды тұлғалар үшін Шарттың іс-әрекеті мерзімсіз, ал мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес болып табылады.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .

34. Шарттың талаптарын бұзу немесе өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жүргізіледі.

35. <*> **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 894 қаулысымен .**

36. Тараптардың бірі Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе бұзған кезде, екінші тарап келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар қоя отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

37. Тараптардың арасындағы келісімге қол жетпеген кезде, даулар мен қайшылықтар сот тәртібімен шешіледі.

38. Шарт Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар 2 данада жасалады .

39. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген сәттен бастап қолданысқа енгіzedі.

40. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шарттың нормаларына қайшы келмейтін басқа талаптармен толықтырылуы мүмкін.

41. Шартта айтылмаған Тараптар арасындағы қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.

12. Тараптардың деректемелері

Қызмет беруші: _____	Тұтынушы: _____
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	
2 0 0 3	2 8
ж ы л ғ ы	қ а р а ш а д а ғ ы
N	қ а у л ы с ы м е н
1 1 9 4	
б е к і т і л г е н	

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.23. N 458 қаулысымен .

**Мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді
ұсынуға арналған
үлгі шарт**

200_ жылғы "___" _____

_____ (шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Қызмет беруші деп аталатын, _____
(қ ұ ж а т т ы ң а т а у ы)

_____ негізінде әрекет ететін, мұнай тасымалдау бойынша табиғи монополияның қызметтер көрсетуін (бұдан әрі - Қызметтер көрсету) ұсынатын

_____ (қызметтер көрсетуді ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары, атынан мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берген күні мен орган) _____ бір тараптан және (лауазымы, аты-жөні)

бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын, _____ атынан (тұтынушының атауы) _____ екінші тараптан, бұдан әрі (лауазымы, аты-жөні)

Тараптар деп аталатындар мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Қызмет берушінің магистралды мұнай құбырларының жүйесі (бұдан әрі - ММ жүйесі) - мұнайды қабылдау пункттерінен оны жүкті алушыға беру пункттеріне дейін тасымалдауды, көліктің басқа түріне ауыстырып құюды немесе басқа сабақтас құбыр жүйелеріне беруді қамтамасыз ететін жер асты, су асты, жер беті және жер үсті құбырларынан, мұнайды қайта айдау станцияларынан, сорғы станцияларынан, резервуарлардан, мұнайды қабылдау, тапсыру, құйып алу, құю, жылыту, араластыру пункттерінен және басқа да технологиялық объектілерден тұратын бірыңғай технологиялық жүйе;

тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсету - мұнайды қабылдау, қайта айдау, ауыстырып тиеу, құйып алу, құю, сақтау және араластыру жөніндегі қызметтер көрсету ;

мұнайды тапсыру және қабылдау пункті (бұдан әрі - ТҚП) - мұнайды

кабылдау және тапсыру жүргізілетін, кабылдау-тапсыру құжаттары ресімделетін
п у н к т ;

жүкті алушы - Тұтынушы немесе Тұтынушы тасымалдау бағытының соңында
ТҚП-ға мұнайды қабылдауға уәкілеттік берген тұлға;

мұнай - шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ, сондай-ақ шикі
мұнайды, табиғи газды тазартқаннан кейін және жанар тақтатастарын немесе
шайырлы құмдарды өңдеуден кейін алынған көмірсутегі;

кесте - мұнайды Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына жеткізу кестесі (
жылдық, тоқсандық, айлық) және Қазақстан Республикасының құзыретті
мемлекеттік органы бекіткен экспорт;

позициялық кесте - белгіленген тәртіппен бекітілген және келісілген теңіз
порттарындағы тоннажды беру және орналастыру кестесі;

төлемге тапсырма - мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге
алдын ала ақы төлеу құжаты;

бағыттық тапсырма (бұдан әрі - БТ) - Қызмет берушінің өзінің филиалдарына
қажетті жүк ілеспе құжаттары, мұнайды тасымалдау бағыты, бағыт басында
ТҚП-де ММ жүйесіне қабылданатын және бағыт соңында ТҚП-де Жүк алушыға
тапсырылатын мұнай мөлшері, иеленуші, мұнайды беру тәртібі және соңғы Жүк
алушы көрсетілген мұнай партиясын тасымалдау жөніндегі операцияларды
жүзеге асыруға арналған тапсырмасы;

тасымалдаудың айлық кезеңі (бұдан әрі - ТАК) - мұнайды тасымалдау және
оны есепке алу жүргізілетін мәскеу уақытымен қысқы кезеңде күнтізбелік айдың
1-күнінің 06:00 сағатынан бастап және мәскеу уақытымен жазғы кезеңде
күнтізбелік айдың 1-күнінің 07:00 сағатынан бастап мәскеу уақытымен қысқы
кезеңде келесі айдың 1-күнінің 06:00 сағатына дейінгі және мәскеу уақытымен
жазғы кезеңде келесі айдың 1-күнінің 07:00 сағатына дейінгі уақыт аралығы;

тасымалдаудың жылдық кезеңі (бұдан әрі - ТЖК) - 12 ТАК-ты қамтитын
ұзақтығы бір күнтізбелік жыл мұнайды тасымалдау кезеңі;

мұнайдың міндетті ең аз жылдық көлемі - ТЖК ішінде БТ жүйесіне
Тұтынушы жеткізуге міндетті, Шарттың 4-тармағына сәйкес және Қазақстан
Республикасының құзыретті мемлекеттік органымен белгіленген тәртіппен
келісілген мұнай тасымалдаудың жекелеген бағыттары бойынша Тараптар
к ө з д е й т і н м ұ н а й к ө л е м і ;

мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемі - мұнайдың міндетті ең аз жылдық
к ө л е м і н і ң 1 / 1 2 ;

мұнайдың кем жеткізілген көлемі - мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемінің
немесе айлық кестеде (егер ол міндетті ең аз айлық көлемнен кем болған
жағдайда) бекітілген мұнай көлемінің және ММ жүйесіне тасымалдау үшін ТАК
ішінде нақты тапсырылған мұнай көлемінің арасындағы айырма;

мұнайдың толық мәлімделмеген көлемі - мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемі мен есепті ТАК-қа Тұтынушы тасымалдау үшін мәлімдеген мұнай көлемінің арасындағы айырма;

техникалық келісім - Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын ММ жүйесіне мұнайды қабылдау тәртібі туралы Техникалық келісім.

2. Шарттың мәні

2. Қызмет беруші Тұтынушыға мұнайды ММ жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі рыногына жеткізу үшін және/немесе мұнайды кейіннен Жүк алушыға беру арқылы экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

3. Тұтынушы бағыттың басында ТҚП-ға ММ жүйесіне тасымалдауға арналған мұнай көлемін тапсыруға және мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуге міндеттенеді.

4. Мұнайдың міндетті ең аз жылдық көлемі мынаны құрайды:

3. Қызмет берушінің құқықтары мен міндеттері

5. Қызмет берушінің:

1) Тұтынушыдан ұсынылатын қызметтер көрсету үшін Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда уақтылы ақы алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушының сақтауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

3) уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіппен барлық Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтер көрсету үшін тарифтерді азайтуға;

4) Тұтынушыдан бағыт басында ТҚП-ға мұнайдың міндетті ең аз көлемін ММ жүйесіне Шартта белгіленген талаптарда уақтылы тапсыруды талап етуге;

5) Тұтынушыға мұнайды қабылдаудан және тасымалдаудан, соның ішінде мынадай себептер бойынша:

бағыттың соңында ТҚП-ға мұнайды қабылдаудан бас тартқан немесе Тұтынушының ММ жүйесінде бар ресурстарын таратпаған жағдайда;

Тұтынушы мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсету үшін ақы төлемеген жағдайда;

Шарттың 8-тармағының 3), 4) тармақшаларына сәйкес құжаттарды ұсынбаған жағдайда жауапкершілікке алып сақтаудан бас тартуға құқығы бар.

6. Қызмет беруші:

1) Тұтынушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде Шарттың қолданылу мерзімі ішінде айлық кестеде көрсетілген Тұтынушының мұнай көлемдерін тасымалдау жөніндегі қызметтерді Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда көрсетуге;

2) Тұтынушыны мұнайды қабылдауды шектеуге әкелетін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы жедел хабардар етуге;

3) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ММ жүйесінің техникалық мүмкіндіктері шегінде жекелеген сегменттерге де, сол сияқты тұтастай алғанда ММ жүйесіне де қолдануға болатын Тұтынушының мұнайға кемсітпеушілікпен қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4) есепке алудың негізгі және резервтік схемасы бойынша мұнайдың мөлшері мен сапасын өлшейтін құралдардың жай-күйі мен қолданылуына метрологиялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

5) айлық кестені, позициялық кестені алған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде Тұтынушының мұнай көлемдерін және тасымалдау бағыттарын көрсете отырып, Тұтынушыға хабарлама жолдауға;

6) айлық кесте негізінде төлемге арналған тапсырмаларды ресімдеуді жүргізуге, оларды Тұтынушыға Шарттың 6-бөліміне сәйкес тасымалдау жөніндегі Қызметтер көрсетуге ақы төлеу үшін жолдауға;

7) Қызмет берушінің банктік шотына төлемге арналған тапсырмаға сәйкес толық ақының түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бағыттық тапсырманы шығаруды қамтамасыз етуге;

8) Тұтынушыға мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге тарифтердің өзгерістері туралы оларды қолданысқа енгізгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабарлауға;

9) Тұтынушыға ТАК-тен кейінгі айдың 10-күніне дейін ММ жүйесі бойынша ТАК үшін мұнайды қабылдаудың және жеткізудің нақты көлемдері туралы мәліметтер беруге;

10) Тұтынушының мұнайды тасымалдауға арналған өтінімін оның түскен күнін міндетті түрде көрсете отырып уақтылы тіркеуге;

11) Тұтынушымен жасалатын көліктік экспедицияның жеке шарты негізінде таяу және/немесе алыс шет елдерге экспортталатын мұнайды жөнелтумен байланысты қызметтер кешенін көрсетуді қамтамасыз етуге;

12) Шартқа қол қойылған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде Тұтынушыға Шарттың 8-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген өтінімдер нысанын ұсынуға міндетті.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

7. Тұтынушының :

1) тиісті сападағы қызметтер көрсетуді алуға және Қызмет берушіден ұлттық стандарттарда және өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметтерді ұсынған жағдайда қызметтер көрсету құнын қайта есептеуді талап етуге ;

2) Қызмет берушіден ТАК-тен кейінгі айдың 10-күніне дейін есепті ТАК ішінде ММ жүйесі бойынша мұнайды қабылдаудың және жеткізудің нақты көлемдері туралы мәліметтер алуға ;

3) Қызмет берушіге өзінің өкілдері арқылы Шарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін, оларды берген күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде олардың түпнұсқаларын ұсынған жағдайда беруге ;

4) Қызмет берушіде мұндай қосымша көлемдерді тасымалдаудың техникалық мүмкіндіктері болуы жағдайында мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемінен асатын мұнайдың қосымша көлемін тапсыруды және тасымалдауды мәлімдеуге құқығы бар .

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен .

8. Тұтынушы :

1) Қызмет берушіге мыналарды жолдауға :

а) ТЖК алдындағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін - алдын ала; ТЖК алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін - нақтыланған нысан бойынша: Шарттың 4-тармағына сәйкес мұнайдың міндетті ең аз жылдық көлемін қоса алғанда, Қызмет беруші белгілеген нысан бойынша мұнайды жоспарланатын тоқсандық көлемге бөле отырып, ММ жүйесі бойынша мұнай тасымалдаудың жоспарланатын көлемдері туралы жылдық өтінімді. Жоспарланатын ТЖК-ге арналған нақтыланған жылдық өтінім мәлімделген көлемдерді жылдық Кестеге қосу үшін негіз болып табылады ;

б) келесі тоқсан басталғанға дейін қырық бес күнтізбелік мерзім бұрын Қызмет беруші белгілеген нысан бойынша мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемін қоса алғанда, Қызмет беруші белгілеген нысан бойынша мұнайды жоспарланатын айлық көлемге бөле отырып, ММ жүйесі бойынша мұнай тасымалдаудың жоспарланатын көлемдері туралы тоқсандық өтінімді ;

в) ТАК алдындағы айдың 10-күнінен кешіктірмей мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемін қоса алғанда, Қызмет беруші белгілеген нысан бойынша мұнайды ММ жүйесі не тапсыруға және оны тасымалдауға арналған айлық өтінімді. Осы мерзімде ұсынылған айлық өтінімдер "бастапқы айлық өтінімдер" (бұдан әрі -

БАӨ) деп аталады. ТАК-ке тасымалдауға осы тармақта көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған барлық айлық өтінімдер "қайталама айлық өтінімдер" (бұдан әрі - ҚАӨ) ретінде қаралатын болады. ҚАӨ ММ жүйесінің техникалық мүмкіндігінің болуы жағдайында бекітілген айлық кестені толықтыру үшін ғана пайдаланылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органы айлық кестені бекіткеннен кейін Тұтынушының айлық кестеде көрсетілген мұнай жеткізуі көлемін азайту мақсатындағы Тұтынушының өтінімдерді енгізуіне жол берілмейді;

2) Шартты қолданудың бүкіл мерзімі ішінде тиісті негізде бекітілген Кестеде көрсетілген мұнайдың көлемін ММ жүйесіне беруге;

3) Қазақстан Республикасының ішкі рыногына мұнайды тасымалдау кезінде Шарттың 6-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде Қызмет берушіге өзінің өкілдері арқылы мынадай құжаттар пакетін тапсыруға:

а) Тұтынушының мұнайдың барлық аралық иелерін және түпкі Тұтынушыны көрсете отырып, мұнайды өзінің ресурстарынан жеткізу туралы растамасын (хаттың бланктегі түпнұсқасы);

б) Қазақстан Республикасы МӨЗ-дің түпкі Жүк алушыны көрсете отырып, мұнайды қабылдауға келісімі туралы растамасын;

4) мұнайды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерге тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес өз бетінше және өз есебінен құжаттаманы ресімдеуге және Қызмет берушінің мұнай көлемдерін және оны тасымалдау бағыттарын көрсете отырып, хабарлама жіберген күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде Қызмет берушіге өзінің өкілдері арқылы мынадай құжаттар пакетін:

а) мұнайды экспортқа темір жол көлігімен және Ақтау порты арқылы жеткізген кезде:

мұнайды экспорттауға арналған уақытша жүк кеден декларациясының түпнұсқасын;

тауардың шығарылған жері сертификатының көшірмесін;

б) мұнайды ММ жүйесі бойынша экспорттау (импорттау) кезінде: мұнайды экспорттауға (импорттауға) арналған уақытша жүк кеден декларациясының түпнұсқасын (4-дана);

тауардың шығарылған жері сертификатының көшірмесін;

Тұтынушының түпкі Жүк алушының бағытын көрсете отырып, мұнайды өзінің ресурстарынан жеткізу туралы растамасын (хаттың бланктегі түпнұсқасы) беруге құқылы;

5) ұсынылған қызметтер көрсетуге осы Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

6) Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органына және Қызмет берушіге кестеде бекіту үшін берілетін тасымалдауға арналған жылдық (айлық) өтінімде Шарттың 4-тармағында көрсетілген көлемнен төмен емес мұнайдың міндетті ең аз жылдық (айлық) көлемін көрсетуге;

7) ММ жүйесіне алдыңғы ТАК үшін мұнайдың толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлемін қосымша келесі ТАК-те тасымалдау үшін мәлімдеуге және беруге. Ауыспалы толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлем міндетті ең аз айлық көлемнен __% аспауға тиіс. Өтінімдерді түзетуге және Тұтынушының ММ жүйесіне мұнайдың қосымша көлемін мұнайдың толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлемі есебінен беруге есепті тоқсанның шегінде рұқсат етіледі;

8) БТ ресімделгеннен кейін мұнайды тасымалдауға жүк ілеспе құжаттарын қа й т а р ы п а л м а у ғ а ;

9) Қызмет беруші және Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген техникалық талаптарды орындауға;

10) Тұтынушының құрылтай құжаттарындағы және деректемелеріндегі барлық өзгерістер туралы тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде Қызмет берушіге хабарлауға міндетті.

5. Мұнайды көлемі мен сапасы бойынша қабылдау және тапсыру тәртібі

9. Қызмет беруші мұнайды бағыттың соңында ТҚП-ға тасымалдау және тапсыру жөніндегі барлық қызметтер көрсетуді белгіленген техникалық талаптарға, Қызмет берушінің белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген нормативтік-техникалық құжаттарына және Техникалық келісімге сәйкес жү р г і з е д і .

10. Тұтынушы мұнайды ММ жүйесіне бағыттың басында ТҚП-ға Шартта көзделген тәртіппен тапсырады.

11. Тұтынушының ММ жүйесіне тапсырған барлық мұнай Қызмет берушінің жауапкершілікпен сақтауында болады. Мұнайды жауапкершілікпен сақтау үшін тариф есептеу толық ТАК-те ММ жүйесінде болған мынадай үлгімен анықталатын мұнайдың бөлінбеген қалдығынан (көлемін құзыретті мемлекеттік орган бекітетін ұтқырлық, технологиялық қалдықтарды шегергенде) жүргізіледі:

а) егер ТАК соңында мұнайдың бөлінбеген қалдығы ТАК басындағы қалдықтан артық болған жағдайда, онда ТАК басындағы бөлінбеген қалдық толық ТАК-те сақталған көлем болып саналады;

б) егер ТАК соңында мұнайдың бөлінбеген қалдығы ТАК басындағы қалдықтан аз болған жағдайда, онда көлем ТАК соңындағы бөлінбеген қалдық

толық ТАК-те сақталған көлем болып саналады.

12. Мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсету БТ негізінде ММ жүйесіндегі мұнайдың технологиялық жүк ағыны схемасына сәйкес бағыттар бойынша жүргізіледі.

13. Қызмет беруші мұнайды Жүк алушыға беруді бағыттың соңында ТКП-ға сапа паспорттарын және қабылдау-тапсыру актілерін ресімдей отырып мынадай тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының МӨЗ-іне жеткізу кезінде - мұнайды жеткізу жүзеге асырылатын МӨЗ өкіліне;

2) Кеңкияқ-Орск мұнай құбыры арқылы жеткізу кезінде - "Орскмұнайоргсинтез" ААҚ өкіліне немесе оның "Орск" ТКП-дағы құқықтық мұрагеріне;

3) Ақтау порты арқылы мұнайды тиеу кезінде - Жүк алушыға;

4) мұнайды темір жол мұнай құю (құйып алу) эстакадаларында және мұнайды құюдың (құйып алудың) автомобиль пункттерінде тиеу кезінде - жүк алушыға;

5) Өзен-Атырау-Самара мұнай құбыры арқылы жақын және алыс шет елдер бағытына және Ресей Федерациясының МӨЗ-іне жеткізу кезінде "Привольжские магистральные нефтепроводы" ААҚ өкіліне немесе оның "Самара" ТКП-дағы құқықтық мұрагеріне ресімдеп жүзеге асырады (Тараптар мұнайды тасымалдау бағыттарына байланысты осы тармақты басқа ережелермен толықтыруға құқылы)

14. Жүк алушыға бағыттың соңында ТКП-де тапсырылған мұнайдың таза салмағы бойынша іс жүзіндегі мөлшері Тұтынушыдан бағыттың басында ТКП-де қабылданған мөлшерден қолданыстағы табиғи кему нормаларына сәйкес есептелген мұнайдың ысырап көлемінен аз болуы тиіс.

15. Тұтынушы негізгі схема бойынша мұнайдың мөлшері мен сапасын өлшеу құралдарының жұмысын реттейін нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарын сақтамаған кезде мұнайдың мөлшері мен сапасын анықтау жөніндегі рәсімдер бекітілген резервтік схемалар бойынша жүргізіледі.

16. Тасымалданатын мұнай көлеміне меншік құқығы бағыттың барлық өн бойында бағыттың басында ТКП-де ММ жүйесіне тапсырғаннан бастап оны бағыттың соңында ТКП-де Жүк алушы қабылданғанға дейін Тұтынушыда болады.

6. Тұтынушы тапсыратын мұнайдың сапасы

17. ММ жүйесі бойынша жеткізу үшін мұнайдың сапасы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс _____.

18. Қазақстан Республикасының ішкі рыногына жеткізу үшін мұнайдың

сапасы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс _____.

19. Мұнайда бос газдың және хлорорганикалық қоспалардың болуына жол берілмейді. Шарттың 17, 18-тармақтарында көрсетілген талаптарға сапасы бойынша сәйкес келмейтін мұнай ММ жүйесіне қабылданбайды.

20. Тұтынушы және Қызмет беруші Техникалық келісімге сәйкес мұнайды дайындау дәрежесін және сапасын бірге бақылайды.

7. Мұнайды тасымалдау кезінде құжаттарды ресімдеу тәртібі

21. Мұнайды БТ негізінде қабылдау және тапсыру (бағыттың басында және соңында ТҚП-де) Қызмет берушінің мұнайды ММ жүйесі бойынша тасымалдау кезінде есепке алу жөніндегі талаптарына сәйкес мынадай актілермен ресімделеді:

1) ММ негізінде бағыттың басында ТҚП-де ресімделген мұнайды қабылдау-тапсыру актісі мұнайды ММ жүйесіне тасымалдау үшін қабылдаудың р а с т а м а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) бағыттың соңында ТҚП-де ресімделген мұнайды қабылдау-тапсыру актісі Қызмет берушінің Шартқа сәйкес мұнайды тасымалдау жөніндегі міндеттемелерін орындағанын растайды.

22. Тұтынушы ММ жүйесінде жауапкершілікпен сақтаудағы мұнайды үшінші тарапқа берген жағдайда Тұтынушы міндетті түрде Қызмет берушіге мұнайды қабылдау-тапсыру актісін келісу үшін ұсынады, бір түпнұсқасы Қызмет берушіде қалады. Қызмет берушімен мұнайды қабылдау-тапсыру актісін келіспеген жағдайда мұнайдың берілген көлемін ресімдеу жүргізілмейді.

8. Ақы төлеу және есеп айырысу тәртібі

23. Мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге ақы төлеуді Тұтынушы төлем тапсырмасы және шот-фактура бойынша табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтерге сәйкес Тұтынушыға оларды қойған күннен бастап бес банктік күн ішінде жүргізеді. Тұтынушы төлем тапсырмасы бойынша ақы төлеуді 100% алдын-ала төлеу тәртібімен жүргізеді.

Тұтынушы тасымалдауға жататын, брутто-тонна салмағы бойынша мұнай көлемі үшін қызметтер көрсетуге ақы төлеуді жүргізеді.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

24. Төлем тапсырмасында және шот-фактурада көрсетілген Қызмет берушінің банктік шотына ақша іс жүзінде есептелген күн Тұтынушының Қызметтер көрсетуге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін іс жүзінде орындаған күн деп

г а н ы л а д ы .

25. Төлемді аударуға байланысты шығыстарды Тұтынушы көтереді.

26. Қызмет беруші Тұтынушыға Шарттың 6-тармағының 9) тармақшасына сәйкес мұнайды қабылдаудың және жеткізудің іс жүзіндегі көлем туралы мәліметтер негізінде, бағыт соңында ТҚП-ға іс жүзінде тапсырылған мұнайдың брутто салмағын көрсете отырып, шот-фактураны көрсетеді.

27. Ақы төлеу ақша әрбір төлем тапсырмасы және шот бойынша банк аударымдары арқылы аудару жолымен жеке жүргізіледі. Төлем тапсырмасында міндетті түрде ҚҚС сомасы, шарттың нөмірі, тасымалданатын мұнай мөлшері, төлем тапсырмасының, шоттың нөмірі және олардың шығарылған күні жеке ж о л м е н к ө р с е т і л у і т и і с .

28. Тұтынушы үшін қызметтер көрсетуге үшінші тұлғалардың ақы төлеуі Қызмет берушінің алдын ала келісімімен жүргізіледі. Бұл ретте төлем құжатында 27-тармақта көрсетілген мәліметтерден басқа, міндетті түрде Тұтынушының а т а у ы к ө р с е т і л е д і .

29. Әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін Тараптар:

- 1) Шарт бойынша өткен тоқсанның өзара есеп айырысуларына;
- 2) Тұтынушының өткен тоқсандағы мұнайды жеткізу көлеміне салыстыру ж ү р г і з е д і .

Мұндай салыстырулар Қызмет берушіде есепті тоқсан аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде жүргізіледі. Егер Тұтынушының уәкілетті өкілі есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30 күніне дейін салыстыруға келмесе, Қызмет беруші Тұтынушыға (факс арқылы) біржақты қол қойылған актіні жібереді, ал Тұтынушы оларды алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оларға қол қоюға не дәлелді қарсылық білдіруге және өзінің уәкілетті өкілі арқылы бір уақыттағы бағытпен факс арқылы көшірмелер жіберуге міндетті . Тұтынушы қол қойылған актілерді не жазбаша қарсылықтарын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10 күніне дейін ұсынбаған жағдайда салыстыру аяқталды деп, ал оның нәтижелері орындауға міндетті деп саналады.

9. Тараптардың жауапкершілігі

30. Осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті орындалмағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

31. Төлем тапсырмалары мен шоттары бойынша төлемінің мерзімі өткені үшін Тұтынушы Қызмет берушіге төлемнің мерзімі өткен күнінің іс жүзіндегі санын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жүргізілген күнге белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасы

мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

32. Мұнайды ММ жүйесіне қабылдау сәтінен бастап және оны Жүк алушыға ТҚП-ға берген сәтке дейін тасымалдаудың соңғы бағытында Қызмет беруші оның сақталуына жауап береді.

33. Осы Шарттың талаптарына сәйкес айып санкцияларын төлеу шот жіберілген күннен бастап бес банктік күн ішінде жүргізіледі.

34. Егер Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органы айлық (жылдық) кестеде Тұтынушының мәлімделген мұнай көлемін міндетті ең аз айлық (жылдық) көлемдерінен кем бекітсе, Тұтынушы мұнайдың толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлемі үшін жауапты болмайды, сондай-ақ Қызмет беруші де мұнайдың толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлемін ТАК ішінде тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетпегені үшін жауапты болмайды.

35. Тұтынушы айлық кестені орындамаған немесе орындаудан бас тартқан жағдайда және егер бұл жағдайлар Қызмет берушінің қайта айдау режимінің азаюына не мұнай құбырының кез келген учаскесінің тоқтауына әкеп соқтырса, Тұтынушы Қызмет берушінің талабы бойынша барлық жеткізілмеген көлем үшін немесе Тұтынушы бас тартқан көлемге белгіленген тарифтің 20% мөлшерінде айыппұл төлейді.

36. Егер Тұтынушы мұнайды бағытталған пунктінде қабылдауды қамтамасыз етпеген және бұл жағдай Тұтынушының мұнай тасымалдау үшін іске қосылған мұнай құбыры учаскесінің тоқтауына себеп болған жағдайда, ол Қызмет берушінің талабы бойынша мұнай партияларын тасымалдау бағытының басында ресімделген әрбір тонна үшін (таза салмақ) ақы төлеу күніне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) 0,05% мөлшерінде айыппұл төлейді.

37. Қызмет берушінің мұнай құйып алу (мұнай құю) эстакадасына олардың ақаулығынан, мұнайды құйып алу (мұнай құю) мүмкіндігін болдырмайтын ақаулы вагон-цистерналарын берген қажетті ілеспе құжаттары жоқ болған, сондай-ақ мұнай құйып алу эстакадаларына бос вагон-цистерналарды берген жағдайда Тұтынушы Қызмет берушіге оның талабы бойынша әрбір осындай вагон-цистерна үшін 5 (бес) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

38. Қызмет берушінің мұнай құйып алу (мұнай құю) эстакадалары құйып алынған (құйылған) вагон-цистерналарды мезгілсіз жинаумен байланысты Тұтынушының кінәсінен бос тұрып қалған жағдайда Тұтынушы Қызмет берушіге оның талабы бойынша мұнай құйып алу (мұнай құю) эстакадасының Тұтынушы мен Қызмет берушінің тиісті филиалы арасында жасалатын Мұнайды қабылдау тәртібі туралы техникалық келісімде белгіленген нормативтік уақыттан артық бос тұрып қалған әрбір сағаты үшін 30 (отыз) АЕК мөлшерінде өсім пұлын

т ө л е й д і .

39. 37, 38-тармақтарда көрсетілген әрбір жағдай бойынша Тараптардың өкілдері мен темір жол тасымалдаушының өкілімен тиісті акт жасалады. Тұтынушының өкілдері оған осындай актіні берген күннен бастап екі жұмыс күнінің ішінде актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда Қызмет берушінің уәкілетті өкілі қол қойған актіні Тұтынушы қабылдаған болып саналады.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

40. Вагон-цистерналарды пайдалану жөніндегі құқығын белгілейтін ілеспе құжаттарынсыз вагон-цистерналарды берген кезде Қызмет берушінің өкілдері вагон-цистерналардың нөмірін тіркейді.

Осы вагон-цистерналарды сол бір пайдаланушылар ілеспе құжаттарды бұза отырып, бір айдың ішінде қайта берген кезде Тараптардың өкілдері тиісті акт жасайды және осы Шарттың 37-бабына сәйкес айыппұл өндіріп алады.

41. Егер Тұтынушы мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемін есептік тоқсан ішінде мәлімдемеген және мәлімделмеген көлемді Шарттың 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес өтемеген жағдайда, ол Қызмет берушіге тиісті қызметтің тариф ставкасына есепті тоқсан үшін мәлімделмеген мұнай көлемін (таза салмағын) өндіру ретінде айқындалатын мөлшерде айыппұл төлейді.

42. Егер Тұтынушы (Қызмет беруші) есепті тоқсан ішінде ММ жүйесіне мұнайдың міндетті ең аз үш айлық көлемін (олар айлық кестелерде бекітілген жағдайда) тапсырмаған (қабылдамаған) және толық жеткізілмеген мұнай көлемін Шарттың 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес өтемеген жағдайда, ол Қызмет берушіге (Тұтынушыға) тиісті қызметтің тариф ставкасына есепті тоқсан үшін толық жеткізілмеген (қабылданбаған) мұнай көлемін (таза салмағын) өндіру ретінде айқындалатын мөлшерде айыппұл төлейді.

43. Тұтынушы Шарттың 8-тармағының 1) тармақшасында белгіленген өтінім беру мерзімдерін бұзған жағдайда, сондай-ақ өтінім Қызмет беруші белгілеген нысандарды бұзумен берілген жағдайда, Тұтынушы Қызмет берушіге 150 (бір жүз елу) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

44. Қызмет беруші Шарттың 6-тармағының 5), 7) тармақшаларын орындамаған жағдайда, Қызмет беруші Тұтынушыға 150 (бір жүз елу) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

45. Шарттың 8-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзғаны, сондай-ақ құжаттардың толық емес пакетін ұсынғаны үшін, Тұтынушы Қызмет берушінің талабы бойынша әрбір бұзушылық жағдайлары үшін 150 (бір жүз елу) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

46. Магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау шарттарын уақтылы ресімдемегені және Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік

органының кестелерімен бекітілген мұнайды ММ жүйесіне қабылдаудан негізсіз бас тартқаны үшін Қызмет беруші Тұтынушыға 150 (бір жүз елу) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

10. Форс-мажорлық мән-жайлар

47. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күштің мән-жайлары салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуі залалды өтеуге құқығы жоқ. Мұндай жағдайда Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі Шарт бойынша еңсерілмес күш мән-жайлары болғанға дейін туындаған міндеттемелерден босатылмайды.

48. Еңсерілмес күш жағдайлары пайда болған жағдайда Тараптар олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бұл туралы бір біріне Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған форс-мажордың басталған күнін нақтылайтын әрі сипаттайтын жазбаша хабарламаны беру не почтамен жіберу арқылы хабарлайды.

49. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмес күш мән-жайлары қолданылу мерзіміне, бірақ осындай мән-жайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі болған дәрежеде ғана тоқтатылуы мүмкін.

50. Егер еңсерілмес күш жағдайлары 3 және одан да көп айларға созылған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде жиырма күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

11. Жалпы ережелер және дауларды шешу

51. Тараптар Шарттың талаптарын орындаған кезде Шарттың ережелерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

52. Тараптар Шарттың талаптарын орындау кезінде бір бірінен алған кез-келген мәліметтер мен ақпараттың құпияда сақтауға міндетті (Құпия ақпарат). Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ оның қолданысы аяқталғаннан кейінгі бес жыл ішінде Құпия ақпаратты қандай да бір себеппен үшінші тұлғаларға басқа Тараптың алдын ала жазбаша рұқсатынсыз бермеуге міндеттенеді.

53. Тараптардың бірі құпия ақпаратты үшінші Тұлғаға берген жағдайда (Шарттың талаптарын орындауға қатысатын Тараптардың қызметкерлерін және

заңды уәкілетті мемлекеттік органдарды қоспағанда) беретін Тарап үшінші тұлғалардың алынған ақпараттың құпиялылығының сақталуын Шарттың талаптарына ұқсас шарттарда олармен жазбаша міндеттемеге қол қою жолымен қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

Құпия ақпаратты ашқан Тарап бұл міндеттемені бұзған жағдайда екінші Тарапқа құпиялылықты сақтамау нәтижесінде келтірілген зиянның орнын т о л т ы р а д ы .

54. Шарттың талаптарын орындау процесінде туындаған Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер ж о л ы м е н ш е ш е д і .

Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот т ә р т і б і м е н ш е ш і л е д і .

55. Шарт 200_ " ___ " _____ бастап күшіне енеді және 200_ жылғы " ___ " _____ дейін, ал орындалмаған міндеттемелер бөлігінде олар толық орындалғанға дейін қолданылады. Бұл ретте, Тұтынушы және Қызмет беруші міндетті түрде жыл сайын Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Техникалық келісім ж а с а с а д ы .

56. Екі Тараптың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт өзінің заңды күшін жоймайды және ол бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер олардың құқықтық мұрагерлеріне көшеді. Бұл ретте, Шарттың жаңа Тараптарының арасында тиісті келісімге қол қоюы міндетті болады.

57. Тараптар Шартқа Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

58. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған, екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана заңды болып табылады. Бұл ретте, Тараптар механикалық көшіру құралының көмегімен уәкілетті тұлға қолының факсимильдік көшірмесін пайдалануға жол береді.

12. Қорытынды ережелер

59. Шарт Тараптардың әрқайсысына бір данадан берілетін бірдей заң күші бар 2 түпнұсқалық данада жасалды.

60. Тараптардың Шарттан туындайтын қатынастары және олар реттемеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

61. Шарт Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар 2 данада жасалады .

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге

арналған Шарт Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген сәтінен бастап қолданысқа енеді.

13. Тараптардың деректемелері

Қызмет беруші: _____ Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 28 қарашадағы

№ 1194 қаулысымен

бекітілген

Аэронавигация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.03. № 616 қаулысымен .

_____ 200_ жылғы "___" _____

(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Орындаушы деп аталатын _____

(қызметтер көрсетуді ұсынатын

_____ субъектінің атауы, құрылтайшы құжаттары)

_____ атынан

(мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні және берген орган)

_____ негізінде әрекет ететін

_____ бір тараптан және бұдан

(лауазымы, аты - жөні)

әрі Тапсырысшы деп аталатын _____ негізінде әрекет

ететін пайдаланушы _____

(пайдаланушының деректемелері, құрылтайшы құжаттары,

_____ екінші

_____ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні және берген орган)

_____ тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Орындаушы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде (ұшу бағытында және әуеайлақ маңайында) Тапсырысшының әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету жөнінде қызметтер көрсетуді ұсынады.

2. Тапсырысшы аэронавигациялық қызметтер көрсетуге Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ақы төлейді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3 . О р ы н д а у ш ы :

1) ұшулардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында техникалық, метеорологиялық және басқа себептер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әуе кемелерінің жол жүру бағыттарын өзгертуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылатын қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді өзгертуге;

3) ұсынылатын қызметтер көрсету үшін уақтылы ақы алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

4 . О р ы н д а у ш ы :

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін Тапсырысшының мүдделеріне пайдалануды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланудың қолданыстағы талаптарына сәйкес үйлестіруді қамтамасыз етуге;

2) әуе кемелерінің (бұдан әрі - ӘК) ұшуын радиотехникалық қамтамасыз ету, электр-, радио байланыс құралдарын аэронавигациялық ақпарат құжаттарына сәйкес ұсынуға;

3) ұшу барысында ерекше жағдайлар туындаған кезде тиісті қызметтерді авариялық хабарлауды қоса алғанда, әуе қозғалысын тікелей басқаруды және ұшу барысында экипаждарға қажетті көмек көрсетуді қамтамасыз етуге;

4) ұшу уақытында Тапсырысшыны метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз етуге;

5) Тапсырысшының ӘК экипаждарын әуе қозғалысын басқару арналары арқылы түсетін жедел аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етуге;

6) авиациялық телеграф байланысы арналары арқылы ұшуларды тікелей орындауға байланысты хабарларды беруге;

7) Тапсырысшымен өзара қарым-қатынаста Қазақстан Республикасының авиация саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға;

8) Тапсырысшыны тарифтердің (алымдар ставкаларының) өзгеруі туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5 . Т а п с ы р ы с ш ы :

1) белгіленген сапада қызметтер көрсетуді алуға;

2) Орындаушыдан тарифтердің (алымдар ставкаларының) өзгергені туралы олар іске қосылғанға дейін отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

6 . Т а п с ы р ы с ш ы :

1) Орындаушыға қажетті жоспарларды және оған Қазақстан Республикасында ӘК қозғалысы туралы хабарлар табелінің талаптарына сәйкес ұшуларды орындауға арналған өзгерістер мен ұшуларды жоспарлау мәселелерін реттейтін басқа құжаттарды ұсынуға;

2) Орындаушыға ұшулар мен әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ұсынуға;

3) әуе көлігін пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

3. Төлем тәртібі

7. ӘК-ге аэронавигациялық қызмет көрсеткені үшін қызметтер көрсетуге ақы төлеу табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтерге сәйкес жүргізіледі .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Орындаушы айына екі рет Тапсырысшыға ұдайы рейстердің тізілімін қоса бере отырып шот ұсынады .

Ұдайы рейстерге қызмет көрсету жөнінде ұсынылып отырған қызметтер көрсету үшін ақы төлеуді ұсынылған шоттың негізінде, Тапсырысшы Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын есептеу жолымен шотты алған күннен бастап он банктік күн ішінде жүргізеді.

9. Тапсырысшының ӘК-лерімен тапсырыс рейстері орындалған кезде ұсынылатын қызметтер көрсету үшін ақы төлеу алдын ала төлем шартымен жүргізіледі .

10. Ұсынылған шоттарға келіспеген жағдайда, Орындаушы мен Тапсырысшы орындалған рейстердің шоттарына және тізілімдеріне нақтылау жүргізеді.

Шоттарды қарау мен нақтылау мерзімі бір айдан аспауға тиіс. Шоттар мен тізілімдер бойынша ақы төлеуді нақтылау осы шоттар бойынша ақы төлеу мерзімін тоқтата алмайды. Шоттар бойынша нақтыланған сомаларды

Орындаушы Тапсырысшыға келесі шотты ұсынған кезде ескереді.

11. Орындаушының шоттарына ақы төлеу кезінде ақша қаражатын аударуға байланысты шығыстарды Тапсырысшы жүктейді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

12. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиесілі орындалмаған жағдайда, кінәлі тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктейді.

13. Шартта көзделген ұсынылған қызметтер көрсету үшін төлем мерзімі өткен жағдайда, Тапсырысшы Орындаушыға осы сомаларды төлеу күнгі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еседен аспайтын мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шартты жасаған кезде жүргізіледі.

14. Тұрақсыздық айыбына ақы төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

5. Форс-мажорлық жағдайлар

15. Тараптар міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, сондай-ақ осы Шарт бойынша оларды орындауды кідірткені үшін, егер мұндайлар еңсерілмес күштің (көздеуге немесе жоюға мүмкін болмайтын зілзала апаты немесе өзге де жағдайлар), сондай-ақ Шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға алып келетін әскери іс-қимылдардың, ереуілдердің және басқа жағдайлардың салдарынан болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

16. Еңсерілмес күш жағдайларына сілтеме жасайтын тарап басқа тарапқа осындай жағдайлардың туындағаны туралы олар туындаған сәттен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

17. Егер тараптардың біреуі еңсерілмес күш жағдайлары туындаған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күннің ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, басқа тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

6. Өзге ережелер және дауларды шешу

18. Шартты бұзу және оның талаптарын өзгерту заңнамада көзделген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тарап басқа

Кейіннен порттан шығын жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге мақсаттар үшін теңіз портына кемеңің кіргені үшін (кемеңің кіруі) теңіз портының қызметтер көрсетуіне арналған үлгі шарт

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.03. N 616 қаулысымен .

_____ 200_ жылғы "___" _____
(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, _____

_____ (қызметтер көрсетуді ұсынатын субъектінің деректемелері)
атынан _____ негізінде әрекет ететін
_____ бір тараптан және бұдан

_____ (лауазымы, аты-жөні)
әрі Тапсырысшы деп аталатын _____

_____ (субъектінің - қызметтер көрсетуді тұтынушының деректемелері)
атынан _____ негізінде әрекет ететін

_____ (лауазымы, аты-жөні)
екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Орындаушы кейіннен порттан шығып жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге мақсаттар үшін теңіз портына кемеңің кіргені үшін (бұдан әрі - кемеңің кіруі) қызметтер көрсетеді, Тапсырысшы кемеңің кіргені үшін осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде порттық алымдар төлейді.

2. Осы Теңіз портының қызметтер көрсетуін ұсынуға арналған шарт Тапсырысшымен жеке тәртіппен жасалады.

2. Есеп айырысулар тәртібі

3. Кемеңің кіргені үшін теңіз портының қызметтер көрсетуіне ақы төлеу табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Қызметтер көрсетуге ақы төлеуді Тапсырысшы кеме теңіз портынан шыққанға дейін соманы алдын-ала төлеу шартымен жүргізеді.

5. Кеме теңіз портынан шығардың алдында Тапсырысшы мен Орындаушы алдын-ала жүргізілген төлем сомасы мен кеменің кіргені үшін іс жүзінде көрсетілген қызметтер үшін төленген соманың арасындағы айырманы айқындайды және шот жазылған күннен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей толық есеп айырысуды жүзеге асырады.

6. Тараптар арасындағы есеп айырысулар порт жазып берген шоттар негізінде жүзеге асырылады.

7. Егер Тапсырысшы ұсынылған шоттың дұрыстығына дауласса, ол Орындаушыны осы шотты алған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде хабардар етеді және Орындаушыға қарсылықтарды баяндай отырып, жазбаша өтініш ұсынады. Бұл ретте Тапсырысшы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде дауласпаған шоттың бөлігін төлеуге міндетті.

8. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, Тапсырысшы Орындаушыға Ұлттық Банк белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша төлем күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасынан тұрақсыздық айыбын төлейді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Орындаушы :

1) Тапсырысшының орындауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге ;

2) ұсынылатын қызметтер көрсетуге уақтылы ақы алуға;

3) Тапсырысшының кінәсінен келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етуге ;

4) Тапсырысшы Шарттың талаптарын орындамаған кезде портқа (порттан) кеменің кіруіне (шығуына) және Тапсырысшының кейінгі кемелерін айлаққа қоюға рұқсат етпеуге ;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы .

10. Орындаушы :

1) Тапсырысшының теңіз портының қызметтер көрсетуін тең пайдалануы құқығын қамтамасыз етуге ;

2) портқа Тапсырысшымен келісілген кемелерді беру кестесіне сәйкес кемелерді порттың аумағына қабылдауды қамтамасыз етуге ;

3) кемелерді жүктерді өңдеуге қою үшін мамандандырылған айлақтарды ұ с ы н у ғ а ;

4) Тапсырысшыны қызметтер көрсетуге арналған тарифтердің өзгерістері туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар е т у ғ е ;

5) Тапсырысшыны кемелерді қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешім туралы, мұндай шешім қолданысқа енгізілгенге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей оның себептері мен мерзімдерін кө р с е т і п х а б а р д а р е т у ғ е ;

6) Тапсырысшы мен өзара қарым-қатынаста Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға м і н д е т т і .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1 1 . Та п с ы р ы с ш ы :

1) Шартқа сай белгіленген сапада қызметтер көрсетуді алуға;

2) Орындаушыдан тарифтердің өзгерістері туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды и е л е н у ғ е қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1 2 . Та п с ы р ы с ш ы :

1) Орындаушымен келісілген кемелерді беру кестесін Орындаушыға а л д ы н - а л а ұ с ы н у ғ а ;

2) Орындаушымен келісілген кемелерді портқа беру кестесінің орындалуын қ а м т а м а с ы з е т у ғ е ;

3) Орындаушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қ а ж е т т і құ ж а т т а р д ы ұ с ы н у ғ а ;

4) Орындаушыны келісілген кемелерді портқа беру кестесін бұзушылықтар және кестенің бұзылу себептері туралы жедел хабардар етуге міндетті.

4. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

13. Тараптар Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жа у а п к е р ш і л і к жү к т е й д і .

14. Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса

, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

5. Форс-мажорлық жағдайлар

15. Тараптар міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, сондай-ақ осы Шарт бойынша оларды орындауды кідірткені үшін, егер мұндайлар еңсерілмес күштің (көздеуге немесе жоюға мүмкін болмайтын зілзала апаты немесе өзге де жағдайлар), сондай-ақ Шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға алып келетін әскери іс-қимылдардың, ереуілдердің және т.т. салдарынан болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

16. Еңсерілмес күш жағдайларына сілтеме жасайтын Тарап басқа Тарапқа осындай жағдайлардың туындағаны туралы және осындай жағдайлардың аяқталуы туралы 48 (қырық сегіз) сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

17. Егер тараптардың біреуі еңсерілмес күш жағдайлары туындаған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күннің ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, басқа тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

6. Өзге ережелер

18. Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, тарап бұл туралы басқа тарапқа отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша ескертуге тиіс.

19. Почта және банктік деректемелері өзгерген жағдайда, сондай-ақ басшы ауысқан кезде тарап бұл туралы басқа тарапқа көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілген сәттен бастап бес күн ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

20. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар екі данада жасалады.

21. Тараптардың Шарттан туындайтын және олар реттемеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

22. Шарт 20_ жылғы "___" _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 20_ жылғы "___" _____ 24-00 сағатты қоса, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде оларды толық орындағанға дейін қолданылады.

23. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

24. Шарттың қолданылуы тараптардың келісімі бойынша Шартқа ажырамас

қосымша ретінде қосымша келісім жасасу жолымен не жаңа шарт жасасылып ұзартылуы мүмкін.

8. Тараптардың заңды деректемелері

Орындаушы:

Тапсырысшы:

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 28 қарашадағы

№ 1194 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Үлгі шарттың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. № 156 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын
Теңіз портының тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі
қызметтер көрсетуіне арналған
үлгі шарт**

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "кемелерге тиеу (түсіру) жөніндегі қызметтер" деген сөздер "күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі теңіз портының" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. № 156 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.03. № 616 қаулысымен .

200_ жылғы "___" _____

(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, _____

атынан

(қызметтер көрсетуді ұсынатын субъектінің деректемелері)

_____ негізінде әрекет ететін

_____ бір тараптан және бұдан

_____ (лауазымы, аты-жөні)

әрі Тапсырысшы деп аталатын _____

(субъектінің - қызметтер көрсетуді тұтынушының деректемелері)
атынан _____
негізінде әрекет ететін _____ екінші
(лауазымы, аты-жөні)

тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Орындаушы Шартқа сәйкес теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі теңіз портының көрсетуді ұсынады, Тапсырысшы оларға Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ақы төлейді.

2. Теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі теңіз портының көрсетуін ұсынуға арналған Шарт Тапсырысшымен жеке тәртіппен жасалады.

2. Есеп айырысулар тәртібі

3. Теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі теңіз портының көрсетуіне ақы төлеу табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі теңіз портының көрсетуіне төлемдерді Тапсырысшы соманы алдын-ала төлеу шартымен жүргізеді.

5. Тиеу (түсіру) аяқталғаннан кейін Тапсырысшы мен Орындаушы алдын-ала жүргізілген төлем сомасы мен коносаментте көрсетілген іс жүзінде өңделген жүк үшін төленген соманың арасындағы айырманы айқындайды және шот жазылған күннен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей толық есеп айырысуды жүзеге асырады.

6. Тараптар арасындағы есеп айырысулар порт жазып беретін шоттар негізінде жүзеге асырылады.

7. Шотты алған сәттен бастап бес күнтізбелік күн ішінде Тапсырысшы Орындаушыны көрсетілген мерзімде шоттың төленбеуіне байланысты, сол даулы мәселелер туралы жазбаша нысанда хабардар етуге тиіс.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8 . О р ы н д а у ш ы :

- 1) Тапсырысшының сақтауына міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;
- 2) ұсынылатын қызметтер көрсетуге уақтылы ақы алуға;
- 3) Тапсырысшының кінәсінен келтірілген зиянның орнын толтыруды талап е т у г е ;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды и е л е н у г е

қ ұ қ ы л ы .

9 . О р ы н д а у ш ы :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, көрсетілген қызметтер көрсетуді ұсыну жағдайларын қоспағанда, теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі теңіз портының көрсетуді тұтынушыларға тең жағдайлар беруге;

2) Тапсырысшымен келісілген кемелерді тиеуге (түсіруге) беру кестесіне сәйкес порттың аумағына кемелерді қабылдауды қамтамасыз етуге;

3) Тапсырысшыны қызметтер көрсетуге арналған тарифтердің өзгерістері туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар е т у г е ;

4) Тапсырысшыны кемелерді қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешім туралы, мұндай шешім қолданысқа енгізілгенге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей оның себептері мен мерзімдерін көрсетіп х а б а р д а р е т у г е ;

5) Тапсырысшымен өзара қарым-қатынаста Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға м і н д е т т і .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10 . Т а п с ы р ы с ш ы :

- 1) Шартқа сай белгіленген сапада қызметтер көрсетуді алуға;
- 2) Орындаушыдан тарифтердің өзгерістері туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей ақпарат алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды и е л е н у г е

қ ұ қ ы л ы .

11 . Т а п с ы р ы с ш ы :

1) Орындаушыға кемелерді тиеуге (түсіруге) беру кестесін және жүктерді әкелу (әкету) жөніндегі ақпаратты: жалпы және салмақтық сипаттамасын көрсетіп, көлемін, номенклатурасын, жүктердің ерекшеліктерін алдын-ала

ұ с ы н у ғ а ;

2) Орындаушымен келісілген кемелерді тиеуге (түсіруге) беру кестесінің орындалуын қамтамасыз етуге;

3) Орындаушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажетті құжаттарды ұсынуға;

4) Орындаушыны келісілген кемелерді тиеуге (түсіруге) беру кестесін бұзушылықтар және кестенің бұзылу себептері туралы жедел хабардар етуге міндетті.

4. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

12. Тараптар Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктейді.

13. Орындаушы жүктің жоғалғаны, жетіспегені немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін мүліктік жауапкершілік жүктейді. Орындаушының техникалық операциялары салдарынан келтірілген зиянның орнын ол:

1) жүк жоғалған немесе жетіспеген жағдайда жоғалған немесе жетіспеген жүк құнының мөлшерінде;

2) жүк зақымданған (бүлінген) жағдайда, оның құны төмендетілген сома мөлшерінде, ал зақымданған жүкті қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде оның құнының мөлшерінде толтырады.

14. Шарттың талаптарын тиісінше орындауға қатысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

15. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда Тапсырысшы Орындаушыға төлем күнін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен күн үшін берешек сомасының 0,5 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

5. Форс-мажорлық жағдайлар

16. Тараптар міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, сондай-ақ Шарт бойынша оларды орындауды кідірткені үшін, егер мұндайлар еңсерілмес күштің (көздеуге немесе жоюға мүмкін болмайтын зілзала апаты немесе өзге де жағдайлар), сондай-ақ Шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға алып келетін әскери іс-қимылдардың, ереуілдердің және т.т. салдарынан болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

17. Еңсерілмес күш жағдайларына сілтеме жасайтын тарап басқа тарапқа осындай жағдайлардың туындағаны туралы және осындай жағдайлардың аяқталуы туралы қырық сегіз сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

18. Егер тараптардың біреуі еңсерілмес күш жағдайлары туындаған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күннің ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, басқа тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

6. Өзге ережелер

19. Тараптар үшін міндетті Шарттың талаптары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес айқындалады.

20. Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, тарап бұл туралы басқа тарапқа отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша ескертуге тиіс.

21. Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

22. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар екі данада жасалады.

23. Почта және банктік деректемелері өзгерген жағдайда, сондай-ақ басшы ауысқан кезде тарап бұл туралы басқа тарапқа көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілген сәттен бастап бес күн ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

24. Тараптардың Шарттан туындайтын және олар реттемеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

25. Шарт 20__ жылғы "___" _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" _____ 24-00 сағатты қоса, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде оларды толық орындағанға дейін қолданылады.

26. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері Тапсырысшының соңғы жүкті тиеуге (түсіруге) ресімдегенінен және Орындаушының шотына соңғы төлемдер түскеннен кейін тоқтатылады.

27. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

28. Шарттың қолданылуы ұзартылуы, ал осы Шартқа ажырамас қосымша ретінде қосымша келісім жасасу не жаңа шарт жасасу жолымен тараптардың келісімі бойынша артық тиелген жүктің бірдей саны көбейтілуі мүмкін.

8. Тараптардың заңды деректемелері

Орындаушы:

Тапсырысшы:

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

28

қарашадағы

№

1194

қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Үлгі шарттың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. № 156 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Әуежайлардың реттелетін қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "қызметтер" деген сөздің алдынан "реттелетін" деген сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. № 156 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.03. № 616 қаулысымен.

200_ жылғы "___" _____

(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Әуежай деп аталатын, _____

(реттелетін қызметтер көрсетуді

ұсынатын табиғи монополия субъектінің деректемелері)

атынан _____ негізінде әрекет ететін

бір тараптан және

(лауазымы, аты-жөні)

бұдан әрі Тасымалдаушы деп аталатын _____

(субъектінің - реттелетін қызметтер көрсетуді тұтынушының

атынан

деректемелері)

негізінде әрекет ететін _____

(лауазымы, аты-жөні)

екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Әуежай осы Шартқа сәйкес әуежайлардың _____ реттелетін қызметтер (реттелетін қызметтер көрсетудің атауы) көрсетуін жүзеге асыруға, ал Тасымалдаушы осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Әуежайдың реттелетін қызметтер көрсетуіне ақы төлеуге м і н д е т т е н е д і .

2. Осы Әуежай реттелетін қызметтер көрсетуін ұсынуға арналған шарт Тасымалдаушымен жеке тәртіппен жасалады.

2. Есеп айырысулар тәртібі

3. Әуежайдың реттелетін қызметтер көрсетуіне ақы төлеу табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Алынып тасталды - ҚРҰ-нің 2005.01.26. N 63 қаулысымен.

5. Тараптар арасындағы есеп айырысулар Әуежай жазып беретін шоттар негізінде жүзеге асырылады.

6. Әуежай ай сайын Тасымалдаушыға Әуежай орындаған реттелетін қызметтер көрсетудің және Тасымалдаушы төлеген төлемдердің салыстыру актісін (бұдан әрі - өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі) ұсынады. Тасымалдаушы өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оған өз тарапынан қол қояды немесе оған қол қоюдан дәлелді бас тартуды Әуежайдың мекен-жайына жібереді.

Тасымалдаушы дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне Тасымалдаушы қол қойды және таныды деп с а н а л а д ы .

Тасымалдаушы тарапынан өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюда дәлелді бас тарту болған жағдайда, тараптар Әуежай Тасымалдаушыдан дәлелді бас тартуды алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде келіспеушілікті реттеуге тиіс.

7. Басқа тараптың алдында дебиторлық берешегі бар тарап өзара есеп

айырысуларды салыстыру актісінің негізінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде кредитор алдындағы берешек сомасын төлеуді жүзеге асырады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Әуежай:

- 1) Тасымалдаушы орындауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;
- 2) ұсынылған реттелетін қызметтер көрсетуге уақтылы ақы алуға;
- 3) Тасымалдаушының кінәсінен келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

9 . Ә у е ж а й :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, реттелетін қызметтер көрсетуді ұсыну жағдайларын қоспағанда, Тасымалдаушыға әуежай реттелетін қызметтер көрсетуін пайдаланудың тең шарттарын ұсынуға;

2) Әуежаймен келісілген Тасымалдаушы рейстерінің қозғалыс кестесіне сәйкес кейіннен әуе кемелерін шығарып әуежай аумағына қабылдауды қамтамасыз етуге;

3) Тасымалдаушыны реттелетін қызметтер көрсетуге арналған тарифтердің өзгерістері туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге;

4) Тасымалдаушыны ұсынылатын реттелетін қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату немесе шектеу шешімдерінің себептері мен мерзімі туралы хабардар етуге;

5) Тасымалдаушымен өзара қарым-қатынаста Қазақстан Республикасының әуе көлігі саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1 0 . Т а с ы м а л д а у ш ы :

1) осы Шартқа сай белгіленген сапада реттелетін қызметтер көрсетуді алуға;

2) Әуежайдан тарифтердің өзгерістері туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға;

3) Әуежайдың кінәсінен келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1 1 . Т а с ы м а л д а у ы :

- 1) Әуежаймен рейстердің қозғалыс кестесін алдын-ала келісуге, әуе кемесіне (жүкті, почтаны, жолаушыларды, қол жүгін) тиеу туралы ақпарат ұсынуға;
- 2) Әуежайдың аймағында жұмыстардың барлық түрлерін ұшулардың қауіпсіздігін, авиациялық қауіпсіздікті, санитарлық режимнің нормаларын қамтамасыз етуді регламенттейтін талаптарға қатаң сәйкестікте жүргізуге, сондай-ақ жолаушыларға қызмет көрсету, қол жүктерді, почтаны, жүктерді өңдеу жөніндегі қолданыстағы ережелерді сақтауға;
- 3) Әуежаймен келісілген рейстердің қозғалыс кестесінің орындалуын қ а м т а м а с ы з е т у г е ;
- 4) Әуежайға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін барлық құжаттарды ұ с ы н у ғ а ;
- 5) Әуежайдың реттелетін қызметтер көрсетуіне ақы төлеуді Шартта белгіленген тәртіппен жүргізуге;
- 6) Әуежайды рейстер қозғалысының келісілген кестесін бұзушылықтар және оны бұзудың себептері туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

4. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

12. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ж а у а п к е р ш і л і к жү к т е й д і .

13. Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

5. Форс-мажорлық жағдайлар

14. Тараптар міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, сондай-ақ Шарт бойынша оларды орындауды кідірткені үшін, егер мұндайлар еңсерілмес күштің (көздеуге немесе жоюға мүмкін болмайтын зілзала апаты немесе өзге де жағдайлар), сондай-ақ Шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға алып келетін әскери іс-қимылдардың, ереуілдердің және өзге де төтенше жағдайлардың салдарынан болып табылса, жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы .

15. Еңсерілмес күш жағдайларына сілтеме жасайтын тарап басқа тарапқа еңсерілмес күш жағдайларының туындағаны туралы және аяқталуы туралы 48 (

қырық сегіз) сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

16. Егер тараптардың біреуі еңсерілмес күш жағдайлары туындаған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күннің ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, басқа тарап бірінші тарапқа шартты бұзған күніне дейін он жұмыс күннен кешіктірмей бұл туралы хабарлап, Шартты бұзуға құқығы бар.

6. Өзге ережелер

17. Почта және банктік деректемелері өзгерген жағдайда, сондай-ақ басшы ауысқан кезде тарап бұл туралы басқа тарапқа көрсетілген өзгерістер пайда болған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

18. Шарттың талаптары тараптар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

19. Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, тарап бұл туралы басқа тарапқа отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша е с к е р т у г е т и і с .

20. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар екі данада ж а с а л а д ы .

21. Тараптардың Шарттан туындайтын және олар реттемеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

22. Шарт 20_ жылғы "___" _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 20_ жылғы "___" _____ 24-00 сағатты қоса, ал тараптардың міндеттемелері бөлігінде оларды толық орындағанға дейін қолданылады.

23. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда не Шарттың талаптары бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін .

24. Шарттың қолданылуы тараптардың келісімі бойынша осы Шартқа ажырамас бөлік ретінде қосымша келісім жасасу не жаңа шарт жасасу жолымен ұзартылуы мүмкін.

8. Тараптардың заңды деректемелері

Ә у е ж а й

Т а с ы м а л д а у ш ы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 28 қарашадағы
N 1194 қаулысымен
бекітілген

**Электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөнінде
қызметтер көрсетуге арналған үлгі шарт**

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.01. N 546 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

_____ 200__жылғы " __ " _____
(ш а р т т ы ң _____ ж а с а л ғ а н _____ о р н ы)

Бұдан әрі, Орындаушы деп аталатын _____

(электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтер
к ө р с е т у д і _____ -

_____ өңірлік және/немесе жергілікті деңгейлер желілері бойынша ұсынатын
с у б ь е к т і н і ң _____ а т а у ы , _____ қ ұ р ы л т а й

_____ құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні мен
б е р г е н _____ о р г а н)

_____ негізінде әрекет ететін
_____ тұрғысында бір тараптан және бұдан
(л а у а з ы м ы , _____ а т ы - ж ө н і)

әрі Тапсырысшы деп аталатын _____ негізінде әрекет
ететін _____

(пайдаланушының деректемелері, құрылтай құжаттары, мемлекеттік

_____ тіркеу туралы куәлік, берілген күні мен берген орган)
_____ тұрғысында
(лауазымы, тегі, аты-жөні)

екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт)
жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасы - тараптарға меншік құқығында,

өзге де заттық құқықта немесе заңмен белгіленген өзге негіздер бойынша тиесілі болатын электр энергиясын берудің соңғы пунктінде теңгерімдік тиесілілікті ажырату актісімен айқындалатын олардың электр желілері бөлімінің шекарасы;

электр энергиясының сапасы - нормативтік техникалық кесімдерде белгіленген талаптарға сәйкес келетін электр энергиясы жарамдылығының дәрежесі ;

электр энергиясының көлемі - Орындаушы мен Тапсырысшының және/немесе үшінші тұлғалардың теңгерімдік тиесілік бөлімінің шекарасында коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштерімен айқындалатын, Шарт бойынша қызметтердің құнын айқындау мақсатында киловатт-сағатпен өлшенетін, Тапсырысшының атына берілген электр энергиясының мөлшері;

өтінім - Тапсырысшы қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Орындаушыға жолданатын, электр энергиясының көлемі, электр энергиясын берудің уақыт кезеңі, осы кезең ішінде қуаты жөніндегі көлемді бөлу туралы ақпаратты қамтитын жазбаша құжат. Өтінім айлық, тәуліктік және жедел болуы мүмкін ;

электр энергиясын беру және/немесе бөлу - Орындаушының электр желілері, кіші станциялары және бөлу құрылғылары бойынша қабылдау пункттерінен Тапсырысшы желілерінің теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасына дейін электр энергиясын беруге және/немесе бөлуге байланысты энергия беруші ұйым көрсететін қызмет ;

коммерциялық есептеу құралы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген электр қуатын, электр энергиясын коммерциялық есептеуге арналған техникалық құрылғы;

қабылдау пункті - электр энергиясының көлемін Орындаушының желілері бойынша жеткізу пункттеріне дейін кейіннен беру үшін оны Тапсырысшы Орындаушыға беретін Орындаушының теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасында қосу (қосулар жүйесі);

жеткізу пункті - Орындаушы электр энергиясын Тапсырысшыға беретін Орындаушының теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасында қосу (қосулар жүйесі) ;

есеп айырысу кезеңі - Орындаушының электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметіне есеп айырысу жүргізілетін айдың бірінші күнінің 00-00 сағатынан бастап соңғы күнінің 24-00 сағатына дейін бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ;

реттеуші орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

тәуліктік кесте - Қазақстан Республикасының электр қуаты мен энергиясының рыногы субъектілерінің 00-00 сағаттан 24-00 сағатқа дейін электр

энергиясын өндірудің, берудің, жеткізудің және тұтынудың әрбір күнтізбелік тәулікке орташа сағаттық шамаларын регламенттейтін құжат;

электр энергиясын есептеу схемасы - оларға есеп айырысу үшін берілетін электр қуатының және энергиясының есебін қамтамасыз ететін электр энергиясын есептеу құралдарының белгілі бір электр қосылысы;

уәкілетті орган - электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

нақты теңгерім - есеп айырысу кезеңінде осы рынок субъектілері электр энергиясының бөлшек сауда рыногында өндірген, жеткізген және тұтынған электр энергиясының көлемдерін атаулы бөлуді белгілейтін құжат;

электр энергиясының нақты көлемі - Орындаушы Тапсырысшының атына берген, коммерциялық есептеу құралдары көрсеткіштерінің негізінде айқындалған және тараптардың салыстыру актісімен расталған электр энергиясының көлемі;

электр желілері - Орындаушыға да және/немесе Тапсырысшыға да және үшінші тұлғаларға да меншік құқығында, заттық құқықта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі кіші станциялардың, бөлуші құрылғылардың және оларды біріктіруші электр беру желілерінің жиынтығы;

энергия өндіруші ұйым - электр және (немесе) жылу энергиясын өз мұқтаждары және (немесе) өткізу үшін өндіруді, сондай-ақ импортталатын электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын ұйым.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Шарттың мәні

2. Шарттың алдындағы міндетті талаптар (электр энергиясын өңіраралық және/немесе жергілікті деңгейлердің желілері бойынша беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтер көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары):

(осы тармақта нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына

сәйкес келуге тиіс міндетті талаптар (Шарттың мәнінің техникалық талаптары мен сипаттамалары) көзделеді)

3. Орындаушы Тапсырысшының тұтынушыларына теңгерімдік тиесілігі және /немесе Орындаушының теңгерімдік тиесілігі және/немесе пайдалану жауапкершілігі шегінде Орындаушының электр желілері бойынша электр энергиясын беруді және/немесе бөлуді жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Тапсырысшы Орындаушының Шартта белгіленген талаптардың негізінде электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуге, сондай-ақ осы Шартта көзделген техникалық талаптарды орындауға міндеттенеді.

3. Қызметтер ұсыну шарттары

5. Электр энергиясын беру және/немесе бөлу осы Шартқа сәйкес жүргізілген ықтимал түзетуді ескере отырып, тоқсандар, айлар бойынша бөлумен Тапсырысшының электр энергиясын беру көлемдерінің жылдық өтінімнің негізінде және оған сәйкес жүргізіледі.

6. Алдағы тоқсанға арналған өтінім тиісті тоқсан басталғанға дейін алпыс күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі. Өтінімді тоқсан басталғанға дейін 20 күн бұрын Тапсырысшының түзетуіне жол беріледі.

7. Алдағы айға арналған өтінім тиісті есеп айырысу кезеңі басталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі.

8. Электр энергиясын беру және/немесе бөлу көлемдерінің өтінімін Тапсырысшы Орындаушыға жазбаша нысанда береді.

9. Электр энергиясын шарттасқан берудің және/немесе бөлудің айлық көлемін түзету жөніндегі ұсыныстарды Тараптар өзгерістер басталғанға дейін кемінде 1 (бір) тәулік бұрын жедел келіседі және шарттық шама көлемін түзету жөніндегі өтінім түрінде ресімдейді.

Электр энергиясының тәуліктік көлемінің және оларды қуаты бойынша бөлудің айлық өтініміне Тапсырысшының түзетуіне жол беріледі. Түзету:

1) көлемі түзетілетін алдағы тәуліктерге тәуліктің 10-00 сағатынан кешіктірмей берілетін тәуліктік өтінім;

2) көрсеткіштері түзетілетін мерзім басталғанға дейін отыз минуттан кешіктірмей берілетін жедел өтінім арқылы жүзеге асырылады.

10. Тәуліктік өтінімді Тапсырысшының уәкілетті өкілі факсимильдік байланыс арқылы береді.

11. Телефонограмма нысанындағы жедел өтінімді кейіннен оны міндетті түрде жазбаша ресімдей отырып, Тапсырысшының уәкілетті өкілі береді. Тапсырысшы Орындаушыға жазбаша хабарлама арқылы жедел өтінімдер беруші уәкілетті өкілдің тегін, аты мен әкесінің атын уақтылы хабарлайды.

Орындаушыға Шартты орындау мақсатында Тапсырысшының айлық, тәуліктік, жедел өтінімдерін, сондай-ақ мереке және демалыс күндері түсетін жедел өтінімдерін қабылдауға тиісті телефондардың және/немесе факсимильдік аппараттардың нөмірлері өзгерген кезде Орындаушы Тапсырысшыны бұл туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

12. Есеп айырысу кезеңінде жол берілетін шама электр энергиясын берудің және/немесе бөлудің нақты көлемінің мәлімделгеннен азаю жағына 10 % ауытқуы болып саналады.

4. Электр энергиясын есепке алу

13. Орындаушы жеткізу пункттерінде есеп айырысу кезеңі ішінде берген және/немесе бөлген электр энергиясының нақты көлемі теңгерімдік тиесілілік шекараларында орнатылған коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштері негізінде есеп айырысу кезеңінің бірінші күнтізбелік күнінің 00-00 сағатынан бастап соңғы күнтізбелік күнінің 24-00 сағатына дейін айқындалады.

Есеп айырысу кезеңі ішінде берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының нақты көлемі коммерциялық есептеу құралдары көрсеткіштерінің негізінде жасалатын берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының көлемдерін салыстыру актісімен расталады.

14. Тараптардың коммерциялық есептеу құралдары қолданыстағы заңнамаға сәйкес тексерілуге және оларға пломба салынуға тиіс. Тараптар көрсеткіштерді алу, телеөлшеуіштер тізбектері мен коммерциялық есептеу жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру үшін бір-біріне жұмыс күндері сағат 8-00-ден бастап 20-00-ге дейін коммерциялық есептеу құралдарына қол жеткізуге рұқсат беруге тиіс. Егер айлық көрсеткіштерді алу кезінде тараптардың бірі болмаса, онда екінші тарапқа көрсеткіштерді алуды дербес жүргізуге рұқсат беріледі.

15. Тараптар тараптардың қолдары қойылатын және мөрлерімен расталатын тиісті есеп айырысу кезеңі ішінде берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының көлемін салыстыру актісін келесі есеп айырысу айынан кейінгі күнтізбелік айдың 5 күніне дейінгі мерзімде ресімдейді. Салыстыру актісі есептіден кейінгі күнтізбелік айдың 3 күнінен кешіктірмей Орындаушы Тапсырысшыға ұсынған коммерциялық есептеу құралдары деректерінің негізінде жасалады. Тараптардың бірі салыстыру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының көлемін растайтын құжат нақты теңгерім болып табылады.

16. Егер электр энергиясының есебі Орындаушы мен Тапсырысшының теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасынан жүргізілмеген жағдайда, онда берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының нақты көлемі шекарадан есептеу құралдары орнатылған орынға дейінгі учаскедегі электр энергиясының ысыраптарын қоса отырып, коммерциялық есептеу құралдары бойынша айқындалады.

Шекарадан есептеу құралдары орнатылған орынға дейінгі учаскедегі электр энергиясының есептік ысыраптарын Орындаушы айқындайды және желінің осы

1) Тапсырысшы Шарттың талаптарын және/немесе қолданыстағы заңнамада қойылатын талаптарды бұзған кезде;

2) егер сатушы босататын істен шыққан қуатты ауыстыру және/немесе Орындаушының электр желілері бойынша электр энергиясының бағытын және қуатын Тапсырысшының мекен-жайына өзгерту мүмкін болмаса, авариялық жағдай туындаған кезде;

3) егер электр энергиясын басқа бағыт бойынша беру және/немесе бөлу мүмкіндігі болмаса, Тапсырысшының келісімі бойынша оларды өткізу мерзіміне жөндеудің жылдық немесе айлық кестесінде көзделген өздерінің электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде, Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге іс-әрекеттерді жасауға, сондай-ақ Тапсырысшыға электр энергиясын беруді және/немесе бөлуді шектеуге немесе толығымен тоқтатуға құқығы бар.

21. Орындаушы:

1) электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайлар ұсынуға;

2) реттеуші орган бекіткен тарифтер бойынша электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін ақы алуға;

3) осы Шартта белгіленген жағдайлардан басқа электр энергиясын беруде және/немесе бөлуде үзілістерге жол бермеуге міндетті.

22. Тапсырысшының:

1) жасалған Шартқа сәйкес Орындаушының электр энергиясын беру және/бөлу жөніндегі қызметтерін пайдалануға;

2) Орындаушыдан электр энергиясын беруді және/немесе бөлуді тоқтатудан, электр энергиясын кем жеткізуден немесе жасалған Шарттың белгілі бір талаптарына сәйкес оның стандарттық өлшемдеріне жауап бермейтін жеткізуден келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

3) шарттарды жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқығы бар.

23. Тапсырысшы және оның тұтынушысы:

1) ток қабылдағыштар мен коммерциялық есептеу құралдарын тиісті техникалық жай-күйде ұстауға, нормативтік құқықтық кесімдермен айқындалатын техникалық шарттарды орындауға;

2) Шартта белгіленген энергияны тұтыну режимдерін сақтауға;

3) Шарттың талаптарына сай электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерге уақтылы ақы төлеуге;

4) Орындаушының қызметкерлерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін

Мемэнергияқадағалаудың қызметкерлерін коммерциялық есептеу құралдарына ж і б е р у г е ;

5) Орындаушыға Тапсырысшының тұтынушыларына электр энергиясын жеткізудің тәуліктік кестелерін ұсынуға міндетті.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

24. Тапсырысшыға қойылатын талаптар:

1) қабылдау пункттерінде тиісті сападағы электр энергиясын оны электр желілері арқылы Тапсырысшының жеткізу пункттеріне мәлімделген кестеге сәйкес көлемде беру үшін Орындаушыға беру;

2) электр тұтынудың режимін жүргізу жөніндегі орталық диспетчерлік басқармасының, диспетчерлік қызметтің, өңірлік диспетчерлік орталықтың п ә р м е н д е р і н о р ы н д а у ;

3) күн сайын сағат 10-00-ге дейін энергия өндіруші ұйыммен келісілген жедел өтінімді, онда Тапсырысшының келесі тәуліктерге арналған жүктелімнің тәуліктік кестесін көрсете отырып, ұсыну. Өндірістік қажеттілік жағдайында (авариялық жағдайлар, жүктелімдердің технологиялық төмендеуі) жедел өтінім түзету үшін Орындаушыға дереу жолданады;

4) күн сайын сағат 10-00-ге дейін өткен тәуліктер ішінде берілген және/ немесе бөлінген электр энергиясының нақты көлемі туралы Орындаушыға а қ п а р а т б е р у ;

5) Орындаушыға бір энергия көзінен басқасына өту туралы осындай өту басталғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын ескерту;

6) Шарт жасасу кезінде (егер Тапсырысшы энергиямен үздіксіз жабдықтау объектісі болып табылса) Орындаушыға авариялық бронь актісін және банктің не қазынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) Тапсырысшының энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілерінің энергияны авариялық бронь мөлшерінде тұтынғаны үшін есеп айырысу жөніндегі кепілді міндеттемелерін ұ с ы н у ;

7) электр энергиясын импорттау жағдайында Тапсырысшы өзіне кейіннен Орындаушының желілері бойынша беру үшін Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін электр энергиясын декларациялау және кедендік ресімдеу, сондай-ақ осыған байланысты оның барлық көлемі бойынша тиісті салықтар мен алымдарды төлеу жөнінде міндеттемелер қабылдайды. Бұл ретте Тапсырысшы Орындаушы үшін электр энергиясын беруге арналған рұқсат болып табылатын кедендік декларацияның төртінші данасын Орындаушыға б е р у г е м і н д е т т і ;

8) Тапсырысшының немесе оның тұтынушыларының басқаруындағы және

карамағындағы электр желілерін пайдалану қауіпсіздігін және электр энергиясы мен қуатын беруге және/немесе бөлуге байланысты пайдаланылатын құралдар мен жабдықтардың жарамдылығын қамтамасыз ету.

25. Орындаушыға қойылатын талаптар:

1) электр желілері бойынша тиісті сападағы электр энергиясын Тапсырысшының тұтынатын қуатының тәуліктік кестесіне сәйкес беру;

2) Тапсырысшының энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілері үшін қажетті көлемде электр энергиясын Шартқа жеке келісім негізінде банктің не қазынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) кепілді міндеттемелерін ескере отырып, авариялық бронь актісіне сәйкес беруді және/немесе бөлуді қ а м т а м а с ы з е т у .

26. Егер электр энергиясын беруді және/немесе бөлуді шектеу/бағытын өзгерту қажеттігі Орындаушының электр желілеріндегі авариялық жағдайдан туындаса, соңғысы Тапсырысшының атына дереу хабарлама жолдайды.

7. Есеп айырысу тәртібі

27. Орындаушының электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуді Тапсырысшы реттеуші орган бекіткен тарифке сәйкес жүргізеді.

28. Тариф өзгерген жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырысшыны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ол қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

29. Түпкілікті есеп айырысуды Орындаушының берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының көлемдерін салыстыру актісінің негізінде шығарылған төлемге шот-фактурасын іс жүзінде ұсынған сәттен бастап Тапсырысшы бес банктік күн ішінде жүргізеді.

30. Тапсырысшы Шарттың 15-тармағында көзделген мерзімде оған берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының көлемін салыстыру актісін ұсынбаған кезде, өткен есеп айырысу кезеңі ішіндегі Орындаушының қызметіне ақы төлеу мөлшері берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының көлемін салыстыру актісі ұсынылған жағдайда, кейіннен Орындаушының келесі есептік кезеңдегі қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін түзете отырып, Орындаушының берілген және/немесе бөлінген электр энергиясының көлемі туралы қолда бар жедел деректеріне сәйкес айқындалады.

31. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлем бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тапсырысшы есеп айырысу кезеңі үшін іс

жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық соманың айырмасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне (не тараптардың келісімі бойынша Орындаушының алдындағы Тапсырысшының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) автоматты түрде есептеледі. Егер Тапсырысшы Орындаушының келесі есеп айырысу кезеңіне арналған қызметінен бас тартса, Тапсырысшының Орындаушының алдындағы өзге де міндеттемелері бойынша берешегін (егер осындай болса) өтеуге жүретін соманы қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

32. Егер Тапсырысшы шығарылған шоттың дұрыстығын дауласа, ол осы шотты алған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде Орындаушыны хабардар етеді және Орындаушыға қарсылықтарды баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте Тапсырысшы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шоттың дауланбаған бөлігін төлеуге міндетті.

33. Егер бақылау-өлшеу құралдарының жарамсыздығының нәтижесінде шоттарға түзету қажет болған жағдайда және басқа да жағдайларда, Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

34. Шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Орындаушының ағымдағы шотына немесе Тапсырысшыға жолданған хабарламада Орындаушы көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша есептеу Орындаушының электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тапсырысшының міндеттемелерін орындауы д е п т а н ы л а д ы .

35. Тараптардың келісімі бойынша электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерге ақы төлеудің қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге де тәртібі мен нысаны белгіленуі мүмкін.

36. Орындаушының электр желілеріндегі электр энергиясының нормативтік ысыраптары есеп айырысу жолымен анықталады және оларды заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бекітеді. Орындаушының электр желілеріндегі электр энергиясының іс жүзіндегі ысыраптарының құнын Орындаушы генерациялау көзіне төлейді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

37. Осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

38. Шот бойынша төлем мерзімі келген сәтте оны төлемегені үшін, Орындаушы Тапсырысшы төлемеген сомалар бойынша, төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.

Мерзімі өткен сомалар бойынша Орындаушы Тапсырысшыдан төлемнің мерзімі өткен әрбір күні үшін Тапсырысшы ақшалай міндеттемесін іс жүзінде орындаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 1,5 еселік қайта қаржыландыру ставкасын негізге ала отырып, есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

39. Есеп айырысу кезеңі ішінде электр энергиясын берудің және/немесе бөлудің айлық көлемі тараптармен келісілгеннен Орындаушының кінәсі бойынша іс жүзінде төмендеген кезде, соңғысы кез келген көздерден кем жеткізілген көлемнің орнын толтырады, олай болмаған жағдайда, Тапсырысшы электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызмет құнының мөлшерінде кем жеткізілген электр энергиясының көлемін негізге ала отырып, айыппұл салуға құқылы.

40. Егер энергия өндіруші ұйым Тапсырысшының атына шарттасқаннан төмен қуат берген жағдайда, онда Орындаушы сатушы босатқан қуатқа теңгерілетін шамаға дейін Тапсырысшының атына берілген қуатқа шектеу жүргізеді.

41. Төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін, сондай-ақ энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын/қуатын кем бергені үшін шектеу немесе ажыратып тастау кезінде туындаған салдарларға жауапкершілік толығымен Тапсырысшыға жүктеледі. Бұл ретте Тапсырысшының тұтынушыларының, оның ішінде энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілерінің ажыратылуының ықтимал салдарлары үшін барлық жауапкершілік Тапсырысшыға жүктеледі.

9. Форс-мажорлық жағдайлар

42. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болған жағдаяттар болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда тараптардың бір де біреуі залалдың орнын толтыруға құқығы жоқ. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша мұндай жағдайда өзара міндеттемелердің атқарылуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте тараптардың бір де біреуі Шарт бойынша еңсерілмес күш жағдаяттары болғанға дейін туындаған міндеттемелерден босатылмайды.

43. Егер Тараптардың біреуі еңсерілмес күштің жағдаяттары болған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға шамасы келмейтін болса, екінші тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

10. Жалпы ережелер және дауларды шешу

44. Электр энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтер көрсету шартын тараптар жеке тәртіппен жасасады.

45. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар туындаған дауларды келіссөздер жолымен реттеу бойынша қажетті барлық күш-жігерлерін жұмсауға тиіс.

46. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

47. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

48. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар 2 данада жасалады.

Шарт мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында тіркеледі және тіркелген сәттен бастап қолданысқа енеді.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

49. Шарт 200__жылғы "___"_____00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200__жылғы "___"_____ 24-00 сағатқа дейін қолданылады.

50. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күн бұрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе электр энергиясын беру және/немесе бөлу көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады және Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

12. Тараптардың деректемелері

Орындаушы: _____ Тапсырысшы: _____
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 1 9 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметкерді көрсетуге арналған үлгі шарт

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.01. N 546 (қолданысқа енгізілу тіртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі, Орындаушы деп аталатын _____

(жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерді

ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні мен берген орган)

_____ негізінде әрекет ететін

_____ тұрғысында

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

бір тараптан және бұдан Тапсырысшы деп аталатын _____

негізінде әрекет ететін _____

(пайдаланушы деректемелері, құрылтай құжаттары, мемлекеттік

_____ тіркеу туралы куәлік берілген күні мен берген орган)

_____ тұрғысында

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

теңгерімдік тиесілік бөлімінің шекарасы - Орындаушы мен Тапсырысшының тұтынушысы арасындағы жылу желісінің теңгерімдік тиесілілігі немесе Шарт бойынша айқындалатын жылу желісінің бөлу нүктесі;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы - жылу тұтынатын қондырғылардың және/немесе желінің теңгерімдік тиесілілікті немесе тараптардың келісімдері бойынша айқындалатын тараптардың жылу тұтынатын қондырғыларының және/немесе желісінің бөлу нүктесі;

төлем құжаты - Орындаушының, оның негізінде төлем жүргізілетін құжаты (есептеу құралдары көрсеткіштерінің негізінде жасалған шоты, хабарламасы, түбіртегі, ескерту шоты);

есептеу аспабы (есеп айырысатын есептеу аспабы) - жылу энергиясын коммерциялық есептеуге арналған, қолдануға заңнамада белгіленген тәртіппен рұқсат етілген техникалық құрылғы;

есеп айырысу кезеңі - Орындаушының жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерінің көлемдері мен құнына есеп айырысу жүргізілетін

у а қ ы т к е з ең і (кү н т і з б е л і к а й);
реттеуші орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін
нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;
жылу желісі - тұтынушыларға жылу энергиясын беруге және/немесе бөлуге
арналған құрылғылардың жиынтығы;
жылу тұтынатын қондырғы - жылу энергиясын қабылдауға және пайдалануға
арналған қондырғы немесе құрал;
уәкілетті орган - электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге
асыратын мемлекеттік орган;
жылу энергиясының нақты көлемі - Орындаушы Тапсырысшыға берген,
есептеу құралдарының көрсеткіштері негізінде немесе олар болмаған жағдайда,
жергілікті атқарушы органдар бекіткен нормалар бойынша айқындалған жылу
э н е р г и я с ы н ы ң к ө л е м і .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Шарттың мәні

2. Осының алдындағы Шартқа қойылатын міндетті талаптар: _____

_____ (осы тармақта міндетті талаптар, оның ішінде техникалық шарттың,

_____ жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық әзірлігі актісінің, жылу

_____ желілерін ажырату актісінің болуы және т.б. көзделеді)

3. Орындаушы Тапсырысшының тұтынушыларына жылу желілерін ажырату актісімен айқындалатын теңгерімдік тиесілілігі мен пайдалану жауапкершілігінің бөлу шекарасына дейін Орындаушының жылу желілері бойынша жылу энергиясын беруді және/немесе бөлуді жүзеге асыруға міндеттенеді.

Бұл ретте, Тапсырыс берушінің тұтынушыларына жеткізілетін жылу энергиясының өлшемдері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің шекарасында орнатылған бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және ұлттық стандарттарда немесе өзге де нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Орындаушы жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес к е л у г е т и і с .

Егер тараптардың келісімімен өзгеше келісілмесе жылу энергиясын беру және/немесе бөлу үздіксіз жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735

қ а у л ы с ы м е н .

4. Тапсырысшы Орындаушыға Шартпен айқындалған талаптарда жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимін және осы Шартта көзделген басқа да талаптарды сақтауға міндеттенеді.

3. Қызметтерді ұсынуды шектеудің тәртібі

5. Орындаушы Тапсырысшыға осы Шартта көзделген, оның ішінде: Шартта белгіленген мерзімдерде жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөнінде ұсынылған қызметтер үшін ақы төленбеген, бұл ретте, ескерту жазбаша түрде кем дегенде 15 күн бұрын ұсынылады; жылу тұтынатын қондырғыларын Орындаушының жылу желісіне өз бетімен қ о с қ а н ;

жылу тұтынатын жүйелерін есептеу құралдарының орнатылған орнына дейін қ о с қ а н ;

Орындаушының өкілдерін жылу тұтынатын жүйелерге және есептеу құралдарына жібермеген (ескерту кем дегенде 3 тәулік бұрын);

жылу тұтынатын қондырғылар мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа техникалық дайындығы актісіз және сараптама ұйымының қорытындысыз Орындаушының жылу желісіне қосқан (ескерту жылу энергиясын беруді тоқтатқанға немесе шектегенге дейін кем дегенде 3 тәулік б ұ р ы н) ;

уәкілетті орган растаған жоспарлы жөндеулер жүргізілген жағдайларда жылу энергиясын беруді және/немесе бөлуді тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

6. Тапсырысшы жылу тұтынатын қондырғыларды өз бетімен қосқан немесе оларды коммерциялық есептеу құралдарына дейін қосқан кезде, Орындаушы акт жасайды және Тапсырысшыға берілген жылу энергиясының көлеміне заңнамада белгіленген тәртіппен қайта есеп айырысу жүргізеді.

Акт Орындаушы өкілінің және тексерілетін Тапсырысшының немесе оның тұтынушысының, не олардың өкілінің қолы болған кезде жарамды. Акт Тапсырысшы немесе оның тұтынушысы қол қоюдан бас тартқан кезде де, бірақ оны Орындаушының комиссиясы және/немесе құрамында кем дегенде үш адамы бар кондоминиумді басқаратын орган ресімдеген жағдайда, жарамды деп есептеледі.

4. Жылу энергиясын есептеу

7. Орындаушының желілері бойынша берілген және Тапсырысшы қабылдаған жылу энергиясының мөлшері оны есептеу құралдарының

көрсеткіштері бойынша іс жүзінде тұтыну туралы есептердің деректеріне сәйкес, ал олар болмаған немесе уақытша істен шыққан жағдайда, Орындаушы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарының негізінде орындаған есеп айырысу жолымен айқындалады.

8. Қызметтерді босатуды есептеу тараптардың теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасында жүргізіледі. Есептеу құралдары тараптардың теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасынан тыс орнатылған кезде, бөлу шекарасынан құралдар орнатылған жерге дейінгі учаскедегі ысыраптар желінің көрсетілген учаскесі теңгерімінде тұрған иеленушіге жатқызылады және есеп айырысу жолымен айқындалады.

9. Тапсырысшының жылумен жабдықтау жүйесін есептеу құралдарын орнатпастан уақытша пайдалануға Орындаушының рұқсатымен жол беріледі. Мұндай жағдайда қызметтердің көлемі есеп айырысу жолымен белгіленеді.

10. Жабдықтың және инженерлік желілердің техникалық жай-күйіне, сондай-ақ жылу энергиясын есептеу құралдарының сақталуына жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесіліліктің шекарасы бойынша айқындалады.

11. Тараптардың есептеу құралдары тексерілуі және оларға пломба салынуы тиіс. Тараптар көрсеткіштерді алу, есептеу жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру мақсатында бір-біріне тәуліктің жұмыс сағаттары ішінде есептеу құралдарына қол жеткізуді ұсынуға тиіс.

12. Есептеу құралдарын белгісіз адамдар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, егер Шартта өзгеше көзделмесе, оның сақталуына жауапты адам отыз күн мерзім ішінде, есептеу құралдарын қалпына келтіруге міндетті. Есептеу құралдарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тапсырысшы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

13. Орындаушы Шартқа сәйкес Тапсырысшыға жылу энергиясын беруді және /немесе бөлуді қамтамасыз етуге және берілетін жылу тасушы өлшемдерінің шарттасылғаннан +/- 5%-тен аспайтын ауытқуға жол бермеуге міндетті.

14. Тараптар олардың теңгеріміндегі коммерциялық есептеу құралдарына өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде метрологиялық тексерулер жүргізеді.

Тараптар талап ететін тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуді талап етуі мүмкін.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15. Тапсырысшының:

1) осы Шартпен белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы

қызметтерді

алуға;

2) үзілістер және оның стандарттық өлшемдеріне сәйкес келмейтін жылу энергиясын жеткізбеген немесе жеткізген уақыт ішінде қызметтерге ақы төлеу бойынша есеп айырысуды жасалған Шарттың талаптарына сәйкес талап етуге;

3) Орындаушыдан тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға;

4) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына шағымдануға;

5) Орындаушы іс жүзінде ұсынған қызметтер үшін ақы төленуі шартымен 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей Орындаушыны жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар. Бұл ретте, жылыту жүйесі көп пәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын жеке үй-жайдың меншік иесінің жылу энергиясын беруге және/немесе бөлуге арналған Шарттан бір жақты бас тартуына жол берілмейді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

16. Тапсырысшы:

1) Орындаушы ұсынған жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерге Шарттың талаптарына сәйкес уақтылы ақы төлеуге;

2) жылумен жабдықтау жүйелерінің тиісінше техникалық жай-күйін лайықты дәрежеде ұстауға;

3) Орындаушыны есептеу құралдарының істен шыққаны немесе режимнің және жұмыс талаптарының бұзылғаны туралы жедел жазбаша хабардар етуге, олай болмаған жағдайда, есептеу құралдары тиісті құжаттармен расталған оларды соңғы рет тексерген сәттен бастап істен шықты деп саналады;

4) Орындаушының персоналына желілердің, құралдар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігіне бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есептеу құралдарына және жылу тұтыну қондырғыларына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

5) Шарт бұзылған жағдайда, есеп айырысуларға салыстыру жасауға және Орындаушы іс жүзінде ұсынған жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерге арналған борышты өтеуге міндетті.

17. Орындаушының:

1) осы Шарттың 5-тармағында көзделген жағдайларда Шарттың орындалуын біржақты тәртіппен тоқтатуға;

2) шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де әрекеттерді жасауға құқығы бар.

18. Орындаушы:

- 1) жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтердің барлық тұтынушылары үшін бірдей жағдайлар ұсынуға;
- 2) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасында осы Шартта берілген жылу энергиясының өлшемдерін ұстауға;
- 3) Тапсырысшымен жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерді ұсынуға шарт жасасуға;
- 4) Тапсырысшыға тиісті сападағы жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерді Шарттың талаптарымен айқындалған тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға;
- 5) Тапсырысшыға жеткізілетін жылу энергиясының сапасы мен санына есеп және бақылау жүргізуге, жылу энергиясы сапасының бұзушылықтарының алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;
- 6) Тапсырысшы жылу энергиясы сапасының төмендегені туралы өтінішті берген күннен бастап үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есеп айырысуды орындауға;
- 7) реттеуші орган бекіткен тарифтер бойынша жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін төлемді өндіріп алуға;
- 8) осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа, жылу энергиясын беруде және/немесе бөлуде үзілістерге жол бермеуге міндетті.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

19. Тапсырысшыға:

- 1) ішкі кварталдық желілерді, инженерлік жабдықты және құрылғыларды қайта жабдықтауға, Орындаушының келісімінсіз реттегіш және бітеме арматураны, сондай-ақ қауіпсіз пайдалану талаптарына және нормативтік құжаттармен белгіленген басқа да талаптарға жауап бермейтін жабдықты орнатуға, қосуға және пайдалануға;
- 2) қолда бар жылу энергиясын есептеу схемасын бұзуға;
- 3) жылыту жүйелеріндегі жылу тасушыны тура мақсатында пайдаланбауға тыйым салынады.

20. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге түрде бұзатын іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

7. Есеп айырысу тәртібі

21. Орындаушының жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуді Тапсырысшы реттеуші орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізеді.

22. Тариф өзгерген жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырысшыны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ол қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

23. Орындаушы іс жүзінде ұсынған жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерге ақы төлеуді Тапсырысшы есептеу құралдарының көрсеткіштеріне сәйкес есеп айырысудан кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей жүргізеді.

24. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, бірінші кезекте төлем осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тапсырысшы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Орындаушының алдындағы Тапсырысшының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі. Егер Тапсырысшы Орындаушының келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, Тапсырысшының Орындаушының алдындағы (егер осындай болса) өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге жұмсалған сомаларды қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

25. Егер бақылау-өлшеу құралдары ақаулығының нәтижесінде және басқа жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

26. Шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Орындаушының ағымдағы шотына ақша есептеу Орындаушының жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тапсырысшының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

27. Тараптардың келісімі бойынша жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтерге ақы төлеудің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәртібі мен нысаны белгіленуі мүмкін.

8. Тараптардың жауапкершілігі

28. Осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

29. Ол бойынша ақы төлеу мерзімі басталған сәтіне шотты төлемегені үшін (Шарттың 32-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда), Тапсырысшы төленбеген сомалар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еседен астам мөлшерінде

Тапсырысшының ақша міндеттемелерін іс жүзінде орындаған күніне төлемнің мерзімі өткен әрбір күні үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Егер тараптардың келісімімен өзгеше ескертілмесе, есеп айырысу кезеңнен кейінгі айдың бірінші күні тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басы болып табылады.

30. Егер Орындаушының Тапсырысшыға қызмет ұсынуы мүмкін болмауы Орындаушымен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тапсырысшы алдында Орындаушы жауапты болады.

31. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9. Форс-мажорлық жағдаяттар

32. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болған жағдаяттар болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда тараптардың бір де біреуі залалдардың орнын толтыруға құқығы жоқ. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша мұндай жағдайда өзара міндеттемелердің атқарылуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте, тараптардың бір де біреуі Шарт бойынша еңсерілмес күші жағдаяттары болғанға дейін туындаған міндеттемелерден босатылмайды.

33. Егер Тараптардың біреуі еңсерілмес күштің жағдаяттары болған сәттен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмайтындай жағдайда қалса, екінші тарап Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны жолдай отырып, Шартты бұзуға құқылы.

10. Жалпы ережелер және дауларды шешу

34. Жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөніндегі қызметтер көрсету шартын тараптар жеке тәртіппен жасасады.

35. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай немесе қандай да бір мәселелерге немесе Шарттың ережелеріне қатысты әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар туындаған дауларды келіссөздер жолымен реттеу бойынша қажетті барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

36. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен

келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

37. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі

38. Шарт Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар 2 данада жасалады

Шарт мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында тіркеледі және тіркелген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

39. Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 200_ жылғы "___" _____ дейін қолданылады.

40. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күн бұрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе, жылу энергиясын беру және/немесе бөлу көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады және Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

12. Тараптардың деректемелері

Орындаушы: _____ Тапсырысшы: _____
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 1 9 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 қазандағы N 1080 , тақырыбына және мәтінге өзгерту енгізілді - 2007.08.22. N 7 2 7 Қ а у л ы л а р ы м е н .

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "байланыс саласындағы" деген сөздерден кейін "және табиғи монополия саласындағы және реттелетін нарықтардағы" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Табиғи монополия субъектісінің жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне қосу және телефон трафигін өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуіне арналған үлгі шарт

Ескерту. Үлгі шарттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

_____ 200__ жылғы "___" _____
(ш а р т т ы ң ж а с а л ғ а н о р н ы)

_____ (с у б ъ е к т і н і ң а т а у ы)
_____ атынан
_____ (л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)
_____ негізінде әрекет ететін,
бұдан әрі Қосылатын байланыс операторы деп аталатын бір тараптан және

_____ (с у б ъ е к т і н і ң а т а у ы)
_____ атынан
_____ (л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)
_____ негізінде әрекет ететін бұдан әрі Қосылатын байланыс операторы деп аталатын екінші тараптан (бұдан әрі - Тараптар) төмендегілер туралы осы Табиғи монополия субъектісінің жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне қосу және трафикті өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуіне арналған үлгі шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шарттың мәні

1. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы № 155 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесінің 10-тармағында көзделген, қосу және телефон трафигін өткізу қызметтерін көрсеткен кезде Қосатын және Қосылатын байланыс операторларының өзара іс-қимылын а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Тараптардың желілерін қосу шарттары

2. Қосылатын байланыс операторының желісін Қосатын байланыс операторының желісіне қосу деңгейлері Қазақстан Республикасының

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Тараптардың желілерін қосу пункттері, терім форматы, дабылнамасы Қосылатын байланыс операторына Қосатын байланыс операторы берген жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне (бұдан әрі - ЖПТЖ) қосуға арналған техникалық шарттарда көрсетілген.

4. Тараптар желілерінің технологиялық жағынан ұштасқан жабдығы Тараптардың әрқайсысының белгіленген тәртібіне сәйкес екі Тараптың өкілдері үшін қол жетімді болады.

5. Қосудың қосымша пункттерін ұйымдастыру қажет болған кезде, Қосылатын байланыс операторы Қосатын байланыс операторына жазбаша өтінім береді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосуға арналған техникалық шарттарды орындайды.

6. Қосылатын байланыс операторы кемінде 4 (төрт) ай бұрын Қосатын байланыс операторын Тараптардың желілерін қосуды жаңғыртуға қажетті қосылатын және қосатын желілердің әр түрлі элементтерінің сыйымдылығын кеңейту туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Уағдаластық бойынша желі сыйымдылығын кеңейту жөніндегі жұмыстарды, жұмсалған шығындардың бөлігін кейіннен екінші Тарап өтей отырып, Тараптардың бірі орындауы мүмкін.

Тараптар Шарт бойынша өз желісін пайдаланушыларға да, екінші Тараптың пайдаланушыларына да техникалық және пайдалану параметрлеріне сәйкес сапасы мен оларды ұсыну уақтылығы бойынша тең мәнді қызметтерді ұсынады.

3. Телефон трафигін өткізу

7. Тараптар өздерінің желілері арқылы IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының телефон трафигін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Желіаралық телефон қосылыстарының ұзақтығын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында телефон трафигінің әрбір түрі үшін белгіленген тарифтеу бірліктерінде жүргізіледі.

Желіаралық телефон қосылыстарының ұзақтығын есептеу шақырылатын терминал (телефон аппараты, автожауап қайтарушы, факсимильді аппарат,

модем және т.б.) нөмірінің "абоненттің жауабы" деген дабылы түскен сәттен б а с т а л а д ы .

Желіаралық телефон қосылыстарының ұзақтығын есептеу абоненттердің кез келген екі терминалынан (телефон аппаратынан, автожауап қайтарушыдан, факсимильді аппараттан, модемнен және т.б.) "тоқтату" деген дабыл алынғаннан кейін а я қ т а л а д ы .

Қосылыстардың жалпы сомасының есеп айырысулары заңнамада белгіленген қосылыстар тарифтеуінің бірліктерінде әрбір қосылыс ұзақтығының сомасына (егер ондай болмаса, онда Тараптардың қосымша келісімі бойынша) негізделеді, мұнда әрбір толық емес аралық үлкен жағына қарай толғанға дейін д ө н г е л е к т е н е д і .

9. Тараптар трафиктің есебін, шот-фактураларды ұсынуды және өздерінің желілерін пайдаланушылардан төлем жинауды дербес жүзеге асырады.

10. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) .

11. Тараптардың екінші Тараптың желісінен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған шұғыл қызметтердің телефондарына телефон трафигін өз желілерінде шектеуге немесе тоқтатуға құқығы жоқ. Мұндай жағдайларда, телефон трафигін өткізгені үшін төлем алынбайды.

4. Тараптардың міндеттемелері

12. Қосатын байланыс операторы:

1) Қолданыстағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес телекоммуникация қызметтерін көрсету үшін Қосылатын байланыс операторының желісіне өз желісін қосуды пайдалануға;

2) Қосылатын байланыс операторының желісін Қосатын байланыс операторы берген қосуға арналған техникалық шарттарды толық көлемде орындағаннан кейін техникалық мүмкіндік болған кезде қосуды тестілеудің актіленген оң нәтижесі болған және осы Шартқа Тараптар қол қойған кезде 5 (бес) жұмыс күннен аспайтын мерзімде өз желісіне қосуды жүргізуге;

3) Қосылатын байланыс операторына оның жазбаша өтінімі бойынша Қосылатын байланыс операторы желісінің жаңа қосылысына немесе қосу пункттерін жаңғыртуға арналған техникалық шарттарды өтінім алынғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде беруге;

4) Қосылатын байланыс операторының мүдделерін қозғайтын телекоммуникация қызметтерін қамтамасыз етуде іркіліс туғызуы мүмкін байланыс құралдарының авариялық бұзылулары болған кезде, оны бұл туралы

жедел хабардар етуге, сондай-ақ байланысты қалпына келтіру жөніндегі барлық шараларды қабылдауға ;

5) Қосылатын байланыс операторының телекоммуникация қызметтерін қамтамасыз етуде іркіліс туғызуы мүмкін жоспарлы жұмыстарды жүргізген кезде оған бұл туралы жұмыстар басталғанға дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға ;

6) Қосылатын байланыс операторының жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша Тараптардың желілерін қосу схемасына өзгерістер енгізбеуге;

7) Тараптардың желілерін қосуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдары кешенін ажыратуды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізуге;

8) өзінің желісін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттар мен нормаларға сәйкес құруға, жабдықтауға, оған қызмет көрсетуге және пайдалануға. Олар болмаған жағдайда, Халықаралық электр байланысы одағының - телекоммуникация секторының стандарттары мен ұсынымдарын басшылыққа алуға ;

9) нөмірлеу мен кодтар, терім қағидаттары өзгерген жағдайда, өзгерістер енгізілгенге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қосылатын байланыс операторын хабардар етуге ;

10) Шарт бойынша алынған қызметтерге ақы төлеуді уақтылы жүзеге асыруға міндетті .

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Қосылатын байланыс операторы:

1) Тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өз желісін телекоммуникация қызметтерін көрсету үшін Қосатын байланыс операторының желісіне қосуды пайдалануға;

2) өзінің желісін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттар мен нормаларға сәйкес құруға, жабдықтауға, оған қызмет көрсетуге және пайдалануға. Олар болмаған жағдайда, Халықаралық электр байланысы одағының - телекоммуникация секторының стандарттары мен ұсынымдарын басшылыққа алуға ;

3) телекоммуникация қызметтерін қамтамасыз етуде іркіліс туғызуы мүмкін Қосылатын байланыс операторының байланыс құралдарында, сондай-ақ Қосылатын байланыс операторының желілеріне қосылған желілерде авариялық істен шыққан кезде, бұл туралы Қосатын байланыс операторын жедел хабардар етуге және байланысты тез арада қалпына келтіру жөніндегі барлық шараларды қабылдауға ;

4) телекоммуникация қызметтерін қамтамасыз етуде Қосатын байланыс операторының мүдделерін қозғайтын іркіліс туғызуы мүмкін Қосылатын байланыс операторының желісінде, сондай-ақ оған қосылған желілерде жоспарлы жұмыстар жүргізген кезде, бұл туралы алғашқысына жұмыстар басталғанға дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға;

5) Қосылатын байланыс операторының желісін жаңғыртқан жағдайда, бұл туралы Қосатын байланыс операторына алдын ала кемінде 4 (төрт) ай бұрын м е р з і м д е х а б а р л а у ғ а ;

6) өзінің желісіне телекоммуникацияның басқа да желілерін қосуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;

7) Тараптардың желілерін қосуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдары кешенін ажыратуды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізуге;

8) нөмірлеу мен кодтар, терім қағидаттары өзгерген жағдайда, өзгерістер енгізілгенге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қосатын байланыс операторын х а б а р д а р е т у ғ е ;

9) Шарт бойынша алынған қызметтерге ақы төлеуді уақтылы жүзеге асыруға м і н д е т т і .

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Өзара есеп айырысулар тәртібі

14. Телефон трафигін қосу және өткізу жөнінде ұсынылған реттелмелі қызметтер үшін тараптардың арасындағы есеп айырысулар байланыс саласындағы және табиғи монополия саласындағы және реттелетін нарықтардағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес жүргізіледі.

Телефон трафигін қосу және өткізу жөніндегі реттелмелі қызметтерге арнап байланыс саласындағы және табиғи монополия саласындағы және реттелетін нарықтардағы уәкілетті орган бекіткен тарифтер болмаған кезде, өзара есеп айырысулар тараптардың келісімімен белгіленген тарифтер бойынша жүргізіледі.

Шарт бойынша ұсынылатын қызметтердің құны Шартқа қосымша түрінде р е с і м д е л у і м ү м к і н .

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

15. Телефон трафигін қосу және өткізу жөніндегі қызметтерге арналған тарифтер немесе желіаралық телефон қосылыстары тарифтелуінің бірліктері

20. Бекітілген өзара есеп айырысулар актісінің негізінде Тараптар бір-біріне алдын ала берілетін шот-фактураларға түзету шот-фактураларын береді. Тараптардың әрқайсысының түзету және алдын ала берілетін шот-фактуралары бойынша жиынтық сомалар өзара есеп-айырысулар актісі бойынша есепті кезең ішіндегі Тараптардың бір-бірінің алдындағы берешектерінің сомасын құрайды. Бұл ретте өзара есеп айырысулар актісінде түзету шот-фактурасы ұсынылған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген акт бойынша берешекті төлейтін дебитор тарап айқындалады. Түзету шоттарын Тараптар өзара есеп айырысулар актісіне қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға тиіс.

21. Тараптардың осы бөлімде көрсетілген ай сайынғы қаржы теңгерімін жасау мерзімі бұзылған жағдайда, Қосатын байланыс операторы есептіден кейінгі айдың 30-күніне дейінгі мерзімде дебитор тарап айқындалатын есепті кезеңге алдын ала берілетін ұсынылған шоттар бойынша сомалардың негізінде өзара есеп айырысулардың алдын ала актісін жасайды. Өзара есеп айырысулардың алдын ала актісі оларды Қосатын байланыс операторынан алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қосылатын байланыс операторымен келісілуі және ол оған қол қоюы тиіс. Дебитор тарап есеп айырысулардың алдын ала берілетін актісі бойынша берешекті өзара есеп айырысулардың алдын ала берілетін актісіне Тараптар қол қойған күннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлеуге міндеттенеді.

22. Тараптардың бірі осы Шарттың 20 және 21-тармақтарын орындамаған жағдайда, екінші Тараптың есепті кезең ішінде бірінші Тарапта бір айлық есеп айырысулардың негізінде бір жақты тәртіппен, осы Шартқа сәйкес қызметтерге ақы төлеуге шот ұсынуға құқығы бар. Дебитор тарап шотты алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ұсынылған шотты төлеуге міндетті.

23. Тараптар үш жылдық кезеңдегі барлық өзара есеп айырысулардың дәлдігін растау үшін қажетті есеп құжаттарын жүргізуге міндетті.

6. Тараптардың жауапкершілігі

24. Ұсынылған қызметтер үшін төлем мерзімі өткен жағдайда, Тараптар Шартқа сәйкес мерзімі өткен әрбір күн үшін осы сомаларды төлеу күні қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 есе қайта қаржыландыру ставкасын негізге ала отырып есептелген, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер Тараптардың қосымша келісімінде өзгеше айтылмаса, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 26 - күні болып табылады.

25. Шарттың талаптары бұзылған жағдайда, Тараптардың екінші Тарапқа 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлама беріп, дәйекті түрде мынадай шаралар қабылдауға құқығы бар:

1) Шартта көзделген қызметтерді ұсынуда мүмкін болатын шектеу туралы ескертуге;

2) екінші Тарап Шарттың 12-тармағының 10) тармақшасын және 13-тармағының 9) тармақшасын орындауға байланысты жол берілген бұзушылықтарды жоймаған жағдайда, Шартта көзделген қызметтерді ұсынуды 2 (екі) айдан астам шектеуге және (немесе) тоқтата тұруға;

3) Шартты сот тәртібімен бұзуға.

26. Шарттың талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгенін бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу және залалдар мен шығыстарды өтеу Шарт бойынша тиісті міндеттемелерді лайықты түрде орындау міндетінен босатпайды.

7. Форс-мажор

27. Тараптардың бір де біреуі екінші Тараптың алдында байланыс жүйелерінің немесе жабдықтардың кез келген бүлінуінен немесе істен шығуынан туындаған қандай да бір тікелей немесе жанама зиян немесе залал үшін немесе табиғи катаклизмадан, апаттан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден немесе тараптардың еркіне тәуелсіз басқа да себептерден пайда болған қызметтерді ұсынудағы үзілістер үшін жауапты болмайды.

28. Егер осындай мән-жайлардың кез келгені Шартта белгіленген мерзімде міндеттемелерді орындауға тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті мән-жайдың әрекет ету уақытына ұзартылады.

Қазақстан Республикасы уәкілетті органының форс-мажордың туындауын растайтын ресми құжаттары форс-мажордың дәлелдемесі болады.

29. Форс-мажор туындау себебінен міндеттемелерін орындау мүмкін болмай қалған Тарап олар туындаған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Хабарламау немесе уақтылы хабардар етпеу Тарапты міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершіліктен босататын негізде ретіндегі жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады. Форс-мажор 4 (төрт) айдан астамға созылған жағдайда, Шартты Тараптардың кез келгені екінші Тараптың атына жіберілген алдын ала жазбаша хабарламамен бұза алады.

30. Желінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті қалпына келтіру жұмыстарын қоспағанда, байланыс операторының желісін қосуды кейіннен қалпына келтіру қосымша ақы төлеусіз жүргізіледі.

8. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту мен бұзу тәртібі

31. Шарт Қосылатын байланыс операторының желісі техникалық параметрлерге сәйкестікке тестілеудің оң актісі негізінде пайдалануға қосылған күнінен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, мерзімі шектелмей қ о л д а н ы л а д ы .

32. Шартты Тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұза алады. Бұл ретте Тараптардың барлық қаржылық міндеттемелері Шарттың бұзылатын күніне дейін толық көлемінде орындалуы т и і с .

33. Шарт бұзылғанға дейін реттелмеген өзара қаржылық өзара қарым-қатынастар, ол бұзылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында р е т т е л е д і .

34. Шарт бұзылған немесе оның қолданылуы тоқтатылған (оның ішінде Тараптардың өзара жазбаша келісімі, байланыс саласындағы және табиғи монополия саласындағы және реттелетін нарықтардағы уәкілетті органның шешімі бойынша) жағдайда, Шарттың 33 және 48-тармақтарының ережелері оны бұзғаннан немесе тоқтатқаннан кейін де алдағы уақытта күшінде болады.

35. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрлерімен бекітілген Шартқа қосымша келісім түрінде ресімделуге тиіс.

9. Хабарламалар мен хабарлар

36. Шарт бойынша Тараптар бір-біріне жолдайтын барлық хабарламалар және (немесе) хабарлар, егер олар жазбаша түрде жасалса, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметпен жіберілсе немесе оларды алғандығы туралы белгімен Тараптардың шартта көрсетілген мекен-жайлары бойынша қолына берілсе, күшінде болады және жеткізілді деп с а н а л а д ы .

37. Хабарламаларды және (немесе) хабарларды, егер хабар және (немесе) хабарлама жедел шешім қабылдауды талап ететін шұғыл сипатта болса (байланыс әрекетінің тоқталуы, алдын алу жұмыстары, авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және т.б.), Шарттың

36-тармағында көрсетілген тәртіппен кейіннен жолдай отырып, факс арқылы жіберуге жол беріледі.

38. Хабардың және (немесе) хабарламаның факс арқылы жіберілген күні немесе хабардың және (немесе) хабарламаның адресат Тарапқа жеке тапсырылған күні оның алынған күні болып саналады. Хабар және (немесе) хабарлама, егер бұл хабарда және (немесе) хабарламада көрсетілмесе, алу бойынша жеткізілген деп саналады.

39. Тараптар бір-бірін өз атауының, заңды мекен-жайының, іс жүзінде орналасқан жерінің және Шарттың талаптарын орындауға қажетті өзге де деректемелерінің өзгергені туралы жедел хабардар етуге міндеттенеді.

10. Қосымша шарттар

40. Шартта реттелмеген басқа да барлық өзара қатынастар Тараптар арасында жеке шарттарда және (немесе) қосымша келісімдерде ескеріледі.

41. Тараптардың Қосылатын байланыс операторы желісінің санатына тәуелді өзара іс-әрекеттерінің жеке шарттарын Тараптар Шартқа қосымшаларда белгілейді.

42. Шартқа сәйкес Қосылатын байланыс операторының қосымша желілік ресурстарын қосу қажет болған кезде, Қосылатын байланыс операторы Қосатын байланыс операторына жазбаша өтінім береді. Қосатын байланыс операторында техникалық мүмкіндік болған және Қосатын байланыс операторының алдында Қосылатын байланыс операторының мерзімі өткен берешегі болмаған кезде, алдыңғысы сұратылған ресурстарды Шартқа сәйкес бөледі. Бұл жағдайда Тараптар Шартқа іске қосылған ресурстардың саны туралы қосымша келісімді екі жақты тәртіппен жасайды және оған қол қояды. Қажет болған кезде, техникалық шарттарға тиісті өзгерістер енгізіледі. Ресурстарды бөлудің техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, Қосатын байланыс операторы бұл туралы Қосылатын байланыс операторын 10 күннен аспайтын мерзімде жазбаша хабардар етеді және Қосылатын байланыс операторына желінің сыйымдылығын кеңейтуге арналған техникалық шарттарды береді.

43. Қосылатын байланыс операторында синхродабылдың меншікті көзі болмаған жағдайда, Қосатын байланыс операторы техникалық мүмкіндігі болған кезде Қосылатын байланыс операторының жазбаша сұрауы бойынша өтеулі негізде Қосылатын байланыс операторының жабдығын тактілі желілік синхрондау жүйесіне қосуды жүргізуі мүмкін.

44. Тараптар рұқсат етілмеген телефон қосылыстарына тергеу жүргізу, шара қабылдау және олардың алдын алу мәселелерінде ынтымақтасуға міндеттенеді.

45. Тараптар шарттық негізде бір-біріне Тараптар желілерін пайдаланушылар

генерациялайтын IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының телефон трафигі бойынша деректерді есепке алу мен өңдеу жөніндегі қызметтер көрсете алады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.09.2013 N 970 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

46. Тараптар екінші Тараптың желісінен шығатын телефон трафигінің барлық түрлерінің сапасына жауапты болмайды.

Тараптар пайдаланушылардың алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

11. Қорытынды ережелер

47. Тараптардың арасында Шарттың талаптарын орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

Егер Тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

48. Шарттың, сондай-ақ оған барлық қосымшалар мен қосымша келісімдердің мазмұны құпия ақпарат болып табылады және байланыс саласындағы және табиғи монополия саласындағы және реттелетін нарықтардағы уәкілетті орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға ашылмауға (берілмеуге) тиіс.

Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

49. Шарт Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес Тараптардың әрқайсысына бір данадан әрқайсысының бірдей заң күші бар бірдей екі данада жасалған.

50. Шартқа барлық қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және егер жазбаша түрде жасалса, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса әрі Тараптардың мөрлерімен бекітілсе күшінде болады.

12. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Қосатын байланыс операторы:

Қосылатын байланыс операторы:

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

_____ қаласы

_____ қаласы

_____ көшесі

_____ көшесі

Тараптардың қолдары:

Тараптардың қолдары:

Қосатын байланыс операторы:

Қосылатын байланыс операторы:

2005 жылғы "___" _____
М.О. М.О.

2005 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 28 қарашадағы N 1194

қаулысымен бекітілген

**Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 8
тамыздағы N 748 Қаулысымен.**

Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт

_____ 200_ жылғы "___" _____
(ш а р т т ы ң ж а с а л ғ а н о р н ы)

Бұдан әрі оператор деп аталатын, магистральдық темір жол желісінің қызметтерін (магистральдық темір жол желісін пайдалануға ұсыну; магистральдық темір жол желісі бойынша жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру) ұсынатын _____
(қызметті ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай

_____ кұжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, күні мен берген орган)
_____ негізінде әрекет ететін
_____ тұлғасында бір тараптан және бұдан
әрі тасымалдаушы ден аталатын _____
_____ негізінде әрекет
ететін қызметтер ұсынушы _____
(тұтынушының деректемелері, құрылтай кұжаттары,

_____ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, күні мен берген орган)
_____ тұлғасында екінші тараптан, мына төменгілер
(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)
туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Оператор осы Шартқа сәйкес магистральдық темір жол желісінің қызметтерін ұсынады, тасымалдаушы Шартта белгіленген тәртіппен және

мерзімде оларға ақы төлейді.

2. Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін ұсынуға арналған шарт тасымалдаушымен жеке тәртіппен жасалады.

2. Магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру жөніндегі қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттары

3. Тасымалдаушының операторға магистральдық темір жол желісін пайдалану құқығын алуға өтінім беруі, оны қарау мен поездардың қозғалыс кестесіне енгізу Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасына және осы мәселелерді регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес жүргізіледі.

4. Тасымалдаушының поездар қозғалысының учаскелері бойынша поездар қозғалысының оператор бекіткен кестесінен үзінді-көшірме осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Оператор белгілеген тәртіппен бекіткен поездар қозғалысы кестесінің негізінде, тасымалдаушы тасымалдау мерзіміне дейін 10 күнтізбелік күн бұрын тасымалдарды жүзеге асыру кезінде магистральдық темір жол желісінің қызметтерін пайдалануға арналған өтінімде көрсетілген поездар өлшемдерінің өзгерістері туралы мәліметтерді қамтитын тасымалдар жоспарын операторға ұсынады.

Тасымалдар жоспары _____
(берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

(оператордың жауапты адамы және/немесе тасымалдаушының поезын қалыптастыру станциясындағы оператордың құрылымдық бөлімшесі көрсетіледі)

_____ беріледі.

6. Оператор белгіленген тәртіппен бекіткен поездар қозғалысы кестесінің негізінде тасымалдаушының тасымалдарының техникалық жоспарында көрсетілген тасымалдау мерзіміне дейін тәулік/сағат бұрын тасымалдаушы операторды поезды техникалық және/немесе коммерциялық тексеруге берудің уақыты туралы хабардар етеді.
Хабарлама _____

(хабарлама берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

(оператордың жауапты адамы және/немесе тасымалдаушының поезын қалыптастыру станциясындағы оператордың құрылымдық бөлімшесі көрсетіледі)

_____ беріледі.

7. Егер тасымалдаушының құрамды қалыптастыруды-таратуды (вагондарды өңдеуді), вагондарды ағымдағы жөндеуді өздігінен жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оператор тасымалдаушыға тасымалдардың техникалық жоспарымен бір мезгілде берілетін тасымалдаушының өтінімдері бойынша осы қызметтерді көрсетеді.

Өтінім _____

(берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

_____ (оператордың жауапты адамы және/немесе тасымалдаушының поезын қалыптастыру станциясындағы оператордың құрылымдық бөлімшесі көрсетіледі)

_____ беріледі.

8. Жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісіне жіберген кезде тасымалдаушы темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен жылжымалы құрамға арналған есептік құжатты операторға _____ ұсынады.

9. Толтырылған тасымалдау құжаттарының бір данасын тасымалдаушы поезды жөнелтетін станциядағы операторға береді.

Тасымалдау құжаттарының негізінде оператор поездың нақты парағын _____ данада _____ ресімдейді.

10. Қатынас жолындағы поезд құрамының барлық өзгерістері туралы оператордың өкілдері поездың нақты парағының барлық данасына белгі соғады.

11. Поезд межелі станцияға келгеннен кейін тасымалдаушы операторға поездың нақты парағының _____ данасын және тасымалдау құжаттарын _____ данадан _____ береді.

12. Поездың межелі станциясында оператор есептелген төлемдердің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

13. Поездың тасымалдау құжаттары мен нақты парағы осы Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсету фактілерін және олардың іс жүзіндегі көлемін растайтын құжаттар болып табылады және магистральдық темір жол желісі көрсеткен қызметтер үшін түпкілікті есеп айырысулар жүргізуге негіз болады.

14. Тасымалдаушының диспетчерлік қызметіне оператордың тасымалдау процесі мен вагон ағыстарын жоспарлау, ұйымдастыру мен жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеу тасымалдаушы ақпарат беруі _____

(ақпарат берудің мерзімі көрсетіледі)
тасымалдаушының әрбір өтініші бойынша жеке _____
(ақпарат берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)
жүзеге асырылады.

3. Есеп айырысулар тәртібі

15. Магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне ақы төлеу табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

16. Магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне ақы төлеуді вагондарды ағымдағы ағытпалық жөндеу бойынша қызметтерге ақы төлеуді қоспағанда, осы Шартты жасасқаннан кейін 10 банктік күн ішінде мәлімделген (келісілген) қызметтердің көлемі құнының 100%-ының алдын-ала төленуі шартымен тасымалдаушы жүргізеді.

17. Ағымдағы ағытпалық жөндеу бойынша қызметтерге ақы төлеуді іс жүзінде көрсетілген қызметтердің көлемі үшін жасалған екіжақты актілер мен шот-фактуралардың негізінде тасымалдаушы жүргізеді.

18. Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсеткені үшін түпкілікті есеп айырысу іс жүзінде көрсетілген қызметтердің көлемі үшін екіжақты актілер мен шот-фактуралардың негізінде қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

19. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, тасымалдаушы операторға төлем күнін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен күн үшін берешек сомасының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді.

20. Оператордың кінәсінен осы Шартта көзделген көлемнен кем көлемде магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетуге байланысты тасымалдаушы артық төлеген соманы қайтаруды оператор кешіктірген жағдайда, оператор тасымалдаушыға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасының тұрақсыздық айыбын төлейді.

21. Магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне ақы төлеу бойынша тасымалдаушының міндеттемелерін орындау деп _____
(есептелген төлемдердің

барлық сомаларын тасымалдаушының енгізу фактісі немесе оператордың шотына есептелген төлемдердің барлық сомаларының түсу фактісі көрсетіледі)____ фактісі танылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 2 . О п е р а т о р :

1) тасымалдаушы осы Шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда, тасымалдаушыны осы қызметтерді көрсетуді іс жүзінде тоқтатқанға дейін бес күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуі шартымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетуді тоқтатуға;

2) магистральдық темір жол желісінің қызметтерін ұсынғаны үшін ақыны у а қ т ы л ы а л у ғ а ;

3) тасымалдаушының кінәсінен келтірілген зиянның орнын толтыруды талап е т у ғ е ;

4) тасымалдаушыдан магистральдық темір жол желісінің қызметтерін ұйымдастыру, жоспарлау мен жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға;

5) табиғи және техногендік сипаты бар төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ тасымалдауға кедергі келтіретін төтенше жағдайлар мен өзге де жағдайлар енгізілген кезде тасымалдаушы өздігінен не уәкілетті органдардың шешімдерінің негізінде жүзеге асыратын тасымалдарды уақытша тоқтату не шектеу туралы шешім қабылдауға;

Бұл ретте оператор тасымалдаушыны жылжымалы құрамды уақытша тоқтату не оған қол жеткізуді шектеу туралы қабылданған шешім туралы себептерін көрсете отырып, хабардар етеді;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды и е л е н у ғ е қ ұ қ ы л ы .

2 3 . О п е р а т о р :

1) тасымалдаушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, магистральдық темір жол желісінің қызметтерін ұсыну жағдайларын қоспағанда, магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынуға;

2) тасымалдау кезінде жүктердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес сақталуын қамтамасыз е т у ғ е ;

3) поездардың қозғалыс кестесін, технологиялық нормаларды,

техникалық-бөлу актілерін, станциялардың технологиялық процестерін және станциялар мен кірме жолдар жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін с а қ т а у ғ а ;

4) қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктерін қоспағанда, магистральдық темір жол желісі қызметтерінің тасымалдаушымен келісілген көлемдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Магистральдық темір жол желісі қызметтерінің тасымалдаушы мәлімдеген көлемдерін іс жүзіндегі мүмкіндіктерден асырып жіберген жағдайда, оператор Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз е т у г е ;

5) тасымалдаушы поезының қатынас жолдарындағы магистральдық темір жол желісінің қызметтерін Шартта көзделген мерзімдер мен талаптарға сәйкес к ө р с е т у г е ;

б) осы Шарт бойынша қызметтер көрсету кезінде тасымалдаушының диспетчерлік қызметіне тасымалдау процесі мен вагон ағындарын ұйымдастыру, жоспарлау мен жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеу, тасымалдаушы поездарының қозғалысын бақылау, қозғалыс кестесін орындау үшін қажетті ақпараттар беруді жүзеге асыруға;

7) қауіпсіздік пен технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес магистральдық темір жол желісінің белгіленген сападағы қызметтерін көрсетуді қамтамасыз етуге;

8) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен санын есепке алу мен оған бақылау жүргізуге, қызмет көрсетуде бұзушылықтардың алдын алу және жою жөнінде у а қ т ы л ы ш а р а л а р қ а б ы л д а у ғ а ;

9) магистральдық темір жол желісінің объектілерін белгіленген жылдамдықтармен поездарды қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ететін жағдайда ұ с т а у ғ а ;

10) магистральдық темір жол желісін Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдалану ережесінің және құрылыс нормаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

11) Қазақстан Республикасының Техникалық пайдалану ережесінің, Темір жолдарда белгі беру жөніндегі нұсқаулықтың, Қазақстан Республикасының темір жолдарындағы поездардың қозғалысы мен маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықтың және темір жол көлігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарын орындауға;

12) тасымалдаушыны магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне арналған тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) өзгерістері туралы

олар қолданысқа енгізілгенге дейін он күннен кешіктірмей хабардар етуге;

13) тасымалдаушыны себептерін көрсете отырып, қабылданған жылжымалы құрамға қол жеткізуді уақытша тоқтату немесе шектеу шешімі туралы дереу х а б а р д а р е т у г е ;

14) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісіне жіберуге ж о л б е р м е у г е ;

15) қатынас жолында тасымалдаушының жылжымалы құрамының темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен жүкті сақтаудың техникалық және технологиялық талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тасымалдаушының жылжымалы құрамының қозғалысын тоқтатуға;

16) жылжымалы құрамға қызмет көрсететін персоналдың темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тасымалдаушының персоналын тасымалдау процесіне жібермеуге ;

17) тасымалдаушы өтінімінің негізінде поездар қозғалысының кестесін әзірлеуге ж ә н е б е к і т у г е ;

18) бекітілген қозғалыс кестесіне, қалыптастыру жоспарына және белгіленген технологиялық нормаларға сәйкес техникалық және технологиялық мүмкіндіктерді келісуді қоса алғанда, поездар қозғалысын орталықтан басқаруды жүзеге а с ы р у ғ а ;

19) магистральдық темір жол желісінің жарамды жағдайда үздіксіз жұмыс істеуін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

20) тасымалдаушыға магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетуге байланысы жоқ қызметтерді, сондай-ақ үшінші адамдармен міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша шарттарды жүктемеуге м і н д е т т і .

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

24. Т а с ы м а л д а у ш ы :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес магистральдық темір жол желісін пайдаланудың тең құқығын алуға;

2) Шарттың талаптарына сай қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес магистральдық темір жол желісінің белгіленген сападағы қызметтерін алуға;

3) осы Шарттың мерзімі мен талаптарына сәйкес поездың қатынас жолындағы магистральдық темір жол желісінің қызметтерін алуға;

4) оператордан поездардың қозғалыс кестесіндегі қызметтердің шартта

көзделген магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетудің мерзімі мен шарттарын өзгертуге алып келетін өзгерістер туралы жазбаша нысандағы ақпаратты оператор көрсетілген өзгерістерді (дүлей зілзала, әскери қимылдар, ереуілдер немесе көздеу немесе алдын алу мүмкін емес өзге де жағдайлар) енгізгенге дейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей алуға;

5) оператордан тасымалдау процесі мен вагон ағындарын ұйымдастыру, жоспарлау мен жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеу, поездар қозғалысын бақылау, қозғалыс кестесін орындау үшін қажетті ақпарат а л у ғ а ;

6) оператордан магистральдық темір жол желісін пайдалануға ұсыну жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) өзгерту туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін он күннен кешіктірмей а қ п а р а т а л у ғ а ;

7) оператордың кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап е т у ғ е ;

8) себептерін көрсете отырып, оператордың вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу шешімін қабылдауы туралы ақпарат алуға;

9) магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетумен байланысы жоқ қызметтерден, сондай-ақ үшінші адамдардың алдында міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша талаптардан бас тартуға;

10) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін оператордың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды и е л е н у ғ е қ ұ қ ы л ы .

25 . Т а с ы м а л д а у ы :

1) магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне уақтылы және толық к ө л е м д е а қ ы т ө л е у ғ е ;

2) Магистральдық темір жол желісін пайдалану ережесін, Жүктерді тасымалдау ережесін, нормативтік құқықтық кесімдерде көзделген темір жолдың жылжымалы құрамын техникалық пайдалану талаптарын орындауды қамтамасыз е т у ғ е ;

3) операторға магистральдық темір жол желісінің қызметтерін ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат ұсынуға;

4) технологиялық нормаларды, поездар қозғалысының бекітілген кестесін, техникалық-бөлу актілерін, станциялардың технологиялық процестерін және станциялар мен кірме жолдар жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін с а қ т а у ғ а ;

5) Техникалық пайдалану ережесінің, Қазақстан Республикасының темір жолдарында белгі беру жөніндегі нұсқаулықтың, Қазақстан Республикасының

темір жолдарындағы поездардың қозғалысы және маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықтың және темір жол көлігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарын орындауға;

6) операторға осы Шарт бойынша қызметтер алуға байланысты олар жүзеге асыратын қызмет түрлеріне арналған лицензия ұсынуға және операторды көрсетілген лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру не күшін жою туралы уақтылы хабардар етуге;

7) оператордың поездар қозғалысының қауіпсіздік талаптарын, қозғалыс кестесінің нормативтерін, поездарды қалыптастырудың жоспары мен тәртібін, магистральдық темір жол желісінің инфрақұрылымдық желілік бөлімшелері жұмысының технологиялық процестерін қамтамасыз етуге қатысты өкімін орындауға;

8) осы Шартта көзделген мерзім мен талаптарды сақтауға;

9) операторды магистральдық темір жол желісін пайдалануға арналған тараптармен келісілген өтінімдерде көзделген қызметтерді алудан бас тарту туралы Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша нысанда хабардар етуге;

10) операторға магистральдық темір жол желісі объектілерінің табылған ақаулары, сондай-ақ үшінші адамдардың Техникалық пайдалану ережесін бұзушылықтары туралы хабарлауға;

11) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті органның магистральдық темір жол желісін пайдалану бөлігіндегі талаптарын сақтауға;

12) магистральдық темір жол желісі қызметтерін алудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктері болмауын қоспағанда, тасымалдау көлемдерінің жоспарында мәлімделгендердің орындалуын қамтамасыз етуге;

13) оператордың тасымалдау процестерін орталықтан басқару жөніндегі нұсқауын сақтауға;

14) тасымалдау процесіне байланысты қызметкерлер біліктілігінің темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

15) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға жылжымалы құрамның сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі

26. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

27. Өсімпұл төлеу тасымалдаушыны операторға Шарттың талаптарына

сәйкес есептелген төлемдерді енгізуден босатпайды.

28. Белгіленген мерзімде қызметтер ұсынылмаған жағдайда, оператор тасымалдаушыға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша іс жүзінде қызметтер көрсету басталатын уақытқа дейін шарт бойынша қызмет көрсету жүзеге асырылуға тиісті уақыттың ішінде алдын ала төленген сомадан тұрақсыздық айыбын төлейді.

29. Осы Шарттың талаптарында көрсетілетін қызметтерді алудан бас тарту туралы операторды хабардар ету мерзімі сақталмаған кезде, тасымалдаушы операторға қызметтер алудан бас тарту сәтінен бастап есептелген төлемдер сомасынан магистральдық темір жол желісі қызметтерінің жоспарланған көлемі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде айыппұл төлейді.

30. Оператор тасымалдаушыны поездар қозғалысы кестесінің өзгергені туралы хабардар ету мерзімін сақтамаған кезде, тасымалдаушыға алдын ала төленген сомадан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде айыппұл төлейді.

31. Оператордың және(немесе) тасымалдаушының міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты үшінші тұлғаға келтірілген залалды тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде өтейді.

6. Форс-мажорлық мән-жайлар

32. Осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш (дүлей зілзала, әскери қимылдар, ереуілдер немесе болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын өзге мән-жайлар) салдарынан болып табылса, тараптар жауапкершіліктен босатылады.

33. Еңсерілмес күштің мән-жайларына сілтеме жасайтын тарап екінші тарапты 48 (қырық сегіз) сағаттың ішінде құзыретті орган берген растайтын құжатты екінші тараптың талабы бойынша ұсына отырып, осындай мән-жайлардың басталғаны туралы да, аяқталғаны туралы да хабардар етуге м і н д е т т і .

34. Егер тараптардың бірі Шарт бойынша өз міндеттемелерін еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде орындауға жағдайы болмаса, екінші тарапты болжанып отырған шартты бұзу күніне дейін кемінде он күнтізбелік күн бұрын алдын ала жазбаша хабардар етуі шартымен,

екінші тараптың Шартты бұзуға құқығы бар. Бұл ретте тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

7. Жалпы ережелер және дауларды шешу

35. Тасымалдаушының осы Шартта көзделген магистральдық темір жол желісін пайдалану құқығын басқа адамға беруіне жол берілмейді.

36. Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тарап бұл туралы екінші тарапқа отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша түрде е с к е р т у г е т и і с .

37. Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер келіссөздер жолымен тараптар өзара келісімге қол жеткізбесе, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

38. Почта және банктік деректемелері өзгерген жағдайда тарап бұл туралы екінші тарапқа көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілген сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

39. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар екі данада ж а с а л а д ы .

40. Тараптардың Шарттан туындайтын және олармен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданысын тоқтату тәртібі

41. Шарт 200 жылғы " __ " _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200 жылғы " __ " _____ 24-00 сағатты қоса қолданылады, бірақ поездар қозғалысы кестесінің белгіленген тәртіппен бекітілген мерзімінен аспауға тиіс, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде - олар толық орындалғанға дейін қ о л д а н ы л а д ы .

42. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

43. Шарт мынадай жағдайларда:

- 1) тасымалдаушы лицензиясының қолданысы тоқтатылғанда;
- 2) тасымалдаушы лицензиясының күші тоқтатыла тұрғанда немесе оны қ а й т а р ы п а л ғ а н д а ;
- 3) олардың жазбаша өтініштерінің негізіндегі тараптардың бастамасы б о й ы н ш а б ұ з ы л у ы м ү м к і н .

44. Шарттың қолданылуы тараптардың келісімі бойынша Шарттың ажырамас қосымшасы ретінде қосымша келісім жасасу не жаңа шарт жасасу жолымен ұзартылуы мүмкін.

45. Тараптардың келісімі бойынша Шарт осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

46. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы өзгерген, магистральдық темір жол желісінің қызметтерін ұсынудың тәртібі мен талаптарын өзгертетін нормативтік құқықтық кесімдер қабылданған жағдайда, тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде осы Шартты Шарттың мәтініне қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізу жолымен аталған кесімдердің талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

9. Тараптардың заңды мекен-жайы, банктік деректемелері мен қолтаңбалары

Оператор:

Тасымалдаушы:

Республикасы

Үкіметінің

Қазақстан

2003 жылғы 28 қарашадағы

№ 1194 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 8 тамыздағы № 748 Қаулысымен.

Ескерту. Үлгі шарттың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. № 156 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шарт

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "жүруі үшін" деген сөздерден кейін "бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда" деген сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. № 156 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

_____ (шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі тармақ иеленуші деп аталатын, жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі _____ қызметтерді _____ көрсететін

_____ (қызметті ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары,

_____ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, күні мен берген орган) _____ негізінде әрекет ететін

_____ (л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

_____ тұлғасында бір тараптан және бұдан әрі Тармақ пайдаланушы деп а т а л а т ы н

_____ (тұтынушының деректемелері, құрылтай құжаттары, мемлекеттік _____ негізінде әрекет ететін тіркеу туралы куәлік, күні мен берген орган)

_____ (л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

_____ тұлғасында екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Тармақ иеленуші Шартқа сәйкес жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол қызметтерін ұсынады, тармақ пайдаланушы оларға Шартта белгіленген тәртіппен және _____ мерзімде _____ ақы _____ төлейді.

2. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол қызметтерін ұсынуға арналған шарт тармақ пайдаланушымен жеке тәртіппен жасалады.

2. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттары

3. "Кірме жолдың шекарасы" деген белгі _____

_____ жаққа қарай (кірме жолдың тұйығына қарай немесе станциялық жолдың N және жанасу

станциясының немесе басқа да кірме жолдың немесе қосатын жолдың немесе жанасудың басқа жолының атауын көрсету) _____ ұзақтықтағы жанасу бағыттағышынан _____ М қашықтықта о р н а т ы л а д ы .

4. Кірме жолдың ұзына бойы жайылған ұзындығы _____ М құрайды.

5. Жолақты бөлу шекарасында кірме жол мен құрылыстар алаңы _____ шаршы метр жер учаскесін алады.

6. Кірме жол арқылы поездардың қозғалысы Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасын және осы мәселелерді регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді сақтай отырып жүргізіледі.

7. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну тармақ иеленушінің алдын ала хабарламасы бойынша жүргізіледі.

Хабарлама _____ беріледі.

(хабарлама беру тәртібі)

8. _____ үшін _____ кірме жолға
(ай , то қ с а н , жы л)

келген және одан кеткен вагондардың мәлімделген саны.

9. Тармақ иеленушінің кірме жолына бір мезгілде берілетін тармақ пайдаланушы вагондарының саны _____ вагоннан аспайтын болып белгіленеді .

10. Кірме жол арқылы өткен вагондардың санын тармақ иеленуші тармақ пайдаланушының қатысуымен тіркейді және есепке алады. Ол үшін екі данада акт (немесе ведомость) жасалады, олардың біреуі тармақ иеленушіде қалады, екіншісі тармақ пайдаланушыға беріледі. Бір ай ішіндегі жұмыстың қорытындылары бойынша, ол тармақ пайдаланушыға шотын беру үшін негіз болып табылатын орындалған жұмыстардың актісі жасалады.

11. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды оның құрылысының кезеңінде, табиғи-климаттық жағдайлар күрт өзгерген жағдайда ұсыну, кірме жол жұмысының қысқа мерзімді шартының талаптарында жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Есеп айырысулар тәртібі

12. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге ақы төлеу табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтер (бағалар, алым

ставкалары) бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

13. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетуге ақы төлеуді тармақ пайдаланушы жоспарланған айлық вагон айналымына сәйкес 50% алдын ала төлеу шарттарында жүргізеді.

14. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсеткені үшін түпкілікті есеп айырысу ай сайын өткізілген вагондар мен берілген шот-фактуралардың іс жүзіндегі саны бойынша көрсетілген қызметтердің актілеріне тараптар қол қойғаннан кейін 10 күнтізбелік күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15. Тармақ иеленуші:

1) тармақ пайдаланушы осы Шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда, тармақ пайдаланушының осы қызметтерді іс жүзінде көрсеткенге дейін бес күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етілуі шартымен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтатуға;

2) ұсынылатын қызметтер үшін уақтылы ақы алуға;

3) тармақ пайдаланушының кінәсінен келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге;

4) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті органның актісімен расталған оның қанағаттанғысыз жай-күйі болған жағдайда, жоспарлы жұмыстар енгізілгенге дейін кемінде бес күн бұрын тармақ пайдаланушыны жазбаша хабардар ете отырып, кірме жолды жөндеуге жабуға;

5) тармақ пайдаланушы жиырма күннен асатын мерзімге төлемдерді кешіктірген жағдайда, осы шартты бұзуға бастамашылық етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

16. Тармақ иеленуші:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларын қоспағанда, тармақ пайдаланушыларға жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге қол жеткізудің тең

жағдайларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынуға;

2) жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес көрсетуді қамтамасыз етуге;

3) қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктерінің болмауы жағдайларын және кірме жолда жүру қауіпсіздігіне қауіп төну жағдайларын қоспағанда, тармақ пайдаланушының жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтердің мәлімделген көлемдерінің орындауын қамтамасыз етуге міндетті. Тармақ пайдаланушы кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтердің мәлімделген көлемдерін іс жүзіндегі мүмкіндіктерден арттырған жағдайда, тармақ иеленуші Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді;

4) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен санына есеп және бақылау жүргізу, қызметтер көрсету бұзушылықтарын алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

5) белгіленген жылдамдықпен поездардың қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін жағдайда кірме жол элементтерін тұрақты ұстау үшін кірме жолды, оның құрылыстарын және құрылғыларын ағымдағы ұстауды, оларға күрделі, орташа және көтеру жөндеулерін жүргізуге;

6) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нормативтік құқықтық кесімдерінің шегінде кірме жолды, және өтпелерді қардан, шөптен және ластанулардан тазалауды жүргізуге;

7) кірме жолдардың Техникалық пайдалану ережесінің және құрылыс нормаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

8) тармақ пайдаланушыны жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтердің тарифтерінің (бағаларының, алымдар ставкаларының) өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге;

9) тармақ пайдаланушыны себептерін көрсете отырып, вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы қабылданған шешімдер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген мерзімде хабардар етуге;

10) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды кірме жолдарға жібермеуге;

11) тармақ пайдаланушымен өзара қатынастарда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

12) тармақ пайдаланушыға жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты емес қызметтерді, сондай-ақ үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша шарттарды таңбауға;

13) өзіне тиесілі кірме жолдардың күзетін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

17. Тармақ пайдаланушы:

1) жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда тармақ иеленушінің кірме жолын пайдалануға ұсыну жөніндегі қызметтерді пайдалануға тең құқық алуға;

2) осы Шарттың талаптарына сай жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына сәйкес белгіленген сапада алуға;

3) тармақ иеленушіден жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер тарифтерінің (бағаларының, алым ставкаларының) өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға;

4) тармақ иеленушінің кінәсінен келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге;

5) тармақ иеленушіні себептерін көрсете отырып, қабылданған кірме жолдарға вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу шешімдері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде хабардар етуге;

6) тармақ иеленушімен өзара қатынастарда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

7) тармақ иеленушінің осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

18. Тармақ пайдаланушы:

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес тармақ иеленушінің жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдарды ұсыну жөніндегі қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) тармақ иеленушімен қауіпті және разрядты жүктері бар вагондарды кірме жолдар бойынша өткізуді келісуге, сондай-ақ оның күзетін (бірге жүруді) қамтамасыз етуге;

3) ең жоғары осьтік жүктемесі бар вагондарды немесе цистерналарды тармақ иеленушінің жазбаша рұқсатымен кірме жолдар арқылы өткізуге;

4) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті органның кірме жолдарды пайдалану бөлігіндегі талаптарын сақтауға;

5) жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді алудың техникалық және технологиялық мүмкіндігі болмаған жағдайды қоспағанда және тармақ иеленушінің кірме жолында қауіпсіз емес қозғалу жағдайында мәлімделген көлемдердің орындалуын қамтамасыз етуге;

6) осы Шарт бойынша құқықты тармақ иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге;

7) есепті айдан кейінгі әрбір айдың бесінші күніне дейін есепті кезең ішіндегі өзара есеп айырысуға салыстыру жүргізуге міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

19. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

20. Осы Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

21. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, тармақ пайдаланушы тармақ иеленушіге төлем күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

22. Белгіленген мерзімде қызметтер ұсынылмаған жағдайда, тармақ иеленуші тармақ пайдаланушыға шарт бойынша қызмет жүзеге асырылуға тиіс уақыттан бастап қызметтер көрсету іс жүзінде басталған уақытқа дейін алдын ала төленген сомадан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

6. Форс-мажорлық мән-жайлар

23. Осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш (дүлей зілзала, әскери қимылдар, ереуілдер немесе болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын өзге мән-жайлар) салдарынан болып табылса, Тараптар жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы .

24. Еңсерілмес күштің мән-жайларына сілтеме жасайтын тарап екінші тарапты 48 (қырық сегіз) сағаттың ішінде құзыретті орган берген растайтын құжатты екінші тараптың талабы бойынша ұсына отырып, осындай мән-жайлардың басталғаны туралы да, аяқталғаны туралы да хабардар етуге м і н д е т т і .

25. Егер тараптардың бірі Шарт бойынша өз міндеттемелерін еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде орындауға жағдайы болмаса, екінші тарапты болжанып отырған шартты бұзу күніне дейін кемінде он күнтізбелік күн бұрын алдын ала жазбаша хабардар етуі шартымен, екінші тараптың Шартты бұзуға құқығы бар. Бұл ретте тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

7. Жалпы ережелер

26. Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, тарап бұл туралы екінші тарапты отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша тү р д е е с к е р т у г е т и і с .

27. Почта және банктік деректемелері өзгерген жағдайда тарап бұл туралы екінші тарапқа көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілген сәттен бастап бес жұмыс күннің ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

28. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар екі данада ж а с а л а д ы .

29. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

30. Шарт 200__ жылғы " __ " _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200__ жылғы " __ " _____ 24-00 сағатты қоса, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде - олар толық орындалғанға дейін қолданылады.

31. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

32. Шарттың қолданылуы тараптардың келісімі бойынша Шарттың ажырамас

қосымшасы ретінде қосымша келісім жасасу не жаңа шарт жасасу жолымен
ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

33. Тараптардың келісімі бойынша Шарт осы Шартқа және Қазақстан
Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен
т о л ы қ т ы р ы л у ы м ү м к і н .

34. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы өзгерген,
жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда
кірме жолдарды ұсынудың тәртібі мен талаптарын өзгертетін нормативтік
құқықтық кесімдер қабылданған жағдайда, тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде
осы Шартты Шарттың мәтініне қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізу
жолымен аталған кесімдердің талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

9. Тараптардың заңды мекен-жайлары, банктік деректемелері мен қолтаңбалары

Тармақ иеленуші:

Тармақ пайдаланушы:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 28 қарашадағы
N 1194 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 8
тамыздағы N 748 Қаулысымен.

Ескерту. Үлгі шарттың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. N 156 (ресми жарияланған күнінен бастап
он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары,
тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін,
сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық
операцияларында кезделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін
бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну
жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған
үлгі шарт**

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "тұрағы үшін" деген сөздерден кейін "
бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда" деген сөздермен толықтырылды -
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.19. N 156 (ресми жарияланған
күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

_____ (шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі тармақ иеленуші деп аталатын, тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөнінде қызметтер көрсететін _____

_____ (қызмет ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары,

_____ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, күні мен берген орган) _____ негізінде әрекет ететін

_____ (л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

_____ тұлғасында бір тараптан және бұдан әрі тармақ пайдаланушы деп аталатын _____ негізінде

_____ (тұтынушының деректемелері, құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, күні мен берген орган) _____ әрекет ететін _____

_____ (л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

_____ тұлғасында екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Тармақ иеленуші Шартқа сәйкес жылжымалы құрамның жүруі үшін, кірме жолдардың қызметтерін ұсынады, тармақ пайдаланушы оларға Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ақы төлейді.

2. Жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдың қызметтерін, ұсынуға арналған Шарт тармақ пайдаланушымен жеке тәртіппен жасалады.

2. Қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттары

3. "Кірме жолдың шекарасы" деген белгі _____

_____ жаққа қарай (кірме жолдың тұйығына қарай немесе станциялық жолдың N және жанасу станциясының немесе басқа да кірме жолдың немесе қосатын жолдың немесе жанасудың басқа жолының атауын көрсету)

_____ ұзақтықтағы жанасу бағыттағышынан _____ м. қашықтықта
о р н а т ы л а д ы .

4. Кірме жолдың ұзына бойы жайылған ұзындығы _____ м. құрайды.

5. Жолақты бөлу шекарасында кірме жол мен құрылыстар алаңы,
_____ шаршы метр жер учаскесін алады.

6. Кірме жол арқылы поездардың қозғалысы Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасын және осы мәселелерді регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді сақтай отырып жүргізіледі.

7. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну тармақ иеленушінің алдын ала хабарламасы бойынша жүргізіледі.
Хабарлама _____ беріледі.

(хабарлама беру тәртібі)

8. Кірме жолға берілетін вагондарды _____

(локомотивтің маркасы, үлгісі)

локомотиві береді. Одан арғы қозғалысты _____
(тиеу, түсіру орындары бойынша орналастырылуын немесе жоқтығын
к ө р с е т у қ а ж е т)

_____ локомотиві жүргізеді.

9. Жүктер мен вагондарды өткізу мен қабылдау _____

_____ негізінде жүргізіледі.

(құжаттың түрі)

10. _____ үшін _____ кірме

(а й , т о қ с а н , ж ы л)

жолға (дан) келген және кеткен вагондардың мәлімделген саны.

11. Тармақ иеленушінің кірме жолына бір мезгілде берілетін вагондар саны _____ вагоннан (осьтің) аспайтын болып белгіленеді .

12. _____ вагонның тиеу-түсіру орындарының сыйымдылығы.

13. _____ вагонның (осьтің)

маневрлік жылжулары мен тиеу-түсіру жөніндегі жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі ескерілген жылжымалы құрамның тұрағына кірме жолдың с ы й ы м д ы л ы ғ ы .

14. Кірме жолға келетін және одан кететін вагондардың санын тармақ иеленуші тармақ пайдаланушының қатысуымен тіркейді және есепке алады, ол үшін екі данада акт (немесе ведомость) жасалады, оның біреуі тармақ иеленушіде қалады, екіншісі тармақ пайдаланушыға беріледі. Бір ай ішіндегі

жұмыстың қорытындылары бойынша, ол тармақ пайдаланушыға (уақытты есепке алу карточкасын міндетті түрде ресімдей отырып) шот беру үшін негіз болып табылатын орындалған жұмыстардың актісі жасалады.

Кірме жолға жылжымалы құрамды беру және кірме жолдан вагондарды әкету нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес айқындалатын уақыт аралығы арқылы жүргізіледі.

15. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды оның құрылысы кезеңінде, табиғи-климаттық жағдайлар күрт өзгерген жағдайда ұсыну кірме жол жұмысының қысқа мерзімді шартының талаптарында жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Есеп айырысулар тәртібі

16. Қызметтерге ақы төлеу табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

17. Қызметтерге ақы төлеуді тармақ пайдаланушы жұмыстардың мәлімделген (келісілген) көлемі құнының 50% алдын ала ақы төлеу шарттарында жүргізеді.

18. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсеткені үшін түпкілікті есеп айырысу ай сайын көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемі жөніндегі актілерге және берілген шот-фактураларға тараптар қол қойғаннан кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

19. Тармақ иеленуші:

1) тармақ пайдаланушы осы шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда, тармақ пайдаланушының осы қызметтер көрсетуді іс жүзінде тоқтатқанға дейін кемінде бес күн бұрын жазбаша хабардар етілуі шартымен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтер көрсетуді тоқтатуға;

2) Ұсынылатын қызметтер үшін уақтылы ақы алуға;

3) тармақ пайдаланушының кінәсінен келтірілген залалдың орнын толтыруды

4) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті органның актісімен расталған оның қанағаттанғысыз жай-күйі болған жағдайда, жоспарлы жұмыстар енгізілгенге дейін кемінде бес күн бұрын тармақ пайдаланушыны жазбаша хабардар ете отырып, кірме жолды жөндеуге жабуға;

5) тармақ пайдаланушы жиырма күннен асатын мерзімге төлемдерді кешіктірген жағдайда, осы шартты бұзуға бастамашылық етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге

қ ұ қ ы л ы .

20 . Т а р м а қ и е л е н у ш і :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары , тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген, жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдың қызметтерін ұсыну жағдайларын қоспағанда тармақ пайдаланушыларға тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдың қызметтері ұсыну бойынша қол жеткізудің тең жағдайларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұ с ы н у ғ а ;

2) қызметтер көрсетуді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес қамтамасыз етуге;

3) қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері болмаған жағдайларды және кірме жолда жүру қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларды қоспағанда, тармақ пайдаланушы қызметтердің мәлімделген көлемдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Тармақ пайдаланушы кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтердің мәлімделген көлемдерін іс жүзіндегі мүмкіндіктерден арттырған жағдайда, тармақ иеленуші Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз е т е д і ;

4) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен санына есеп және бақылау жүргізуге, қызметтер көрсетудің бұзушылықтарын алдын алу және жою жөнінде у а қ т ы л ы ш а р а л а р қ а б ы л д а у ғ а ;

5) кірме жолды, бағыттамалық бұрмалар мен өтпелерді, оның құрылыстарды мен құрылғыларын ағымдағы ұстауды, оларға күрделі, орташа және көтеру ж ө н д е у л е р і н жү р г і з у г е ;

6) кірме жолды қардан, шөптен және ластанулардан темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нормативтік құқықтық кесімдерінің ш е г і н д е т а з а л а у д ы жү р г і з у г е ;

7) кірме жолдардың Техникалық пайдалану ережесінің және санитарлық нормалар мен өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарына сәйкестігін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

8) тармақ пайдаланушыны қызметтерге тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен к е ш і к т і р м е й х а б а р д а р е т у г е ;

9) тармақ пайдаланушыны себептерін көрсете отырып, кірме жолдарға вагондарды қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешімдер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген м е р з і м д е х а б а р д а р е т у г е ;

10) өзіне тиесілі кірме жолдарды күзетуді қамтамасыз етуге;

11) кірме жолдарға темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды жібермеуге;

12) тармақ пайдаланушымен өзара қатынастарда Қазақстан Республикасы заңнамасының т а л а п т а р ы н с а қ т а у ғ а ;

13) тармақ пайдаланушыға тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ технологиялық операцияларда көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөнінде қызметтер көрсетуге байланысты емес қызметтерді, сондай-ақ үшінші тұлғалармен міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша шарттарды таңбауға;

14) кірме жолды жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда ұсыну жағдайында, тармақ пайдаланушыға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тежегіш башмактарды ұсынуға ;

15) кірме жолды жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда ұсыну жағдайында тармақ пайдаланушының жылжымалы құрамын күзетуді қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

21. Тармақ пайдаланушы :

1) кірме жолдардың қызметтерін пайдалануға тең құқық алуға;
2) осы Шарттың талаптарына сәйкес тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да тасымалдау процесінің технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына сәйкес белгіленген сапада алуға ;

3) тармақ иеленушіден қызметтерге арналған тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) өзгергені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей ақпарат алуға;

4) тармақ иеленушінің кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге ;

5) тармақ пайдаланушыны қабылданған кірме жолдарға вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу шешімдері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде себептерін көрсете отырып, хабардар етуге ;

6) тармақ иеленушімен өзара қатынастарда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға ;

7) тармақ иеленушінің осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы .

22. Тармақ пайдаланушы :

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес тармақ иеленушінің қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) темір жол көлігі саласындағы уәкілетті органның кірме жолдарды пайдалану бөлігіндегі талаптарын сақтауға;

3) тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді алудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктерінің болмауы жағдайларын және тармақ иеленушінің кірме жолда қауіпсіз емес қозғалысы жағдайын қоспағанда, мәлімделген көлемдердің орындалуын қамтамасыз етуге;

4) осы Шарт бойынша тармақ иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға құқықтар бермеуге және табыс етпеуге;

5) есеп айырысу айынан кейінгі әрбір айдың бесінші күніне дейін есепті кезең

үшін өзара есеп айырысуларға салыстыру жүргізуге;

б) бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамы тұрағының қызметтерін алу кезінде тежегіш башмақтарының сақталуын және жылжымалы құрамның бекітілуінің дұрыстығын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

23. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

24. Осы Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

25. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, тармақ пайдаланушы тармақ иеленушіге төлем күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

26. Белгіленген мерзімде қызметтер ұсынылмаған жағдайда, тармақ иеленуші тармақ пайдаланушыға шарт бойынша қызмет жүзеге асырылуға тиіс уақыттан бастап қызмет іс жүзінде басталған уақытқа дейін алдын ала төленген сомадан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

6. Форс-мажорлық мән-жайлар

27. Осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының (дүлей зілзала, әскери қимылдар, ереуілдер немесе алдын ала көздеу немесе алдын алу мүмкін болмайтын өзге мән-жайлар) салдарынан болып табылса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

28. Еңсерілмес күштің мән-жайларына сілтеме жасайтын тарап екінші тарапты 48 (қырық сегіз) сағаттың ішінде құзыретті орган берген растайтын құжатты екінші тараптың талабы бойынша ұсына отырып, осындай мән-жайлардың басталғаны туралы да, аяқталғаны туралы да хабардар етуге міндетті.

29. Егер тараптардың бірі Шарт бойынша өз міндеттемелерін еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде орындауға

жағдайы болмаса, екінші тарапты болжанып отырған шартты бұзу күніне дейін кемінде он күнтізбелік күн ішінде алдын ала жазбаша хабардар етуі шартымен, екінші тараптың Шартты бұзуға құқығы бар. Бұл ретте тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

7. Жалпы ережелер

30. Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, тарап бұл туралы екінші тарапты отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша түрде е с к е р т у г е т и і с .

31. Почта және банктік деректемелері өзгерген жағдайда тарап бұл туралы екінші тарапқа көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілген сәттен бастап бес жұмыс күннің ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

32. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар екі данада ж а с а л а д ы .

33. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданысын тоқтату тәртібі

34. Шарт 200__ жылғы " __ " _____ 00-00 сағаттан бастап күшіне енеді және 200__ жылғы " __ " _____ 24-00 сағатты қоса, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде - олар толық орындалғанға дейін қолданылады.

35. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

36. Шарттың қолданылуы тараптардың келісімі бойынша Шарттың ажырамас қосымшасы ретінде қосымша келісім жасасу не жаңа шарт жасасу жолымен ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

37. Тараптардың келісімі бойынша Шарт осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен т о л ы қ т ы р ы л у ы м ү м к і н .

38. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы өзгерген, жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдарды ұсынудың тәртібі мен шарттарын өзгертетін нормативтік құқықтық кесімдер қабылданған жағдайда, тараптар осы Шартты осындай кесімдер заңдық күшіне енген сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде Шарттың мәтініне қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізу жолымен аталған кесімдердің талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

9. Тараптардың заңды мекен-жайлары, банктік деректемелері мен қолтаңбалары

Тармақ иеленуші:

Тармақ пайдаланушы:

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 28 қарашадағы

1194 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.22 N 727 ; өзгерту енгізілді - 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

Суды магистральдық құбыр жолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған үлгі шарт

200__ жылғы "____" _____

(шарттың жасалған орны)

бұдан әрі, Қызмет беруші деп аталатын _____

атынан

(суды магистральдық құбыр жолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметті ұсынатын табиғи монополия субъектісінің атауы)

_____ негізінде әрекет ететін

_____ бір тараптан және

(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

бұдан әрі тұтынушы деп аталатын _____

(тұтынушының деректемелері, құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні мен берген орган)

атынан _____

(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

екінші тараптан, бұдан әрі Тараптар деп аталатын мына төмендегілер туралы осы Үлгі шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасы - жекеменшік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша иеленушілердің арасындағы магистральдық құбыр жолы және (немесе) арна жүйесінің элементтерін бөлу с ы з ы ғ ы ;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы - Тараптардың келісімімен белгіленетін жүйелер элементтерін пайдаланғаны үшін міндеттер (жауапкершілік) белгісі бойынша магистральдық құбыр жолы және (немесе) арна жүйесінің элементтерін бөлу сызығы. Осындай келісім болмаған жағдайда пайдалану жауапкершілігінің шекарасы теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша белгіленеді;

магистральдық құбыр жолы және (немесе) арна - суды бас тоғаннан таратушыларға дейін (суды магистральдық құбыр жолынан және (немесе) арнадан су пайдаланушылар топтарына жеткізу) жеткізуге арналған гидротехникалық құрылыстар кешені;

төлем құжаты - оның негізінде төлем жүргізілетін қызмет берушінің құжаты (есептеу құралы көрсеткіштерінің негізінде жасалған шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

тарифтің шекті деңгейі - орташа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге бекітілетін тарифтің ең жоғары шамасы;

есептеу құралдарын тексеру - есептеу құралдарының жай-күйін зерттеу, техникалық талаптарға сәйкес келетіндігін айқындау және растау, олардың көрсеткіштерін жазып алу, сондай-ақ пломбалардың болуы мен тұтастығын зерттеу мақсатында қызмет берушінің өкілі орындайтын операциялар жиынтығы;

есептеу құралы - заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген суды коммерциялық есептеуге арналған техникалық құрылғы;

есеп айырысу кезеңі - қызмет көрсеткені үшін тұтынушымен есеп айырысу жүргізілетін айдың бірінші күнінің 00-00 сағатынан бастап соңғы күнінің 24-00 сағатына дейінгі бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде Шартта айқындалған кезең;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

қызмет беруші - суды магистральдық құбырлар және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді ұсынатын (көрсететін) заңды немесе жеке тұлға.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Шарттың мәні

2. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет беруші тұтынушыға сапаға қойылатын мынадай талаптарға жауап беретін және төменде келтірілген көлемдерде:

Қызметтің сапасына қойылатын талаптар	Жылдық көлем, мың текше м.	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
	Барлығы, оның ішінде				

(магистральдық құбыр жолының және (немесе) арнаның атауы) магистральдық құбыр жолы және (немесе) арна арқылы суды беру жөнінде қызметтер көрсетуге (бұдан әрі - қызметтер) міндеттенеді.

3. Тұтынушы қызметті қабылдауға және Шарттың талаптарына сәйкес уақтылы төлем жасауға, сондай-ақ осы Шартта көзделген техникалық талаптарды орындауға міндеттенеді.

3. Қызметтер көрсетуді ұсыну шарттары

4. Тұтынушыға қызмет көрсету магистральдық құбыр жолының және/немесе арнаның _____ км учаскесінде жүргізіледі.
(учаскенің атауы)

5. Шарт тұтынушымен онда магистральдық құбыр жолының және (немесе) арнаның жүйелеріне (бұдан әрі - жүйелер) қосылған қажетті жабдық болған кезде жеке тәртіппен жасалады.

Заңнамада көзделген жағдайларда тұтынушы Шартты жасасу жөніндегі өзінің өкілеттіктерін үшінші тұлғаға беруге құқығы бар.

6. Пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы есептеу тораптарының алдындағы бұрудың басында орнатылған ысырмалар болып табылады.

7. Қызметтер беруді тоқтату:

1) авариялық жағдайда не азаматтардың өміріне және қауіпсіздігіне қауіп төнген;

2) қызмет берушінің жүйелеріне өз бетімен қосылған;

3) есеп айырысу кезеңінен кейінгі екі айдың ішінде қызметтер көрсету үшін төлем жасалмаған;

4) қызмет берушінің өкілдерін есептеу құралдарына бірнеше рет жібермеген;

5) құбыр жолдарына дезинфекция жүргізу қажет болған жағдайларда;

6) заңнамада және Тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда жүргізіледі.

Осы тармақтың 3), 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда қызмет беруді тоқтатқанға дейін кемінде бір ай бұрын тұтынушы хабардар етіледі.

8. Шарттың 7-тармағының 1) тармақшасында қызметтер беруді қалпына келтіру ескерілген жағдайда, қызмет беруші туындаған бұзушылықтарды қалпына келтіргеннен кейін жүргізіледі.

Шарттың 7-тармағының 2) тармақшасында ескерілген жағдайда тұтынушыны қосу қызмет берушінің жүйелеріне заңсыз қосылғаны үшін айыппұл төленгеннен , қызмет беруші жүйелеріне қосылуға арналған техникалық талаптарды орындағаннан және қосылу үшін төлем жасағаннан кейін жүргізіледі.

Тұтынушыға Шарттың 7-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін қызметтер ұсынуды тоқтатқан жағдайда қосу борышты өтегеннен және қосу үшін ақы төлегеннен кейін жүргізіледі. Қосу құны уәкілетті о р г а н м е н к е л і с і л е д і .

Бастапқы қосқаны үшін ақы алынбайды.

4. Қызметтердің құны және оған ақы төлеу тәртібі

9. Осы Шарт бойынша ұсынылған қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) немесе олардың шекті деңгейлері бойынша жүргізіледі.

10. Ақы төлеуді тұтынушы, егер Тараптар келісімінде өзгеше көзделмесе, нақты ұсынылған қызметтердің мөлшері үшін ай сайын төлем құжатының негізінде есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25 күніне дейінгі мерзімде жүргізеді.

5. Қызметтерді босату мен тұтынуды есепке алу

11. Босатылған қызметтің мөлшері белгіленген тәртіппен тексеруден өткен есептеу құралының көрсеткіштері арқылы анықталады. Құралдар _____

_____ (учаскенің (құбыр жолының) атауы)
_____ бастап _____ дейінгі кезеңге _____ орнатылған.

12. Тұтынушыны қызмет берушінің рұқсатымен есептеу құралдарынсыз уақытша тікелей қосуға жол беріледі. Мұндай жағдайда босатылған қызметтің мөлшерін Қызмет беруші тұтыну нормалары бойынша есеп айырысу жолымен б е л г і л е й д і .

13. Тұтынушының кінәсі болмай есептеу уақытша бұзылған кезде қызметтер көрсеткені үшін есеп айырысу өткен есеп айырысу кезеңінің орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

14. Тұтынушының кінәсінен көрсетілген қызметті есептеу көлемін бұзу

фактілері анықталған жағдайда, қызмет беруші қызметті тұтыну көлемдеріне соңғы тексеру жүргізген сәттен бастап анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан аспайтын, тәуліктің 24 сағаты ішінде ол жұмыс істеген кезде, құбыр жолының және (немесе) арнаның есептеу торабына дейін толық өткізу қабілеттігінің есебінен қайта есеп айырысу жүргізуге құқылы.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1 5 . Т ұ т ы н у ш ы :

1) белгіленген сападағы, оның денсаулығына қауіпсіз, оның мүлкіне зиян келтірмейтін және Шарттың талаптарына сәйкес қажетті мөлшерде қызметтерді а л у ғ а ;

2) қызмет берушінің заңнамаға қайшы келетін әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті органға және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;

3) қызметтерге арналған тарифтің (бағаның, алым ставкасының) немесе оның шекті деңгейінің жобасын талқылау үшін өткізілетін жария тыңдауларға қ а т ы с у ғ а ;

4) қызмет берушіден қызметтер көрсетуді тиісінше ұсына алмау салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді заңнамада белгіленген тәртіппен т а л а п е т у ғ е ;

5) ұлттық стандарттарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметтерді ұсынған жағдайда қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

б) егер қызмет беруші белгіленген тәртіппен шот бермесе, алынған қызмет үшін а қ ы т ө л е у д і жүргізбеуге;

7) қызмет берушіні бұл туралы бір айдан кешіктірмей жазбаша хабардар еткен жағдайда ұсынылған қызметке толық ақы төлеген кезде Шартты біржақты тәртіппен б ұ з у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қ а у л ы с ы м е н .

1 6 . Т ұ т ы н у ш ы :

1) қызметті беру айдың алдындағы айдың 15 күнінен кешіктірмей қызмет берушіге қызмет көрсетуге арналған айлық өтінім ұсынуға;

2) есептік тоқсан басталғанға дейін 45 күннен кешіктірмей жоспарланған айлық көлемдерге бөле отырып қызмет берушіге, қызмет көрсетуге тоқсандық ө т і н і м ұ с ы н у ғ а ;

3) ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей қызмет берушіге келесі күнтізбелік жылға қызмет көрсетуге арналған жылдық өтінімді;

4) қызмет берушіні осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген айлық, тоқсандық немесе жылдық өтінімдерді беру мерзімдерінен кешіктірмей алдағы айлық, тоқсандық немесе жылдық кезеңде қызмет берушіге қызметті тұтыну ниеттерінің жоқтығы туралы жазбаша хабардар етуге;

5) Шарттың талаптарына сәйкес ұсынылған қызметтерге уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

6) қызмет беруші белгілеген техникалық талаптарды орындауға;

7) қызмет берушіге қызметтерді пайдалану кезінде туындаған құрылыстың жүйелері мен есептеу құралдарының жұмысындағы ақаулар туралы, ал жүйелердің құрылыстары бұзылған кезде - төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жергілікті органдарға, мемлекеттік өртке қарсы қызметке, санитарлық-эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғау қызметіне дереу хабарлауға;

8) қызмет беруші өкілдерінің көрсеткіштерді жазып алу, жүйелердің, құралдар мен жабдықтардың техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін есептеу құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

9) қызметтерді тұтыну кезінде техника қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтауға;

10) есептеу құралдарының дұрыстығын тұрақты бақылауға, есептеу тораптарындағы, ысырмалардағы, бұру желілеріндегі және оның аумағында орналасқан және Қызмет беруші пломба салған өзге құрылғылардағы пломбалардың тұтастығы мен сақталуын қамтамасыз етуге, оның қарамағындағы немесе қызмет көрсетудегі пайдаланылып отырған сумен жабдықтау жүйелерінің сақталуын, тиісінше техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

11) қызмет берушіні қызметті тұтыну көлемдерінің барлық болжанып отырған өзгерістері туралы хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

7. Қызмет берушінің құқықтары мен міндеттері

17. Қызмет беруші:

1) тұтынушы заңнамаға сәйкес сақтауға міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) қызметтерге арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін олардың қолданысы кезеңінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендетуге;

3) нәтижесінде қызмет беруші шығындарының құны өсетін, Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда қызметтер

ұсынуға арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен көтеруге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есептеу құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және тексерулерді ұйымдастыруға;

5) ұсынылған қызметтер үшін уақтылы және толық көлемде ақы алуға;

6) есептеу құралдары көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру үшін өз өкілінің (куәлігі болған кезде) тұтынушының өкілімен бірлесіп бас тоғанның құрылысына қол жеткізуге;

7) егер ол магистральдық құбыр жолының және (немесе) арнаның немесе оның инфрақұрылымының қосымша қуатын салуды талап етпесе, Шарттың 2-тармағында көзделгеннен артық қызметтің қосымша көлемдерін жеткізу мүмкіндігін қарауға құқығы бар.

18. Қызмет беруші:

1) Шарттың талаптарына сәйкес тұтынушыға қызметтерді сапалы, уақтылы және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуге;

2) жасалған шарттардың талаптарына сәйкес қызметтердің есептеу құралдарын сатып алуға және орнатуға;

3) ұсынылатын қызметтердің есебін жүргізуге және сапасы мен мөлшерін бақылауға, қызметтер ұсынудың бұзушылықтарының алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

4) нәтижесінде қызмет беруші шығындарының құны кемитін, Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда, көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілген күнінен бастап, ұсынылатын қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен төмендетуге;

5) тұтынушыға есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде ұсынылатын қызметтерге ақы төлеуге арналған төлем құжатын ұсынуға;

6) тұтынушыларды тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы оларды қолданысқа енгізгенге дейін отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге;

7) тұтынушының негізделген талаптары бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін 24 сағаттың ішінде қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға;

8) тұтынушыны қызметті беруді тоқтатуға байланысты магистральдық құбыр жолдарында және (немесе) арналарда жоспарлы-ескерту және жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы 24 сағат бұрын ескертуге міндетті. Бұл ретте қызмет беруші тұтынушыға қызметті беруде 24 сағаттан асатын үзілістерге жол

бермеуге

міндеттенеді;

9) тұтынушының жүйелерін, есептеу құралдарын қарау кезінде, сондай-ақ есептеу құралдарының көрсеткіштерін алған кезде қызметтік куәлігін көрсетуге;

10) тұтынушыны қызметті көрсету көлемдерінің барлық болжанып отырған өзгерістері туралы хабардар етуге міндетті.

8. Тараптарды шектеу

19. Тұтынушыға:

1) қызмет берушінің келісімінсіз жүйелер мен есептеу құралдарының құрылыстарын қайта жабдықтауға;

2) қызметтердің қолда бар есептеу схемасын бұзуға тыйым салынады.

20. Қызмет берушіге:

1) теріс пиғылды тұтынушылардың қызметтерді пайдаланған көлеміне ақы төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынадан бас тартуға;

2) ұсынылған қызмет үшін уәкілетті орган белгілегеннен артық ақы алуға;

3) тұтынушыдан тиісті төлем құжаттарын ұсынбай қызметтерге ақы төлеуді, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер үшін алдын ала ақы төлеуді талап етуге;

4) мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге тыйым салынады.

21. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не өзге де түрде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

9. Тараптардың жауапкершілігі

22. Жабдықты тиісінше ұстау үшін жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекаралары бойынша айқындалады.

23. Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа келтірілген залалдың орнын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толтырады.

24. Ұсынылған қызметтер үшін төлемнің мерзімі өткен жағдайда, тұтынушы Шартқа сәйкес (Шарттың 27-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасынан аспайтын мөлшерде осы сомаларды төлеу күніне қолданылатын, әрбір мерзімі өткен күн үшін, бірақ негізгі борыштың сомасынан аспайтын

тұрақсыздық айыбын төлейді.

Қызмет кешіктіріп және сапасыз ұсынылған жағдайда, қызмет беруші Шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасынан аспайтын мөлшерде көрсетілмеген қызметтің сомасынан осы сомаларды төлеу күніне қолданылатын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу тұтынушымен Шарт жасасқан кезде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеудің басталу мерзімі, егер Тараптардың келісімімен өзгеше ескерілмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 26 күні болып табылады.

25. Егер қызмет беруші үшін тұтынушыға қызмет берушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен қызметті ұсынуы мүмкін болмаса, тұтынушы алдында қызмет беруші жауапты болады.

26. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

27. Тараптардың келісімі бойынша тұтынушыға ол жазбаша өтініш жасаған кезде, өсімпұл есептеу жөніндегі мерзім ұзартылуы мүмкін.

10. Форс-мажорлық мән-жайлар

28. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл форс-мажорлық мән-жайлардың, яғни еңсерілмес күш мән-жайларының (табиғи апаттың немесе болжау немесе алдын алу мүмкін емес өзге де мән-жайлардың), сондай-ақ әскери іс-қимылдардың, ереуілдер мен шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамауға әкелетін басқа да жағдайлардың салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар туындаған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бір-бірін бұл туралы тиісті уәкілетті ұйым растаған форс-мажорлық мән-жайлардың басталған күні мен сипаттамасын нақтылайтын жазбаша түрдегі хабарламаны кейіннен бере отырып не почтамен жіберу арқылы хабардар етеді.

Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмес күш мән-жайларының әрекет ету мерзіміне, бірақ осындай жағдайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмес күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде жиырма күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлаған кезде Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

11. Жалпы ережелер және дауларды шешу

29. Тараптар өздерінің құқықтық қатынастарында Шартты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

30. Шарт (мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық органдарында тіркеледі және ол тіркелген сәттен бастап күшіне енеді) _____ бастап күшіне енеді.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұтынушылар үшін Шарттың қолданыс мерзімі, егер Тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе, мерзімсіз болып табылады, ал мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

31. Шарттың талаптарын бұзу немесе өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жүргізіледі.

32. Тараптардың арасындағы келісімге қол жеткізбеген жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

33. Шарт Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 данада жасалады.

34. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шарттың нормаларына қайшы келмейтін басқа талаптармен толықтырылуы мүмкін.

35. Шартта ескерілмеген Тараптар арасындағы қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.

11. Тараптардың деректемелері

Қызмет беруші:

Тұтынушы:

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 28 қарашадағы
N 1194 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 22 тамыздағы N 727 Қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Оператор", "Оператордың", "Операторға", "Оператормен", "байланыс Операторының" және "Операторды" деген сөздер "

Жалға алушы", "Жалға алушының", "Жалға алушыға", "Жалға алушымен", "Жалға алушының" және "Жалға алушыны" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беруге арналған үлгі шарт

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

_____ 200__ жылғы "____" _____
(шарттың жасалған орны)
бұдан әрі, Жалға беруші деп аталатын _____ атынан
_____ (субъектінің атауы)
_____ негізінде әрекет ететін
_____ бір тараптан және
(лауазымы, Т.А.Ә.)
бұдан әрі Жалға алушы деп аталатын _____
(субъектінің қызметтерін
тұтынушының атауы)
атынан _____
(лауазымы, Т.А.Ә.)
екінші тараптан, бұдан әрі Тараптар деп аталатын мына төмендегілер туралы осы
Үлгі шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

рұқсаттама-жүктелім - Жалға алушының пайдалануына берілген телефон (кәбілдік) кәрізінде салынған байланыс кәбіліне жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге Жалға берушінің жазбаша келісімі;

телефон (кәбілдік) кәрізі - байланыс кәбілдерін салуға, монтаждауға және оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған жерасты құбыр жолдары мен құдықтарының жиынтығын білдіретін кәбілдік кәріз;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Шарттың мәні

2. Шарт Жалға беруші телефон (кәбілдік) кәрізін Жалға алушыға онда байланыс кәбілдерін салуға және оны Шартқа сәйкес пайдалануға берген кездегі Тараптардың өзара қарым-қатынастарын айқындайды.

3. Шарт Жалға алушымен жеке тәртіппен жасалады.

3. Телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру шарттары

4. Жалға беруші телефон (кәбілдік) кәрізін нормативтік-техникалық актілерге және стандарттарға сәйкес пайдалануға береді.

5. Жалға алушы Шарт бойынша берілген телефон (кәбілдік) кәрізін үшінші тұлғалардың пайдалануына беруге құқылы емес.

6. Телефон (кәбілдік) кәрізінің пайдалануға берілген арналарының орналасқан схемасы және олардың арна/км ұзақтығы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оның қосымшасында көрсетіледі.

7. Жалға алушының байланыс кәбілі Жалға беруші Жалға алушыға берген техникалық шарттарға сәйкес телефон (кәбілдік) кәрізін жалға беретін бөлігінде салынуға тиіс.

8. Телефон (кәбілдік) кәрізінің құбыр жолын қосымша салу бойынша жұмыстарды орындау қажет болған жағдайда, Жалға алушы Жалға берушінің келісімімен соңғыға осы жұмыстардың орындалуына ақы төлей алады.

4. Тараптардың міндеттері

9. Жалға беруші :

1) Жалға алушының кінәсінен емес болған, Жалға алушыға пайдалануға берілген телефон (кәбілдік) кәрізінде авария болған жағдайда, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған телефон (кәбілдік) кәрізі жұмысында анықталған авариялар мен бұзушылықтар туралы екіжақты хаттаманың негізінде авариялардың себептерін жою бойынша барлық қажетті шаралар қабылдауға;

2) Жалға алушының кінәсінен емес туындаған, Жалға алушының пайдалануына берілетін телефон (кәбілдік) кәрізінің барлық ақаулары мен зақымдануларын жоюға ;

3) Жалға алушының пайдалануына берілген телефон (кәбілдік) кәрізінде салынған байланыс кәбілін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге Жалға алушыға рұқсаттама-жүктелім беруге;

4) Жалға алушыға кәбіл салу мүмкіндігі берілген телефон (кәбілдік) кәрізіне келтірілген кез келген зақымдану, авария туралы Жалға алушыны дереу хабардар етуге және мүмкіндігінше телефон (кәбілдік) кәрізінің одан арғы бұзылу немесе

зақымдану қаупінің алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға;
5) Жалға алушыға телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге есепті айдың 25 күніне дейін шот беруге;
6) Жалға алушы Жалға берушінің телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалану процесінде туындаған өзге де мәселелерді шешуге міндетті.

10. Жалға алушы :

- 1) рұқсаттама-жүктелім болған кезде Жалға алушының пайдалануына берілетін телефон (кәбілдік) кәрізінде кез келген жұмыстар жүргізуге;
- 2) Шартқа сәйкес телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалану бойынша қызметтерге у а қ т ы л ы а қ ы т ө л е у г е ;
- 3) Жалға алушының пайдалануына берілген телефон (кәбілдік) кәрізін, оның мақсатына сәйкес пайдалануға;
- 4) Жалға берушінің жазбаша келісімімен ғана телефон құдықтарында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге;
- 5) Жалға алушыға кәбіл салу мүмкіндігі берілген телефон (кәбілдік) кәрізіне келтірілген кез келген зақымдану, авария туралы Жалға берушіні дереу хабардар етуге және мүмкіндігінше телефон (кәбілдік) кәрізінің одан арғы бұзылу немесе зақымдану қаупінің алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

5. Өзара есеп айырысулар тәртібі

11. Телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін Тараптардың арасындағы есеп айырысулар уәкілетті орган бекіткен тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) сәйкес жүргізіледі.

12. Телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) болмаған кезде, төлемақы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

13. Жалға алушыға телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру жөніндегі қызметтерге берілген қосымша қызметтердің құны Шарттың тиісті қосымшасында көрсетілуге тиіс.

14. Телефон (кәбілдік) кәрізін беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) өзгерген жағдайда, Жалға беруші Жалға алушыны жаңа тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) енгізілгенге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етеді.

15. Егер Жалға алушы өзгерген тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бойынша телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануды жалғастыруға келісім бермесе,

ол бұл туралы Жалға берушіні тарифтердің өзгергені туралы хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде хабардар етуге міндетті.

Мұндай жағдайда Жалға беруші пайдалануды жалғастырудан бас тарту туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін немесе ол болмағанда телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтатуға құқылы.

16. Телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеуді Жалға алушы Жалға беруші берген шоттың негізінде ай сайын телефон (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беру жөніндегі қызметтерді алған айдың бірінші күнінен бастап, бірақ есептіден кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей жүргізеді.

17. Жалға алушы Шарт бойынша төлемді үш айдан астам мерзімге кешіктірген жағдайда, Жалға беруші Шарт бойынша қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

18. Шартты бұзғанға дейін реттелмеген қаржылық өзара қарым-қатынастар, ол бұзылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

6. Тараптардың жауапкершілігі

19. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

20. Телефон (кәбілдік) кәрізінің жұмысында Жалға алушының кінәсіз кез келген бұзушылықтар және (немесе) ол бос тұруы туындаған жағдайда, бос тұруы кезеңіне төлемақы алынбайды.

21. Шартқа сәйкес төлем мерзімдері бұзылған жағдайда, Жалға алушы Жалға берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін осы сомаларды төлеу күні қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 есе қайта қаржыландыру ставкасына сүйене отырып, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

22. Егер Жалға алушы Жалға берушінің телефон кәрізіне нұқсан келтірсе, оның нәтижесінде Жалға беруші залал шексе, Жалға алушы тікелей залалдардың толық құнын өтейді.

23. Егер Жалға беруші Жалға алушының телефон кәрізіндегі байланыс кабеліне нұқсан келтірсе, оның нәтижесінде Жалға алушы залал шексе, Жалға беруші тікелей залалдардың толық құнын өтейді.

24. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгенін бұзған жағдайда,

тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу және тікелей залалдар мен шығыстарды өтеу осы Шарт бойынша тиісті міндеттемелерді тиісінше орындау міндетінен босатпайды.

7. Форс-мажор

25. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдарынан болып табылса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда, Тараптардың бір де біреуі залалды өтеуге құқығы жоқ. Бұл жағдайда, Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі еңсерілмес күш мән-жайлары басталғанға дейін Шарт бойынша туындаған міндеттемелерден босатылмайды.

26. Егер осындай мән-жайлардың кез келгені Шартта белгіленген мерзімде міндеттемелерді орындауға тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті мән-жайдың әрекет ету уақытына ұзартылады.

27. Форс-мажордың туындау себебі бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

28. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

Форс-мажор мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап оларды растайтын Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органның құжатын ұсынады.

29. Форс-мажор 3 айдан астам жалғасқан жағдайда, Тараптардың кез келгені басқа Тараптың атына жолданған алдын ала жазбаша хабарламамен Шартты бұза алады.

8. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту мен бұзу тәртібі

30. Шарт 20__ " __" _____ бастап күшіне енеді және Шартты бұзудың болжанып отырған мерзіміне дейін 30 күнтізбелік бұрын Жалға берушіге жолданған Жалға алушының жазбаша хабарламасы бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың барлық қаржылық міндеттемелері Шарттың бұзылатын күніне дейін толық көлемінде орындалуы тиіс.

31. Жалға беруші Шартты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың шешімі бойынша және Шарттың 15-тармағында көзделген жағдайда б ұ з у ғ а қ ұ қ ы л ы .

32. Тараптардың келісімі бойынша Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ережесіне қайшы келмеуге тиіс, қосымша келісім түрінде ресімделеді, Тараптардың уәкілетті өкілдері қолдарын қояды және Тараптардың мөрлері басылады.

9. Дауларды шешу

33. Тараптар келіссөздер жолымен барлық дауларды реттеу үшін барлық күш - жігерін жұмсайды.

34. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Шартты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұзуға құқылы.

35. Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

36. Шарт бойынша Тараптар бір-біріне жолдайтын барлық хабарламалар және (немесе) хабарлар, егер олар жазбаша түрде жасалса, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметпен жіберілсе немесе оларды алғандығы туралы белгімен Тараптардың шартта көрсетілген мекен-жайлары бойынша қолына берілсе, күшінде болады және жеткізілді деп саналады.

37. Хабарламаларды және (немесе) хабарларды, егер хабар және (немесе) хабарлама жедел шешім қабылдауды талап ететін шұғыл сипатта болса (байланыс әрекетінің тоқталуы, профилактикалық жұмыстар, авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және т.б.), Шарттың 36-тармағында көрсетілген тәртіппен кейіннен жолдай отырып, факс арқылы жіберуге жол беріледі.

38. Хабарламаны және (немесе) хабарды алынған күн болып факс арқылы жолданған күн немесе хабарламаны және (немесе) хабарды алушы Тарап - адресатқа жеке табыс еткен күн саналады. Егер хабарламада және (немесе) хабарда өзгеше көрсетілмесе, алуы бойынша хабарлама және (немесе) хабар жеткізілді деп есептеледі.

39. Тараптар бір-бірін өз атауының, заңды мекен-жайының, іс жүзінде орналасқан жерінің және Шарттың талаптарын орындауға қажетті өзге де деректемелерінің өзгергені туралы жедел хабардар етеді.

40. Шарт Тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар 2 данада жасалады.

10. Тараптардың деректемелері

Жалға беруші:

Жалға алушы:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК